**Э.С. Алимкулова, Ұ.Р. Маханбетова**

# МАКРОЭКОНОМИКАДАҒЫ ПРОБЛЕМАЛАР

**Оқу құралы**

**«Тұран» баспаханасы**

**Түркістан-2018**

**УДК 334 (075)**

**ББК 65.29 я 7**

**Т 90**

**Пікір жазғандар:**

**Нұрымбетов Т.Я.** – экономика ғылымдарының докторы, профессор

**Мизамбекова С.К.** – экономика ғылымдарының докторы, профессор

**Алимкулова Э.С., Маханбетова Ұ.Р.**

**Макроэкономикадағы проблемалар:** *Оқу құралы.* – Түркістан: Тұран, 2018. – 155 б.

Бұл оқу құралында «Макроэкономикадағы проблемалар» курсының мазмұны сызбалар мен практикалық тапсырмалар негізінде ашып көрсетілген. Оқу құралын ЖОО оқутышылары мен білім алушылары пәнді оқып үйрену үшін және білім деңгейін тексеру үшін қолдануларына болады.

**УДК 334 (075)**

**ББК 65.29 я 7**

© Алимкулова Э.С.,

Маханбетова Ұ.Р.

© «Тұран» баспасы, 2018

## Мазмұны


| | | |
|---|---|---|
| | Кіріспе | 4 |
| Тақырып 1. | Ұлттық экономиканың мәні және құрылымы | 5 |
| Тақырып 2. | Ұлттық есептеу жүйесі. Макроэкономикалық көрсеткіштер | 13 |
| Тақырып 3. | ЖҰӨ және қоғамдық әл-ауқат | 22 |
| Тақырып 4. | Циклділік нарықтық экономиканың даму формасы ретінде | 30 |
| Тақырып 5. | Жұмыссыздық: мәні, түрлері, өлшеу және шығындары | 36 |
| Тақырып 6. | Инфляция: мәні, себептері, өлшеу және формалары | 44 |
| Тақырып 7. | Жиынтық сұраныс және жиынтық ұсыныс | 56 |
| Тақырып 8. | Тұтыну, жинақтау және инвестициялар | 68 |
| Тақырып 9. | Мемлекеттік бюджет. Бюджет тапшылығы және мемлекеттік қарыз | 79 |
| Тақырып 10. | Бюджет-салық (фискалдық) саясат | 89 |
| Тақырып 11. | Ақша-несие (монетарлық) саясат | 97 |
| Тақырып 12. | Экономикалық өсу және оның қарама-қайшылықтары | 107 |
| Тақырып 13. | Қазіргі бүкіл әлемдік шаруашылық және жаһандану экономикасының проблемалары | 117 |
| Тақырып 14. | Әлемдік нарық және халықаралық сауда | 127 |
| Тақырып 15. | Халықаралық валюталық қатынастар | 139 |
| | Әдебиеттер | 154 |


## Кіріспе

Оқу құралы «Экономика» мамандығының оқу бағдарламасына сәйкес жасалған. Тақырыптардың мөлшері мен орналасуы «Макроэкономикадағы проблемалар» пәнінің оқу бағдарламасына сай құрылған. Әрбір тақырып негізгі сұрақтардан басталады. Бұл сұрақтар пәнді оқып-үйрену бағдарламасына көмектеседі. Содан соң тақырыпқа қысқаша шолу жасалады, бұл – негізінен тақырып конспектісі. Мұндағы ақпарат-шолу оқушылардың назарын негізгі сұрақтар мен логикалық талдауға шоғырландырады. Ол сызбалармен беріліп, онда негізгі түсініктер мен анықтамалар көрнекі және жинақ түрінде беріледі. Сызбалар оқушыларға оқу ақпаратын әр түрлі әдістер мен тәсілдерде жеткізуге көмектеседі, сызбаларды оқытушы жаңа оқу материалдарын түсіндіргенде қолдана алады. Әрбір тақырып практикуммен аяқталады. Мұнда білім алушы түрлі экономикалық талдаумен танысып, қарастырып отырған мәселелерді қандай деңгейде оқып меңгергенін анықтай алады.

Курстың мақсаты – білім алушылардың экономикалық ойлау қабілетін дамыту, сонымен қатар әрі қарай оқу процесінде экономикалық талдаудың логикасы мен формальды әдістерін қолдану мүмкіндігін дамыту.

Курстың арнайы мақсаттары: білім алушыларды модельдерді графикалық түсіндіруді көздейтін проблемалық деңгейде макроэкономикалық талдау негіздеріне оқыту; қазіргі заманғы экономикалық проблемаларды шешуде макроэкономикалық құралдарды пайдалану дағдыларын қалыптастыру; тарихи перспективадағы экономикалық проблемаларды талдауға дағдыландыру; макроэкономика саласындағы студенттердің білімін кеңейту; білім алушылардың экономикалық әдебиетте талқыланатын макроэкономика мәселелерін түсіну және сыни тұрғыдан түсіну қабілеттерін дамыту, сондай-ақ өз ойларын жазбаша түрде (эссе) дәйекті және сауатты жазуға үйрету. Бағдарлама курстың мазмұнын, әдебиеттер тізімін, әр тақырыпқа арналған негізгі түсініктер мен тапсырмалар, практикалық тапсырмалар мен тест сұрақтарды қамтиды.

## Тақырып 1. Ұлттық экономиканың мәні және құрылымы

1. Ұлттық экономика түсінігі.
2. Макроэкономикалық талдаудың әдістері
3. Макроэкономикалық үлгілер

## 1. Ұлттық экономика түсінігі

Жалпы экономика ғылымы екі басты бөлімнен тұрады: микроэкономика және макроэкономика.

Микроэкономика – бұл кәсіпорынның шаруашылық іс-әрекетін, қызметін зерттейтін ғылым. Ал макроэкономика – жалпы елдің экономикалық жүйесіндегі қызметтердің мәселелерін қарастырады, барлық экономика үшін жалпы мәселелерді зерттейді. Экономикалық теорияның маңызды құрамдас бөлігі болып макроэкономика есептеледі. Макроэкономика сөзі екі грек сөздерден шыққан «макрос» - үлкен, «ойкономия» - шаруашылықты басқару деген мағынаны білдіреді. Макроэкономика экономиканы бір үлкен бүтін құбылыс ретінде қарастыратын ғылым. Ол экономикадағы іс-әрекеттерді біріктіріп жалпылама қарастырады. Макроэкономика – экономиканың инфляция, жұмыссыздық, экономикалық өсу секілді ірі масштабты экономикалық құбылыстарын зерттейтін бөлігі.

Сонымен макроэкономика дегеніміз, жалпы бір тұтас экономика туралы ғылым.

Макроэкономика нені зерттейді?

Макроэкономиканың микроэкономикадан айырмашылығы неде?

| Микроэкономика курсында | Макроэкономика курсында |
|---|---|
| Бағаны қалыптастырумен байланысты мәселелерді, яғни салыстырмалы бағалардың өзгерісін түсіндіру сияқты мәселелерді зерттейді. | Бағаларды алпы деңгейінің өзгеруін, яғни инфляция сияқты мәселелерді зерттейді. |
| Еңбек негізі өндіріс факторлары ретінде қарастырады<br>Еңбек нарығындағы тұрақтылық зерттеледі. | Экономикада жұмысбастылықтың жиынтық өлшемінің динамикасын және жұмыссыздық деңгейінің динамикасы зерттеледі. |

Макроэкономикалық теорияның пәні болып экономиканың бір ғана саласымен байланысты емес, экономиканың барлық салаларына қатысы бар макроэкономикалық құбылыстарды зерттеу табылады.

Сонымен, макроэкономика жалпы бір тұтас жүйе ретінде экономиканың жүріс-тұрысын қарастырады: инфляция, жұмыссыздық мәселелері және т.б., оның тұлғалары үкімет, кәсіподақ, банктер, өндірушілер мен тұтынушылар жалпы тұлға ретінде мемлекет көлемінде қарастырылады. Халық шаруашылығын жалпы сипаттайтын басты макроэкономикалық көрсеткіштер:

ұлттық байлық, жалпы ұлттық өнім, ұлттық табыс, жалпы ішкі өнім, жеке табыс, қолда бар табыс. Макроэкономикалық көрсеткіштер – ұлттық даму деңгейінің, оның жетістіктері мен артта қалушылық деңгейінің маңызды индикаторлары. Макроэкономикалық көрсеткіштер мемлекеттің белсенді ықпалына бейім, олардың көмегімен елдің экономикалық жағдайына әсер етеді.

## 2. Макроэкономикалық талдаудың әдістері

Макроэкономиканың негізгі мақсаты экономиканың жиынтық беталысын талдаудан тұрады. Ұлттық экономиканың проблемалары – бұл елдің нарықтық шаруашылығының жалпы көрінісін көрсететін макроэкономикалық талдаудың өрісі. Макроэкономикалық талдау ұлттық экономикада болатын өзгерістерді түсіндіруге, оның қызмет етуін жақсарту бойынша экономикалық саясатты жүзеге асыруға көмектеседі.

Макроэкономикалық талдау микроэкономикалық талдаумен тығыз байланысты, себебі макроэкономикалық құбылыстардың негізінде микроэкономиканың өзара байланыстары жатыр. Макроэкономикалық процестер мен құбылыстарды зерттеудің негізгі жолы болып модельдеу табылады.

Экономикалық модель (үлгі) – түрлі айнымалылардың өзара байланысын бейнелейтін теңдеулер мен графиктер көмегімен экономикалық нақтылықтың қысқартылған бейнесі. Экономикалық айнымалылар – әр түрлі мәндерге ие бола алатын өзгеретін өлшемдерді немесе ақша сомаларын айтамыз. Экономикалық үлгілер экономикалық шарттардың ең маңызды экономикалық айнымалыларға әсерін түсіндіруге тырысады.

Макроэкономикалық үлгі – әр түрлі экономикалық құбылыстар мен үрдіс арасында пайда болатын функционалды байланыстарды айқындау мақсатында құрылған жүйеленген сипаттама. Жалпылама үлгілердің арасында экономикаға әсер ететін ішкі (эндогенді) және сыртқы (экзогенді) экономикалық айнымалылардың көлемі анықталады.

Экзогенді айнымалылар – алғашқы ақпараттар, «сырттан» ендіріледі, ал эндогенді айнымалылар – кейінгі ақпараттар, олар үлгінің өзінде қалыптасады.

Үлгінің көмегімен қамтамасыз етілетін экономикалық мәселелерді шешудегі жан-жақтылық макроэкономикалық саясаттың икемділігін және баламалылығын арттырады.

## 2. Макроэкономикалық үлгілер

Макроэкономикалық үлгілер макроэкономикалық шамалар арасындағы өзара тәуелділіктерді түсіндіруге және экономикалық құбылыстар арасындағы себеп – салдарлық байланыстарды танып білуге мүмкіндік беретін функциялардан, графиктерден, формулалардан, сызбалардан және кестелерден

құралады. Ал макроэкономикалық үлгілерді құру үшін экзогендік және эндогендік айнымалылар қолданылады.

Экономикалық үлгі экономикалық айнымалылрдың арасында байланыстар орнатуға қажетті алғышарттардан тұрады. Үлгі қисынының, графиктің және математиканың көмегімен құрылған теориялардан белгілі бір қорытынды алуға пайдалыналады, ол өз кезегінде теория түсіндіруге тырысатын құбылыстардағы алғышарттардың салдарын анықтауға мүмкіндік береді. Сөйтіп, үлгіні экономикалық щарттардың өзгеруі және сатып алынатын игіліктердің құны мен көлеміне қандай өзгерістер еңгізетінін анықтау, жорамалдау үшін пайдаланамыз.

***Экономикалық айнымалылар*** деп әртүрлі мәндерге ие бола алатын өзгеретін өлшемдерді немесе ақша сомаларын айтамыз.Үлгіде мәндері берілген айнымалылар параметрлер деп аталады.

Экономикалық үлгілердің қорытындылары көбінесе болжамдар түрінде көрсетіледі. Бұл белгілі бір фактілермен расталатын немесе жоққа шығарылатын себептер мен салдардың көрінісі болып табылады.

***Макроэкономикалық үлгі*** - әртүрлі экономикалық құбылыстар мен үрдіс арасында пайда болатын функционалдық байланыстарды айқындау мақсатында құрылған жүйеленген сипаттама. Кез келген үлгі күнделікті өмірдің оңайлатылған бейнесін көрсетеді. Себебі макроэкономикалық зерттеу жүргізуде нақты өмірдің барлық жақтарын бір уақытта қарастыру мүмкін емес. Сондықтан да бірде-бір макроэкономикалық үлгі нақты, толыққанды болмайды. Ол нақты уақыт кезеңіндегі белгілі бір бағыттағы тек жалғыз ғана дұрыс жауапты бермейді. Бірақ осындай жалпылама үлгілердің арқасында экономикаға әсер ететін ішкі (эндогенді) және сыртқы (экзогенді) экономикалық айнымалылардың көлемі анықталады.

***Экзогенді айнымалылар*** - алғашқы ақпараттар, сырттан ендіріледі, ал *эндогенді айнымалылар* - кейінгі ақпараттар, олар үлгінің өзінде қалыптасады. Экзогенді айнымалылардың мәні үлгі құрылмай тұрып беріледі, ал эндогенді айнымалылар үлгінің ішіндегі есептеулердің нәтижесінде қалыптасады.

**Талқылау сұрақтары:**

1. Макроэкономика пәнінің ерекшелігі неде және оның микроэкономикадан айырмашылығын түсіндіріңіз?
2. Макроэкономикалық байланыстарда қандай секторлар өзара іс-әрекет етеді және олар қандай рөлді атқарады?
3. Сэй нарықтар заңының мәні неде және одан классиктер қандай қорытынды шығарған?
4. Қандай ғалымдар мен экономикалық мектептер макроэкономиканың дамуына аса маңызды үлес қоскан?

**Негізгі терминдер**

- макроэкономика
- микроэкономика
- макроэкономикалық талдау
- эндегенді айнымалылар
- экзогенді айнымалылар
- қор
- ағын
- макроэкономикалық үлгі
- макроэкономикалық саясат
- шеңбер айналым үлгісі
- ашық экономика
- жабық экономика
- агрегаттау.

## Тапсырмалар

*Тест тапсырмалары:*

1. Макроэкономика:
   A. Тауар құны мен сапасын зерттейді
   B. Ірі мәселелерді, яғни инфляция, жұмыссыздық және т.б. қарастырады
   C. Нарық механизмдерінің элементтерін зерттейді
   D. Жеке өндірістің ұйымдастырылуын талдайды
   E. Бәсекенің шектелу деңгейін қарастырады
   F. Ресурстардың шектеулігі мен бағасын анықтайды

2. Макроэкономика секторлары:
   A. Үй шаруашылығы
   B. Фирмалар
   C. Ақша нарығы
   D. Жеке сектор
   E. Қызмет көрсету және тауарлар нарығы
   F. Мемлекет

3. Макроэкономикалық талдаудың негізгі мәселелеріне жатады:
   A. Тауар нарығында сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігі
   B. Өндірушінің шығынын мейілінше төмендету
   C. Фирма пайдасын ұлғайту
   D. Толық жұмыспен қамтылу мен жұмыссыздық
   E. Жалақы мөлшерінің өсуі немесе құлдырауы

4. Ашық экономикада макроэкономикалық саясаттың мақсаты:
   A. Экономиканы ықтимал шығарылым деңгейіне шығару
   B. Бейрезиденттерге тауар мен қызмет сатудан түсетін барлық түсімді

көрсету
C. Ішкі және сыртқы тепе-теңдікке бір уақытта қол жеткізу
D. Ішкі макроэкономикалық реттеулер
E. Ауыспалы валюта бағамын көтеру
F. Сауда байланысының жай-күйін бейнелеу
G. Тіркелген валюта бағамы жағдайында капиталдың абсолютті икемділігі

5. Жабық экономикада:
A. Таза экспорт нөлге тең
B. Таза экспорт кемиді
C. Таза экспорт өседі
D. Сыртқы әлеммен экономикалық байланыс жоқ
E. Корпорациялар пайдасы өседі
F. Таза экспорт импортқа тең
G. Өнімдер экспортталмайды

6. Жалпылама макроэкономикалық үлгі:
A. Айналым үлгісі
B. Ұсыныс үлгісі
C. Позитивтік үлгі
D. Шығындар үлгісі
E. Нормативтік үлгі
F. Сұраныс үлгісі

7. «Ағын» айнымалысы:
A. Мемлекеттік қарыз мөлшері
B. Тұтынушы мүлкі
C. Қолданылатын капитал көлемі
D. Тұтынушы шығындары
E. Бір жылдағы жұмыссыздар саны

8. Қорлар:
A. Мемлекеттік бюджет артықшылығы
B. Мемлекеттік бюджет
C. Ел экономикасындағы капитал
D. Бір айдағы шетелден келген туристердің саны
E. Мемлекеттік бюджет тапшылығы
F. Келесі айдағы стипендия сомасы

9. Макроэкономикалық саясат:
A. Кадр саясаты
B. Фирма саясаты

C. Ақша-несие саясаты
D. Қорғаныс саясат
E. Сыртқы сауда саясаты
F. Экологиялық саясат
G. Ішкі саясат

10. Ағымдарға кірмейді:
A. Бір айдағы шетелден келген туристтердің саны
B. Мемлекеттік бюджет
C. Бір тоқсандағы ел экономикасындағы инвестиция
D. Ұлттық байлық
E. Белгілі күндегі ақша сомасы

*Тапсырма (ашық сұрақ).*

Той жасау немесе жазғы демалысқа шығу үшін несие алған дұрыс па? Мүмкін болатын тәуекелдер мен пайдасын талқылаңыз?

*Практикалық тапсырмалар (есеп).*

1 Есеп.

Төменде аталғандарды қор және ағын айнымалыларына бөліп жіктеңіз:

- Жеке қолда бар табыс
- Тұтыну шығындары
- Мемлекеттік қарыз
- Жалпы ішкі өнім
- Фирмалардың тауарлы-материалдық қорлардың мөлшері
- Қолда бар табыс
- Қорларға салынатын инвестициялар
- Мемлекеттік бюджет тапшылығы
- Үй шаруашылықтардың жинақтаулары
- Капиталдың мөлшері
- Трансферттік төлемдер
- Амортизация
- Мүлік
- Негізгі капиталға салынатын инвестициялар
- Ұлттық байлық
- Жұмыссыздар саны
- Пайыздық төлемдер
- Жеке байлық
- Сауда балансының профициты
- Ұлттық табыс

- Фирмалардың пайдасы
- Салықтар
- Таза экспорт
- Жұмыс күшінің саны
- Еңбек ақы
- Ақша ұсынысы
- Импорт
- Жұмыспен қамтылғандар санының өзгеруі
- Өндірістің жалпы көлемі
- Үй шаруашылықтардың қарыздар мөлшері
- Жалға алу төлемдері
- Корпорациялардың бөлістірілмеген пайдасы
- Дивиденттер

2 Есеп.

Қай айнымалылар әдетте а) экзогенді; б) эндогенді болып табылатының көрсетіңіз?

- Трансферттік төлемдер
- Салықтық түсімдер
- Жалпы ішкі өнім
- Инвестициялық шығындар
- Салықтық мөлшерлеме
- Пайыздың нарықтық мөлшерлемесі
- Тауарлар мен қызметтердің мемлекеттік сатып алулары
- Міндетті резервтер нормасы
- Амортазация нормасы
- Жинақтаулар
- Таза экспорт
- Ақша массасы
- Жұмыссыздық деңгейі
- Мемлекеттік бюджет тапшылығы
- Мемлекеттік қарыз
- Тұтыну шығындары
- Ақшаға сұраныс
- Импорт
- Экспорт
- Валюта бағамы
- Пайыздың есептік мөлшерлемесі

*БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары:*

1. Ұлттық экономика: нәтижелер мен оларды өлшеу
2. Макроэкономиалық саясат
3. Макроэкономикалық проблемалар және оны шешу жолдары
4. Макроэкономикалық үлгілер
5. Қазақстан экономикасының даму проблемалары және жаңа шарттары

**Тақырып 2. Ұлттық есептеу жүйесі. Макроэкономикалық көрсеткіштер**

1.Ұлттық экономика дамуының негізгі көрсеткіштері
2. ЖҰӨ-ді есептеу әдістері
3. ЖҰӨ түрлері. Тұтыну баға индекстері

## 1. Ұлттық экономика дамуының негізгі көрсеткіштері

**Экономикалық статистика** – бұл объективті ақпараттың қайнар көзі. өкімет фирмалар мен азаматтардың экономикалық іс-әрекеті туралы, яғни белгіленген бағалардың деңгейін және сұраныс жүйесін, табыс мөлшерін және т.с.с. дерек алу мақсатында үнемі зерттеулер жүргізеді. Алынған деректер бойынша әртүрлі статистикалық көрсеткіштер есептелінеді, олардың жиынтығы экономиканың қалпын, жағдайын сипаттайды. Макроэкономистер бұл статистиканы өздерінің талдауларында пайдаланады.

Ұлттық экономиканың қызмет етуінің жинақтаушы нәтижесі ретінде БҰҰ сипаттамасы бойынша Ұлттық есеп агрегаттары қолданылады. 1998 ж. есеп жүргізудің халықаралық жүйесіне Қазақстан да көшті.

***Ұлттық байлық*** – бұл қоғамның бүкіл ғұмырында жинаған тұтыну құралдарының жиынтығы. Ол мүлік (негізгі және айнымалы қорлар, үй шаруашылығының мүліктері ), табиғи байлықтарды (жер, минералды қорлар және орман ресурстары), заттық емес байлықтарды (ұлттың денсаулық потенциалы, рухани байлықтар, білім мен ғылым потенциалы) қамтиды.

Шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіші – бір жылдық қоғамдық өнім болып табылады. Оны бірнеше көрсеткіштер көмегімен көрсетеді: жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ), ұлттық табыс (ҰТ), таза ұлттық өнім (ТҰӨ), жалпы ішкі өнім (ЖІӨ).

***Жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ)*** – белгілі бір уақытта елдің ішкі ресурстарын қолданумен өндірілген тауарлар мен қызметтердің нарықтық құны. Өндіріс факторлары осы елдің резиденттеріне тиесілі болуы мүмкін және тек ғана өз территориясында емес, шетелде де бола алады.

***Ұлттық табыс (ҰТ)*** – жалпы ұлттық өнім мен жылдың ішінде оны құруға кеткен материалдық шығындар арасындағы айырмашылық. Шетелдік статистикада оны барлық табыстар сомасы ретінде анықтайды: жалақы, пайда, рента, процент.

***Таза ұлттық өнім (ТҰӨ)*** – ұлттық экономика салаларының таза шаруашылық қызмет нәтижесін сипаттайтын көрсеткіш. Жалпы ұлттық өнімнен амортизациялық төлемдерді алып тастау арқылы немесе ұлтық табыс пен жанама салықтардың қосындысы ретінде анықтауға болады.

***Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)*** - белгілі бір кезеңде мемлекет аумағында өндірілген соңғы тауарлар мен қызметтердің жиынтық құны. ЖІӨ құрамына тек елдің ішінде өзінің меншік өндіріс факторларын қолдану арқылы өндірілген өнімдер мен қызметтер жатады. ЖҰӨ мен ЖІӨ арасында белгілі бір

айырмашылықтар болады. Мысалы: Қазақстанның резиденті АҚШ территориясында орналасқан фирманы иемденеді. Оның өнім өндірісінен алған табысы американдық ЖІӨ - ге қосылады, өйткені өндіріс факторлары АҚШ территориясында орналасқан. Бірақ бұл табыстың көлемі Американың ЖҰӨ құрамына кірмейді, өйткені фирманың иесі қазақстандық азамат.

Халықтың өмір сүру деңгейін сипаттау үшін 3 көрсеткіш қолданылады: жеке табыс, қолда қалатын табыс, таза экономикалық тұрмыс.

***Жеке табыс*** – бұл салықты төлегенге дейінгі жеке тұлғалар мен жанұялардың алатын барлық табысы. Оған алынған табыс пен жанұялар мен жеке тұлғалардың мемлекеттен алатын зейнетақы, стипендия, жәрдем ақы және т.б. трансферттік төлемдер кіреді.

***Қолда бар табыс*** – бұл салықты төлегеннен кейінгі қалатын табыс. ЖҰӨ мен экономикалық тұрмыс арасында тікелей байланыс бар: ЖҰӨ көп болған сайын экономикалық тұрмыс жоғары болады.

***Таза экономикалық тұрмыс*** қоғамның экономикалық тұрмысын тек табыс емес, өмір сүру сапасының көрсеткіштерін есепке ала отырып өлшеу.

## 2. ЖҰӨ-ді есептеу әдістері

Жалпы ұлттық өнімді өлшеудің үш әдісі бар:
1. Шығын әдісі (түпкі пайдалану)
2. Табыс әдісі (бөлу)
3. Қосылған құн әдісі (өндірістік)

ЖҰӨ-ді шығын әдісімен есептегенде үй шаруашылықтарының, фирмалардың, мемлекеттің, шет мемлекеттердің барлық экономикалық агенттерінің шығындары қосылады:

$$GNP = C + I + G + Xn;$$

мұндағы:

**C –** тұтыну, яғни үй шаруашылықтарының тауарлар мен қызметтерге кететін шығындары (тұрғын үй сатып алу шығындары кірмейді);

**I –** инвестициялар – ол негізгі өндірістік қорларға, запастарға, үй құрылысына инвестициялар;

**G** – тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу. Мысалы: мектепті, жолдарды салу, армияны, мемлекеттік аппараттарды қамтамасыз ету. Бірақ бұған трансферттік төлемдер кірмейді;

**Xn** – таза экспорт, бұл импорт пен экспорттың көлемдерінің айырмасы.

Бұл теңдікті негізгі макроэкономикалық теңдік деп атайды. ЖҰӨ-нің құраушы элементтері C, I, G, Xn – ол шығындар жасайтын сатып алушылардың типтерімен ерекшеленеді. Мысалы: үй шаруашылығымен сатып алынған автомобиль тұтыну шығындарына қосылады, егер ол фирмамен сатып алынған

болса, онда жалпы инвестиция құрамында негізгі қорға қосылады. ЖҰӨ-ге алдыңғы жылдары өндірілген заттарды сатып алуға жұмсалған шығындар кірмейді (мысалы 5 жыл бұрын салынған үй), сонымен бірге аралық өнімді сатып алуға кеткен шығындар кірмейді. ЖҰӨ-де ең көп үлесті тұтыну шығындары алады, ал ең өзгермелісі - инвестициялық шығындар.

ЖҰӨ-ді өндірістік әдіспен өлшегенде түпкі өнім өндірісінің әрбір сатысында қосылатын құн қосылады. Қосылған құн – ол фирмамен өндірілген құннан шикізаттар мен материалдарды сатып алуға жұмсалған соманың айырмасы. Бұл әдіс ЖҰӨ-гі әртүрлі фирмалар мен салалардың үлесін есепке алуға мүмкіндік береді. Экономика үшін қосылған құнның барлық сомасы түпкі өнімдер мен қызметтердің сомасына тең болуы керек.

ЖҰӨ-ді табыс әдісімен есептегенде барлық факторлық табыстар (жалақы, рента, процент және пайда) қосылады:

$$\mathbf{Y = W + R + N + P;}$$

мұндағы:

**W** – жұмысшылар мен қызметкерлердің жалақысы;

**R** – жерді, тұрғын үйді және т.б. жалға беру арқылы алынған рента;

**N** – пайыз (үй шаруашылығында жиналған ақша капиталынан түскен табыстар түріндегі);

**P –** пайда (корпорациялардың пайдасы, акционерлерге төленетін дивиденттер, бөлінбейтін пайда, мемлекетке түсетін корпорацияның пайдасына салық).

Көп жағдайда ЖҰӨ-ді өлшеудің өндірістік және түпкі пайдалану әдісі қолданылады.

ЖҰӨ-ді өлшеу проблемалары:

- Екіреттік есеп проблемасы (шешім: қосымша құн әдісі);
- Көлеңкелі экономика проблемасы;
- Экономикада өндірілген және тұтынылған кейбір тауарлар мен қызметтер нарыққа түспейді, осыған сәйкес ресми статистикада ескерілмейді;
- Тауарлар сапасының өзгеру проблемасы.

### 3. ЖҰӨ түрлері. Тұтыну баға индекстері

Ұлттық өндірістің макроэкономикалық көрсеткіштері нарықтық бағалар арқылы көрсетіледі. Олар ағымдағы бағалармен өлшенген жағдайда олардың мөлшері номиналды (атаулы) шама түрінде болады. Егер де тұрақты шамалар пайдаланылса, онда нақты шаманы көрсетеді. Осыған байланысты ЖҰӨ номиналды және нақты деп ажыратылады.

**Номиналды ЖҰӨ** – тауарлар мен қызметтер өндірісінің ағымдағы бағалармен көрсетілген көлемі.

Бағаның өзгеруіне байланысты ЖҰӨ-нің өзгеруінен өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты ЖҰӨ-дегі өзгерістерді бөлу үшін нақты ЖҰӨ индикаторы енгізіледі

**Нақты ЖҰӨ** - тауарлар мен қызметтер өндірісінің тұрақты бағалармен көрсетілген көлемі. Баға деңгейі жылдар бойы тұрақты емес, олар өзгеріп тұруы мүмкін. Сондықтан баға индексі түрінде көрсетілетін баға деңгейі ЖҰӨ-мен салыстыру үшін әртүрлі жылдарға есептелінеді.

$$\textbf{Нақты ЖҰӨ} = \frac{\textbf{Номиналды ЖҰӨ}}{\textbf{Бағалар индексі}}$$

Тек қана тұтыну тауарларына есептелген баға индексі тұтыну тауарларының индексі деп аталады. Тұтыну ғана емес, сондай-ақ инвестициялық және басқа тауарлардың бағалар өзгерісін сипаттайтын баға индексі ЖҰӨ дефляторы деп аталады. Ол ағымдағы бағалардың базистік кезеңдегі баға деңгейіне қатынасын, яғни өндіріс көлемін емес, бағалардың салыстырмалы өзгеруін сипаттайды.

$$\textbf{ЖҰӨ дефляторы} = \frac{\text{Номиналды ЖҰӨ}}{\textbf{Нақты ЖҰӨ}}$$

ЖҰӨ дефляторы Пааше индексімен өлшенеді. Пааше индексінің жалпы көрінісі (ағымдағы кезең салмағымен баға индексі)

$$\textbf{Ағымдық жылдағы баға индексі} = \frac{\textbf{ағымдағы жылдағы тауарлар бағасы}}{\textbf{базалық жылдағы сол тауарлар бағасы}} \textbf{ 100\%}$$

Тек ғана тұтыну тауарларына есептелген баға индексі тұтыну тауарларының индексі деп аталады. Тұтыну ғана емес, сондай-ақ инвестициялық және басқа тауарлардың бағалар өзгерісін сипаттайтын баға индексі ЖҰӨ дефляторы деп аталады. Ол ағымдағы бағалардың базистік кезеңдегі баға деңгейіне қатынасын, яғни өндіріс көлемін емес, бағалардың салыстырмалы өзгеруін сипаттайды.

$$\textbf{ЖҰӨ дефляторы} = \frac{\textbf{Номиналды ЖҰӨ}}{\textbf{Нақты ЖҰӨ}} \textbf{ 100 \%}$$

**Талқылау сұрақтары:**

1. Егер елдегі үй шаруасымен айналысатын әйелдердің бір бөлігі жұмысқа орналасса, ал үй шаруасымен айналысу үшін үй қызметшісін жалдайтын болса, бұл жағдай ЖҰӨ мөлшеріне әсер ете ма және қалай әсер етеді?
2. ЖІӨ көрсеткіші әрдайым елдің әл-ауқатын дәл сипаттамайтындығының себептері қандай және оны атап көрсетіңіз?
3. Импорттық баж салығын енгізу импортталатын тауарлардың бағасын арттырды делік. Бұл күнкөріс құнына қалай әсер етеді, егер оның өзгеруін бағалау үшін келесілерді пайдаланатын болсақ:
   а) тұтыну бағаларының индексін;
   б) ЖҰӨ дефляторын?
4. Сіздің ойыңызша, көп жағдайда ЖҰӨ-ді өлшеудің қандай әдістері жиі қолданылады?
5. ЖҰӨ-нің құраушы элементтерін қарастырыңыз?

## Негізгі терминдер

- Ұлттық есеп жүйесі
- жалпы ішкі өнім
- жалпы ұлттық өнім
- таза ұлттық өнім
- ұлттық табыс
- жеке табыс
- қолда бар табыс
- нақты жалпы ұлттық өнім
- атаулы жалпы ұлттық өнім
- тұтыну баға индекстері
- ЖҰӨ дефляторы
- Ласпейрес индексі
- Пааше индексі
- Фишер индексі
- таза экспорт
- мемлекеттік шығындар
- инвестициялық шығындар
- тұтыну шығындары
- жалақы
- рента
- пайда
- амортизация
- трансферттік төлемдер
- дивиденттер
- корпорацияның бөлістірілмеген пайдасы

- әлеуметтік салымдар.

## Тапсырмалар

*Тест тапсырмалары:*

1. Макроэкономикалық көрсеткіштер:
A. Пайда, шығын
B. ЖҰӨ, жұмыссыздық, баға
C. ЖІӨ, ТҰӨ, ҰТ
D. ҰТ, орташа шығын, айнымалы шығын
E. ЖҰӨ, ЖІӨ
F. Сұраныс, ұсыныс

2. Ұлттық табыстың негізгі компоненттері:
A. Фирмалар пайдасы
B. ТҰӨ – жеке салықтар
C. Өндіріс тауарлары мен қызметтер сомасы
D. Бір жылда өндірілген өнім көлемі
E. Пайыздық түсімдер
F. Ренталық түсімдер

3. ЖІӨ өлшеу әдістері:
A. Шығыс
B. Табыс
C. Тұтыну құны
D. Өзіндік құны
E. Таза пайда
F. Аралық табыс
G. Нарықтық құн

4. Табыстар әдісі бойынша ЖІӨ есептеуде қолданылады:
A. Тұтыну шығындары
B. Тауарлар мен қызметтерді сатып алу мемлекеттік шығындары
C. Жалақы
D. Экспорт
E. Импорт
F. Жалпы жеке инвестициялар

5. Шығындар әдісі бойынша ЖІӨ есептеуде қолданылады:
A. Мемлекет шығындары
B. Жалақы
C. Тұтыну шығындары
D. Корпорациялар пайдасы

E. Инвестициялар
F. Амортизация

6. Жалпы ішкі өнім:
   A. Өзіндік құн қосындысы
   B. Кәсіпорындардағы өндірілген өніммен қоса сауда жүйесіндегі қорлардың қосындысы
   C. Тұтынылған өнімдер мен қызметтердің қосындысы
   D. ЖҰӨ-нен шетелден түскен алғашқы табысты шегеру
   E. Жалпы капитал қор салымының құнының қосындысы
   F. Барлық өндірілген өнімдер мен қызметтердің қосындысы

7. Жалпы ұлттық өнім:
   A. Тұтыну шығындарының қосындысы
   B. Бір жылда өндірілген соңғы тауар мен қызметтердің нарықтық құнының қосындысы
   C. Ел ішінде және одан тыс жерлердегі ел резиденттері өндірген өнімді есепке алады
   D. Кәсіпорындардағы өндірілген өніммен қоса сауда жүйесіндегі қорлардың қосындысы
   E. Өткізілген өнімдер мен қызметтердің қосындысы
   F. Макроэкономикалық көрсеткіш

8.Табыстар әдісі бойынша ЖІӨ есептеуде қолданылады:
   A. Тұтыну шығындары
   B. Тауарлар мен қызметтерді сатып алу мемлекеттік шығындары
   C. Жалақы
   D. Экспорт
   E. Импорт
   F. Жалпы жеке инвестициялар

9. Шығындар әдісі бойынша ЖІӨ есептеуде қолданылады:
   A. Мемлекет шығындары
   B. Жалақы
   C. Тұтыну шығындары
   D. Корпорациялар пайдасы
   E. Инвестициялар
   F. Амортизация

10. ЖІӨ-де ескерілетін үй шаруашылықтарының шығындары:
   A. Делдалдан акция сатып алу шығыны
   B. Қолданылған компьютерді сатып алу шығыны

C. Жаңа үйді сатып алу
D. Кітап дүкенінен жаңа оқулық сатып алу
E. Қолданыста болған автомобильді сатып алу шығыны
F. Жаңа қаламсапты сатып алу шығыны
G. 6 жыл бұрын салынған үйді сатып алу шығыны

*Тапсырма (ашық сұрақ).*

Егер елдегі үй шаруасымен айналысатын әйелдердің бір бөлігі жұмысқа орналасса, ал үй шаруасымен айналысу үшін үй қызметшісін жалдайтын болса, бұл жағдай ЖҰӨ мөлшеріне әсер ете ма және қалай әсер етеді? Жауабыңызды негіздеңіз.

*Тапсырма (эссе).*

Эссе тақырыбы: «Табыстар».

1. Сіздің отбасыңыздың соңғы жылдағы табыстарын талдаңыз. Олардың қайсысын «жеңіл» категориясына қайсысын «қиын» ақшаларрға жатқызар едіңіз?
2. Сіздің отбасыңыздың бюджетін жоспарлау кезінде ақшалай емес табыстарды қалай есепке аласыз?
3. Сіз нарыққа қандай бизнес-оймен шығар едіңіз? Ол идеямен бизнесіңізді қай формада (ЖК немесе ЖШС) ашар едіңіз?

*Практикалық тапсырма (есеп).*

1 Есеп.

Тұтыну қоржынының құрамы кестеде көрсетілген:

| Тауар | Базистік жыл (2000) | | Ағымдағы жыл (2003) | |
|---|---|---|---|---|
| | баға | мөлшері | баға | мөлшері |
| Ет | 200 | 2 кг. | 400 | 2 кг. |
| Жарнама | 50 | 4 кг. | 10 | 4 кг. |

Есептеу керек: Тұтыну бағасының индексін анықтаңыз?

2 Есеп.

Келесі мәліметтер берілген:

млрд. доллар

| | |
|---|---|
| Ұлттық табыс (ҰТ) | 4200 |
| Әлеуметтік сақтандыру салымдары | 400 |
| Корпорациялардың бөлістірілмеген пайдасы | 80 |
| Корпорациялардың пайдасына салынатын салықтар | 100 |
| Пенсиялар | 150 |
| Стипендиялар | 50 |
| Жұмыссыздық бойынша жәрдем ақылар | 60 |

Есептеу керек:

1) ЖТ - ?
2) Трансферттік төлемдердің қалыптасу көзін және қай жерге бағытталатының түсіндіріңіз.

3 Есеп.

Келесі мәліметтер берілген:

млн. доллар

| | |
|---|---|
| Жалдамалы жұмысшылардың жалақысы (W) | 294,2 |
| Экспорт | 23,4 |
| Амортизация | 12,8 |
| Мемлекеттік сатып алулар (G) | 69,4 |
| Бизнеске салынатын жанама салықтар | 22,2 |
| Таза жеке ішкі инвестициялар (I) | 62,1 |
| TR | 23 |
| Импорт | 26,5 |
| Табыс салығы (T) | 40,5 |
| Тұтыну шығындары (C) | 319,1 |

Есептеу керек:

1) ЖҰӨ - ?
2) ТҰӨ - ?
3) ҰТ - ?

4 Есеп.

Тұтыну қоржынының құрамы кестеде көрсетілген:

| Тауар, қызмет түрлері | Базистік жыл (2000) | | Ағымдағы жыл (2003) | |
|---|---|---|---|---|
| | баға | мөлшері | баға | мөлшері |
| Ет | 200 | 2 кг. | 400 | 2 кг. |
| Жарнама | 50 | 4 кг. | 10 | 4 кг. |

Есептеу керек: Тұтыну бағасының индексін анықтаңыз?

*БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары:*

1. Экономикалық қызметтің нәтижелерін өлшеу
2. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер динамикасы
3. ЖҰӨ-ді өлшеу әдістері
4. ЖІӨ және оның түрлері
5. Баға индекстері және ЖҰӨ дефляторы

## Тақырып 3. ЖҰӨ және қоғамдық әл-ауқат

1. ЖҰӨ және оның қоғамдық әл-ауқатқа әсері
2. Макроэкономикалық тепе-теңдік және оның үлгілері

### 1. ЖҰӨ және оның қоғамдық әл-ауқатқа әсері

Шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіші – бір жылдық қоғамдық өнім болып табылады. Оны бірнеше көрсеткіштер көмегімен көрсетеді: жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ), ұлттық табыс (ҰТ), таза ұлттық өнім (ТҰӨ), жалпы ішкі өнім (ЖІӨ).

***Жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ)*** – белгілі бір уақытта елдің ішкі ресурстарын қолданумен өндірілген тауарлар мен қызметтердің нарықтық құны. Өндіріс факторлары осы елдің резиденттеріне тиесілі болуы мүмкін және тек ғана өз территориясында емес, шетелде де бола алады.

Жалпы ұлттық өнімді өлшеудің үш әдісі бар:
1. Шығын әдісі (түпкі пайдалану)
2. Табыс әдісі (бөлу)
3. Қосылған құн әдісі (өндірістік)

ЖҰӨ-ді шығын әдісімен есептегенде үй шаруашылықтарының, фирмалардың, мемлекеттің, шет мемлекеттердің барлық экономикалық агенттерінің шығындары қосылады, яғни тұтыну шығындарының, инвестициялық шығындардың, мемлекеттік шығындардың және сыртқы әлем шығындарының қосындысымен анықталады.

Бұл теңдікті негізгі макроэкономикалық теңдік деп атайды. ЖҰӨ-нің құраушы элементтері C, I, G, Xn – ол шығындар жасайтын сатып алушылардың типтерімен ерекшеленеді. Мысалы: үй шаруашылығымен сатып алынған автомобиль тұтыну шығындарына қосылады, егер ол фирмамен сатып алынған болса, онда жалпы инвестиция құрамында негізгі қорға қосылады. ЖҰӨ-ге алдыңғы жылдары өндірілген заттарды сатып алуға жұмсалған шығындар кірмейді (мысалы 5 жыл бұрын салынған үй), сонымен бірге аралық өнімді сатып алуға кеткен шығындар кірмейді. ЖҰӨ-де ең көп үлесті тұтыну шығындары алады, ал ең өзгермелісі - инвестициялық шығындар.

ЖҰӨ-ді өндірістік әдіспен өлшегенде түпкі өнім өндірісінің әрбір сатысында қосылатын құн қосылады. Қосылған құн – ол фирмамен өндірілген құннан шикізаттар мен материалдарды сатып алуға жұмсалған соманың айырмасы. Бұл әдіс ЖҰӨ-гі әртүрлі фирмалар мен салалардың үлесін есепке алуға мүмкіндік береді. Экономика үшін қосылған құнның барлық сомасы түпкі өнімдер мен қызметтердің сомасына тең болуы керек.

ЖҰӨ-ді табыс әдісімен есептегенде барлық факторлық табыстар (жалақы, рента, процент және пайда) қосылады, яғни барлық өндіріс факторларының

(еңбек, жер, капитал, кәсіпкерлік қабілет) факторлық табыстарының (жұмысшылардың жалақысы, рента, пайыз және пайда) жиынтығы.

Көп жағдайда ЖҰӨ-ді өлшеудің өндірістік және түпкі пайдалану әдісі қолданылады.

ЖҰӨ-ді өлшеу проблемалары:

- Екіреттік есеп проблемасы (шешім: қосымша құн әдісі);
- Көлеңкелі экономика проблемасы;
- Экономикада өндірілген және тұтынылған кейбір тауарлар мен қызметтер нарыққа түспейді, осыған сәйкес ресми статистикада ескерілмейді;
- Тауарлар сапасының өзгеру проблемасы.

Ұлттық өндірістің макроэкономикалық көрсеткіштері нарықтық бағалар арқылы көрсетіледі. Олар ағымдағы бағалармен өлшенген жағдайда олардың мөлшері номиналды (атаулы) шама түрінде болады. Егер де тұрақты шамалар пайдаланылса, онда нақты шаманы көрсетеді. Осыған байланысты ЖҰӨ номиналды және нақты деп ажыратылады.

**Номиналды ЖҰӨ** – тауарлар мен қызметтер өндірісінің ағымдағы бағалармен көрсетілген көлемі.

Бағаның өзгеруіне байланысты ЖҰӨ-нің өзгеруінен өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты ЖҰӨ-дегі өзгерістерді бөлу үшін нақты ЖҰӨ индикаторы енгізіледі

**Нақты ЖҰӨ** - тауарлар мен қызметтер өндірісінің тұрақты бағалармен көрсетілген көлемі. Баға деңгейі жылдар бойы тұрақты емес, олар өзгеріп тұруы мүмкін. Сондықтан баға индексі түрінде көрсетілетін баға деңгейі ЖҰӨ-мен салыстыру үшін әртүрлі жылдарға есептелінеді.

$$\textbf{Нақты ЖҰӨ} = \frac{\textbf{Номиналды ЖҰӨ}}{\textbf{Бағалар индексі}}$$

Тек қана тұтыну тауарларына есептелген баға индексі тұтыну тауарларының индексі деп аталады. Тұтыну ғана емес, сондай-ақ инвестициялық және басқа тауарлардың бағалар өзгерісін сипаттайтын баға индексі ЖҰӨ дефляторы деп аталады. Ол ағымдағы бағалардың базистік кезеңдегі баға деңгейіне қатынасын, яғни өндіріс көлемін емес, бағалардың салыстырмалы өзгеруін сипаттайды.

$$\textbf{ЖҰӨ дефляторы} = \frac{\text{Номиналды ЖҰӨ}}{\textbf{Нақты ЖҰӨ}}$$

ЖҰӨ дефляторы Пааше индексімен өлшенеді. Пааше индексінің жалпы көрінісі (ағымдағы кезең салмағымен баға индексі).

***Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)*** - белгілі бір кезеңде мемлекет аумағында өндірілген соңғы тауарлар мен қызметтердің жиынтық құны. ЖІӨ құрамына тек елдің ішінде өзінің меншік өндіріс факторларын қолдану арқылы өндірілген өнімдер мен қызметтер жатады. ЖҰӨ мен ЖІӨ арасында белгілі бір айырмашылықтар болады. Мысалы: Қазақстанның резиденті АҚШ территориясында орналасқан фирманы иемденеді. Оның өнім өндірісінен алған табысы американдық ЖІӨ - ге қосылады, өйткені өндіріс факторлары АҚШ территориясында орналасқан. Бірақ бұл табыстың көлемі Американың ЖҰӨ құрамына кірмейді, өйткені фирманың иесі қазақстандық азамат.

Халықтың өмір сүру деңгейін сипаттау үшін 3 көрсеткіш қолданылады: жеке табыс, қолда қалатын табыс, таза экономикалық тұрмыс.

## 2. Макроэкономикалық тепе-теңдік және оның үлгілері

Негізгі макроэкономикалық тепе-теңдік табыс пен шығынның теңдігін көрсетеді.

$$\mathbf{Y = C + I + G + X_n} \quad (1)$$

Макроэкономикалық талдауларда басқа да тепе-теңдіктер пайдаланылады. Инвестиция мен қор жинағының тепе-теңдігін төмендегідей көрсетуге болады. Талдауды жеңілдету үшін жабық экономиканы қарастырамыз. Бұл экономикада мемлекет секторы жоқ деп жорамалдаймыз, демек салық та жоқ болады. Онда шығын бойынша:

**ЖҰӨ = Тұтыну + Инвестиция** немесе $\mathbf{Y = C + I}$ (2)

Табыс бойынша:

**ЖҰӨ = Қор жинағы + Тұтыну** немесе $\mathbf{Y = S + I}$ (3)

Жалпы өнім өндіруге кететін шығындар мен табыс бір-біріне тең болғандықтан, (2) және (3) формулаларды теңестіре отырып, төмендегі теңдеуді аламыз.

$$\mathbf{C + I = S + C} \text{ немесе } \mathbf{I = S} \quad (4)$$

Бұл қарапайым тепе-теңдік мемлекет пен шет мемлекетті енгізгеннен соң күрделене түседі.

Жиынтық қор жинағы үш құрауыштан тұрады.

$$\mathbf{S = S_p + S_g + S_r} \quad (5)$$

Жеке қор жинағы төмендегідей бейнеленеді:

$$\mathbf{S_p = (Y + TR + N - T) - C} \quad (6)$$

Мұндағы:
**Y** – табыс сомасы,
**TR** – трансферттер;
**N** – мемлекеттік қарыз бойынша пайыз мөлшерлемесі;
**T** – салық
**C** – тұтыну.

Мемлекеттің қор жинағы төмендегідей бейнеленеді.

$$\mathbf{S_g = (T - TR - N) - G} \quad (7)$$

Егер $\mathbf{S_g} > 0$ болса, онда бюджет артықшылығы болады, ал $\mathbf{S_g} < 0$ болса, онда бюджет тапшылығы болады.

$$\mathbf{BD = -S_g} \quad (8)$$

$$\mathbf{S_r = IM - X}$$

$$\mathbf{S_r = - X_n}$$

$$\mathbf{S = S_p + S_g + S_r = (Y + TR + N - T) - C + (T - TR - N) - G + - (X_n) =}$$

$$\mathbf{Y - C - G - X_n;}$$

$$\mathbf{S = I}$$

**Талқылау сұрақтары:**

1. ЖҰӨ мен ЖІӨ арасындағы айырмашылықты түсіндіріңіз?
2. ЖҰӨ-нің түрлерін қарастырыңыз?
3. ЖҰӨ-нің мәні және оның қоғамдық әл-ауқатқа әсерін қарастырыңыз?
4. Негізгі макроэкономикалық тепе-теңдіктерді қарастырыңыз?

## Негізгі терминдер

- жалпы ішкі өнім
- жалпы ұлттық өнім
- таза ұлттық өнім
- ұлттық табыс
- нақты жалпы ұлттық өнім
- атаулы жалпы ұлттық өнім
- тұтыну
- қор жинау

- инвестиция
- сыртқы әлем жинақтары
- жиынтық қор жинағы
- жеке жинақтар
- мемлекеттік жинақтар
- табыс
- бюджет тапшылығы
- бюджет артықшылығы.

## Тапсырмалар

*Тест тапсырмалары:*

1. Жалпы ішкі өнім:
A. Өзіндік құн қосындысы
B. Кәсіпорындардағы өндірілген өніммен қоса сауда жүйесіндегі қорлардың қосындысы
C. Тұтынылған өнімдер мен қызметтердің қосындысы
D. ЖҰӨ-нен шетелден түскен алғашқы табысты шегеру
E. Жалпы капитал қор салымының құнының қосындысы
F. Барлық өндірілген өнімдер мен қызметтердің қосындысы

2. Жалпы ұлттық өнім:
A. Тұтыну шығындарының қосындысы
B. Бір жылда өндірілген соңғы тауар мен қызметтердің нарықтық құнының қосындысы
C. Ел ішінде және одан тыс жерлердегі ел резиденттері өндірген өнімді есепке алады
D. Кәсіпорындардағы өндірілген өніммен қоса сауда жүйесіндегі қорлардың қосындысы
E. Өткізілген өнімдер мен қызметтердің қосындысы
F. Макроэкономикалық көрсеткіш

3. ЖІӨ-де ескерілетін үй шаруашылықтарының шығындары:
A. Делдалдан акция сатып алу шығыны
B. Қолданылған компьютерді сатып алу шығыны
C. Жаңа үйді сатып алу
D. Кітап дүкенінен жаңа оқулық сатып алу
E. Қолданыста болған автомобильді сатып алу шығыны
F. Жаңа қаламсапты сатып алу шығыны
G. 6 жыл бұрын салынған үйді сатып алу шығыны

4. Нақты ЖІӨ өлшенеді:
A. Базистік жылдағы бағалармен

B. Инфляцияны ескеріп, баға индексі арқылы
C. Ағымдағы жылдағы бағалармен
D. Ағымдағы айырбас курсы бойынша
E. Қазіргі бағалармен
F. Тұтыну бағасының индексі бойынша
G. Өткен уақыттағы бағалармен

5. Атаулы ЖІӨ көлеміне әсер етеді:
A. Жалпы жеке инвестициялар
B. Тауарлар мен қызметтерді сатып алу мемлекеттік шығындары
C. Бағалар деңгейінің динамикасы
D. Импорт
E. Нақты өндіріс көлемінің динамикасы

6. Нақты ЖІӨ өлшенеді:
A. Базистік жылдағы бағалармен
B. Инфляцияны ескеріп, баға индексі арқылы
C. Ағымдағы жылдағы бағалармен
D. Ағымдағы айырбас курсы бойынша
E. Қазіргі бағалармен
F. Тұтыну бағасының индексі бойынша
G. Өткен уақыттағы бағалармен

7. Атаулы ЖІӨ көлеміне әсер етеді:
A. Жалпы жеке инвестициялар
B. Тауарлар мен қызметтерді сатып алу мемлекеттік шығындар
C. Бағалар деңгейінің динамикасы
D. Импорт
E. Нақты өндіріс көлемінің динамикасы

8. Бағалар индекстері:
A. Салыстырмалы бағалармен
B. Ласпейрес индексі
C. Пайызбен
D. Пааше индексі
E. Инфляция қарқынымен
F. Ағымдағы айырбас курсы
G. Фишер индексі

9. ЖІӨ дефляторы:
A. Тауар бағасы бойынша есептеледі
B. Пайызбен есептеледі

C. Пааше индексімен есептелінеді
D. Нарықтық бағалармен есептеледі
E. Базистік жылдағы бағалармен есептеледі
F. Ағымдағы айырбас курсы бойынша есептеледі

10. Баға индекстерінің түрлері:
A. Манделла
B. Лоренц
C. Ласпейрес
D. Лаффер
E. Филлипс
F. Пигу

*Тапсырма (ашық сұрақ).*

ЖІӨ көрсеткіші әрдайым елдің әл-ауқатын дәл сипаттамайтындығының себептері қандай және оны атап көрсетіңіз? Жауабыңызды негіздеңіз.

*Тапсырма (топтық жұмыс).*

Импорттық баж салығын енгізу импортталатын тауарлардың бағасын арттырды делік. Бұл күнкөріс құнына қалай әсер етеді, егер оның өзгеруін бағалау үшін келесілерді пайдаланатын болсақ:
а) тұтыну бағаларының индексін;
б) ЖҰӨ дефляторын?

*Практикалық тапсырма (есеп).*
1 Есеп.
Ашық экономика келесі көрсеткіштермен көрсетілген:

C = 1200
I = 500
G = 300
TR = 200
N = 100
T = 400
Xn = -100

Анықтау керек:

1. $S_p$ - ?
2. $S_g$ - ?
3. $S_r$ - ?

*БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары:*

1. Табыс пен өнім көрсеткіштерін есептеу қиындықтары

2. Ұлттың әл-ауқатын бағалау проблемалары
3. ЖҰӨ-нің қоғамдық әл-ауқатқа әсері
4. Негізгі макроэкономикалық тепе-теңдіктер
5. Ұлттық есептеу жүйесі


## Тақырып 4. Циклділік нарықтық экономиканың даму формасы ретінде

1. Экономикалық цикл және оның фазалары
2. Экономикалық циклдің ауытқу себептері

### 1. Экономикалық цикл және оның фазалары

Нарықтық экономикаға тұрақсыздық, көтерілу және құлдырау қасиеттері тән, ол экономикалық кезеңді қалыптастырады және экономиканың кезеңділігін анықтайды. Өндірісті шексіз дамыту мен нарықты жаулап алу артық тауар өндірісіне әкеліп соқтырады. Артық өндіру бұл ұсыныстың сұраныстан көп болуы. Артық өндірудің себептерін зерттей келе экономистер сұраныстың өсуі мен азаюы, өндіріс көлемінің өсуі мен азаюының мезгілдігіне көңіл аударды. Циклдық ауытқу бұл экономиканың тепе-теңдік жағдайынан ауытқуы.

**Экономикалық цикл** – бұл бір экономикалық дағдарыстың басынан екіншісінің басталуына дейінгі кезең, ол экономикада кезең-кезеңмен қайталанатын өрлеу және құлдыраумен сипатталады.




Экономикалық цикл – бұл дағдарыстар арасындағы мерзім және осы кезде оның төрт фазасы ауысады. Дағдарыс тауарлардың артық өндірілуі, несиенің азаюы және процентінің жоғарылауы арқылы көрінеді. Бұл жағдай пайданы азайтады және өндірісті төмендетеді. Кәсіпорындардың банкрот болуына әкеледі. Қысқаша айтқанда *дағдарыстың сипаттамасы* келесідей:

1. Артық өндіріс себебінен өндірістің көлемі қысқарады, банктер мен кәсіпорындар банкротқа ұшырайды.
2. Жалақы төмендейді, жұмыссыздық өседі.
3. Бағалы қағаздар нарығы құлдырайды, акция курстары төмендейді.
4. Ақшаға сұраныс өседі, пайыз мөлшерлі жалақысы өседі.

Дағдарыс тоқыраумен алмасады. Бұл сатыда өндіріс төмендеуін қояды, бірақ өспейді де.

*Тоқырау фазасының сипаттамасы:*

1. Өндірістің құлдырауы мен бағалардың төмендеуі тоқырау жағдайында болады.

2. Жұмыссыздық жоғары деңгейде болады.

3. Ақшаға сұраныс төмендейді, пайыз мөлшерлі жалақысы азаяды, сөйтіп өндірістің салаларын ұлғайтуға жағдай жасалады.

*Жандану фазасының сипаттамасы:*

1. Дағдарыстан аман қалған кәсіпорындар негізгі капиталдарын жаңартып, өндірісті ұлғайтуға кіріседі. Өндірілген тауарлар көлемі мен сапасы жағынан өндіріс дағдарысының алдындағы дәрежеге жетеді.

2. Инвестициялар өседі.

3. Бағалар көтеріледі, себебі сұраныс өседі.

4. Жұмыссыздықтың деңгейі қысқара бастайды.

5. Ақшаға сұраныс өседі, пайыз мөлшерлі жалақысы өседі.

*Өрлеу фазасының сипаттамасы:*

1. Өндірістің көлемі дағдарыс алдындағы дәрежеден артады.

2. Жұмыссыздық деңгейі маңызды түрде қысқарады.

3. Тауарлардың бағасы өседі.

4. Қарыз капиталының ұсынысы өседі.

5. Несиеге сұраныс өседі.

Сөйтіп шаруашылық жаңа дағдарысқа қарай қадам басады. Өндірістің құлдырауы мен қатар инфляция болып тұрған жағдайды стагфляция деп атайды. Қазір экономиканың монополистік секторы, мемлекеттің қолдауына сүйеніп, бағаны бұрынғы дәрежеде ұстап қалғаны мен қатар, оны өсіреді.

## 2. Экономикалық циклдің ауытқу себептері

Өндірістің циклдық дамуының себептері неде? Артық өндіру дағдарысы тұтынушылық сұраныс пен тауарлар ұсынысы арасындағы арақатынастың бұзылу нәтижесінде пайда болады. Экономикалық теорияда циклдың себептері әртүрлі түсіндіріледі:

- неоклассикалық бағыт дағдарысты кездейсоқ, тез өтетін құбылыс ретінде қарастырған;
- толық тұтынбайтын концепция – экономикалық дағдарысты жұмысшылар массасының кедейлігімен түсіндіреді;
- ақша-несие концепциясы дағдарысты ақшаға деген сұраныс пен ұсыныстың бұзылу нәтижесі деп түсіндіреді;
- маркстік концепция дағдарыстың себебін капитализмнің қайшылықтарымен байланыстырады;
- кейнс теориясы дағдарысты нарық механизмінің әлсіздігімен түсіндіреді.

Қазіргі экономистер циклдың себептерін үш жағдаймен байланыстырады:

1. Сыртқы факторлар: халық санының өзгеруі, инновациялар, соғыс және басқа саяси жағдайлар. Халықтың өсуі өндіріс өсуіне, жұмысбастылық деңгейінің өсуіне мүмкіндік береді. Технологияның өзгеруі іскерлік белсенділікті шақырады, инвестициялауға ынталандырады. Саяси жағдай іскерлік белсенділікке әртүрлі әсер етеді.

2. Ішкі факторлар: тұтыну, инвестициялау және үкімет саясаты. Тұтыну әсері: фирма тұтынушыны барлық тауарлармен қамтығысы келеді, нәтижесінде тұтыну шығындары өседі, жаңа жұмысшылар жалданады. Сондықтан өндіріс көлемі, жұмысбастылық пен сату көлемі өсіп, экономика өрлеу фазасына өтеді. Тұтыну шығыны қысқарғанда керісінше жағдай пайда болады және құлдырау кезеңі басталады. Инвестицияның әсері: негізгі қорға салынған салым жаңа жұмыс орнын ашады, тұтынушының сатып алу қабілетін жоғарылатады – бұл экономикалық өсуге мүмкіндік туғызады. Инвестициялау деңгейі төмендегенде экономикалық жағдай нашарлай түседі. Үкіметтің ықпалы фискалдық және монетарлық саясатпен жүзеге асырылады.

3. Ішкі және сыртқы факторлардың синтезі. Авторлардың пікірінше сыртқы факторлар циклды қозғаушы, ал ішкі факторлар фазалық ауытқуларға алып келеді.

Қазіргі теория Самуэльсон мен Хикстің іскерлік модель циклімен байланысты. Мұнда цикл ұлттық табыстың (ЖҰӨ), капиталдың қорлануымен, тұтынумен арақатынасының нәтижесі ретінде қарастырылады. Бұл байланыс мультипликатор және акселератор арқылы қарастырылады.

Экономикалық құбылыстарды қайталауға бейім тұратын нарықтың ерекшеліктерін өткен ғасырдың бірінші жартысындағы өмір сүріп еңбек еткен экономистер байқаған сонымен қатар XIX және XX ғасырларда жетекші экономистердің бірде-бірі бұл мәселеге тоқталмай өте алмады. Олардың еңбектерінен циклдық дамудың байланыстылығы, экономикалық процестерге әсерін мойындаған, циклдық дамудың себептерін анықтауға ұмтылған әр түрлі пайымдауларды, түсіндірулер мен болжамдарды кездестіруге болады. Нарық жағдайында өндіріс қозғалысының циклдық себептеріне экономикалық теорияда қалыптасқан бірнеше теориялық бағыттар бар.

**Талқылау сұрақтары:**

1. Экономикалық цикл қандай фазалардан тұрады?
2. Қазіргі экономистердің пікірінше циклдың себептерін қандай жағдайлармен байланыстырады?
3. Сіздің ойыңызша, өндірістің циклдық дамуының себептері неде?

**Негізгі терминдер**

- экономикалық цикл
- жандану
- рецессия (дағдарыс)

- тоқырау
- өрлеу.

## Тапсырмалар

*Тест тапсырмалары:*

1. Экономикалық цикл фазалары:
   A. Өрлеу
   B. Жандану
   C. Дағдарыс
   D. Тоқырау
   E. Барлық жауаптар дұрыс

2. Экономикалық цикл:
   A. Жаңару
   B. Жұмыссыздық деңгейінің кезеңдік тербелісі
   C. Өрлеу
   D. Нарықтық экономиканың дамуы
   E. Фирма іс-әрекетінің жануы
   F. Құлдырау

3.Экономикалық циклдің себептері:
   A. Мультипликатор әсерінің әлсізденуі
   B. Акселератор әсерінің күшеюі
   C. Акселератор әсерінің әлсізденуі
   D. Мультипликатор әсерінің күшеюі
   E. «Негізгі капиталды игіліктердің» жаңаруы
   F. Инфляция деңгейінің өсуі
   G. Ақша массасы көлемінің ауытқуы

4. Экономикалық іскерлік цикл:
   A. Өндірістің өзгеруі
   B. Жұмыспен қамтылу деңгейінің өзгеруі
   C. Ұсыныстың өзгеруі
   D. Сұраныстың өзгеруі
   E. Тұтынушы талғамының өзгерісі
   F. Сұраныс қисығының өзгерісі
   G. Тауар бағасының өзгерісі

5. Өндірістің, инфляцияның және жұмыспен қамтылу деңгейінің өзгеруі:
   A. Экономикалық цикл
   B. Амортизация
   C. Инфляция

D. Негізгі капиталдың тозуы
E. Бюджет тапшылығы

6. Экономикалық циклдың фазалары:
A. Тоқырау
B. Жұмыссыздық
C. Өндіріс
D. Нарықтық экономика
E. Фирма іс-әрекет
F. Құлдырау

7. Жабық макроэкономиканың негізгі субъектілері:
A. Мемлекет
B. Қызмет көрсету және тауарлар нарығы
C. Айырбас бағамы
D. Төлем балансы
E. Сыртқы нарық

8. Негізгі макроэкономикалық үлгі:
A. Солоу үлгісі
B. Манделл-Флеминг
C. Курно үлгісі
D. Икемділік үлгісі
E. IS-LM үлгісі

9. Макроэкономикалық мақсаттар:
A. Өндіріс шығындарын азайту және еңбек өнімділігін арттыру
B. Өнімді өткізу және өндіріс тиімділігін арттыру
C. Өндіріс факторларын тиімді пайдалану және кәсіпорын табысын ұлғайту
D. Тұрақты экономикалық өсу және ресурстардың толық қамтылуы
E. Инфляция деңгейін төмендеу
F. Төлем балансының тепе-теңдігі

10. Бір экономикалық дағдарыстың басынан екіншісінің басталуына дейінгі кезең
A. Аралық құн
B. Бейрезиденттердің табыстары
C. Дайын тауарлар мен қызметтер
D. Нарықтық құн
E. Өндіріс факторлары
F. Экономикалық цикл

*Сұрақ жауап (жеке тапсырма).*

1. Қазіргі теория Самуэльсон мен Хикстің іскерлік модель циклімен байланысты. Мұнда цикл ұлттық табыстың (ЖҰӨ), капиталдың қорлануымен, тұтынумен арақатынасының нәтижесі ретінде қарастырылады. Бұл байланыс қандай құрауыштар арқылы қарастырылады?

*Практикалық тапсырма (есеп).*

1 Есеп.

2000 жылы елдің экономикасында тоқырау басталды. Атаулы ЖҰӨ 2000 эжылы 3078 млрд. долларға тең болды, инфляция қарқыны 20%-ды құрады, ЖҰӨ-нің өзгеру қарқыны 1999 жылмен салыстырғанда 5%-ға тең болды. 1999 (базалық) жылы ЖҰӨ-ді есептеңіз және тоқыраудың себебін анықтаңыз?

2 Есеп.

Келесі мәліметтер берілген:

1999 жылы нақты ЖҰӨ 2400 млрд. доллар. Атаулы ЖҰӨ 2000 жылы 2214 млрд. долларға тең болды, ал ЖҰӨ дефляторы – 0,9.

Есептеу керек: ЖҰӨ-нің өзгеру қарқының анықтаңыз.

*БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары:*

1. Экономикалық цикл
2. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер динамикасы
3. Экономикалық циклдың ауытқулары
4. Экономикалық циклдардың ауытқу себептері
5. Макроэкономикалық мақсаттар

## Тақырып 5. Жұмыссыздық: мәні, түрлері, өлшеу және шығындары

1. Жұмысбастылық пен жұмыссыздық ұғымдарының мазмұны.
2. Жұмыссыздықтың негізгі түрлері
3. Жұмысыздықтың ЖҰӨ мөлшеріне ықпалы. Оукен заңы

### 1. Жұмысбастылық пен жұмыссыздық ұғымдарының мазмұны

Экономикалық жағдай қолайлы саналады, егер ол толық жұмысбастылықпен сипатталатын болса. Бірақ толық жұмысбастылық деген не? Толық жұмысбастылық түсінігіне анықтама беру қиын. Бір қарағанда оны барлық жұмысқа қабілеті бар тұрғындардың жұмыспен қамтылуы, яғни 100% жұмыс күші жұмыс істейді деп түсінуге болады. Бірақ бұл олай емес. Жұмыссыздықтың белгілі бір деңгейі қалыпты саналады. Толық жұмысбастылықты түсіну үшін жұмыссыздықтың типтері мен жұмыссыздықтың табиғи нормасы түсінігімен танысу керек.

Сонымен жұмыссыздық - еңбекке қабілетті адамдардың жұмыс істемеуі. Еңбекке қабілетті адамдар (жұмыс күші) – жұмыс істейтін және істемейтін жұмысшылардың жалпы саны.

**Жұмыс күші** дегеніміз ел халқының жұмыс істеп жүрген, жұмыс іздеп жүрген, бірақ таба алмай жүрген еңбекке жарамды жастағы бөлігінің жалпы мөлшері. Жұмыссыздық деңгейін анықтау үшін жұмыссыздардың жұмыс күші мөлшеріне пайыздық қатынасын есептеп шығару керек.

**Жұмыс күші= жұмыс істейтіндер саны+жұмыссыздар**

Жұмыс күшіне жатпайтындар: 16 жасқа дейінгілер, арнаулы мекемедегілер, жұмыс күші құрамынан шыққандар. Жұмыссыздықты сандық сипаттау үшін оның деңгейінің көрсеткіші қолданылады:

$$\text{Жұмыссыздық деңгейі} = \frac{\text{Жұмыссыздар саны}}{\text{Жұмыс күші}} * 100\%$$

Жұмыссыздық проблемасы тіпті дамыған елдердің өзінде өткір, зәру тұрады, мысалы мына елдерде 1985 жылдан 1990жылға дейінгі аралықта жұмыссыздық деңгейі былайша түзілген: АҚШ-та 5,3-тен 7,2%-ға дейін Канадада 7,5-тен 10,5%-ға дейін Жапонияда 2,1-ден 2,9%-ға дейін Францияда 9,4-тен 10,7%-ға дейін Ұлыбританияда 6,4-тен 11,2%-ға дейін.

**Жұмыссыздықпен күрес жолдары**

- тапсырма биржалары мен жұмыспен қамту қызметтерінің басқа да түрлерін құру;

- жаңа жұмыс орындарын ашу;

оқыту және жұмыссыздарды оқыту үшін мүмкіндіктер жасау;

- қылмысқа қарсы күрес;
- мінез-құлық тұрақтандыру саясаты;
- мемлекет үшін қосымша жұмыс орындарын құру;
- мұндай журналистер, экономистер, дизайнерлер, құрылысшылар жәнебасқа сарапшылар кейбір профильдер, табу үшін арнайы орындарын құру

**Жұмыссыздық салдары**

Жұмыссыздықтың салдары қандай болады және ол қоғамға несімен қауіпті:

- Адам еңбегі дегеніміз капитал сияқты жинап қоюға, қордалауға келмейтін айрықша ресурс. Жоғалған жұмыс уақытын орынына келтіру мүмкін емес, сондықтан жұмыссыздық салдарынан шығарылмаған және көрсетілмеген тауар мен қызметтің орыны өтелмейді.
- Егер адам жұмысынан айырылса, сөйтіп жалақысыз қалса ол қалайда күнкөріс көзін іздейді.Бұл жағдайда мемлекет жұмыссызға жағдай жасауды өз моынына алады. Алайда жқмыссыздығы үшін берілетін жәрдемақы тауар шығарғаны, қызмет көрсеткені үшін берілген сыйақы бола алмайды, себебі жұмыссыз адам ешнәрсе шығармайды, демек елдің әл-ауқаты да жоғарыламайды.
- Жұмыссыздар санының көбеюі тауар мен қызметке сұранымды азайтады. Халықтың табысының азаюы сұраныстың азаюының бір себебі екендігін ілгеріде көрдік. Тауарға сұраныстың азаюы өз кезегінде өндірістің кемуіне және жұмыссыздықтың одан әрі өршуіне жол ашады, себебі өндірістің кемуі жұмыс орындарының қысқарып, жалақының кемуіне әкелетін жолдың басы.Сөйтіп қоғам өзі құрған тұзаққа өзі түседі.
- Елде жұмыссыздықты саяси жағдайдың шиленісуі өршітіп жібере алады, себебі әбден ашынған халық жұмыстың, ақшаның жоқтығы діңкелеткен адамдар үкімет өзгерсе жағдайымыз жақсара ма деген үмітпен қандай да бір ереуілге, шеруге, төңкеріске қатысуға даяр тұрады.
- Жұмыссыздық қылмыс, әсіресе жастар арасында қылмыс тамырланатын ұя, себебі күнкөріс көзін таба алмаған кісі оның басқа жолдарын, көбінесе қылмыспен пайда табу жолдарын іздестіруге көшеді.

## 2. Жұмыссыздықтың негізгі түрлері

Жұмыссыздықтың негізгі түрлері: фрикциондық, құрылымдық, циклдық, маусымдық және жасырын.

**Фрикциондық жұмыссыздық** - жұмыс іздеу және оны күтумен байланысты. Бұл жұмыссыздық тұлғалар үшін олардың сәйкес біліктілік және индивидуальдық талабына жұмыс іздеудің белгілі бір уақытын қажет етеді. Кейбір адамдар өздерін күрделі және жоғары төленетін жұмыстарды орындауға қабілеттілігін сезінеді және сондай жұмыс орындарын іздейді. Ал кейбіреулері жұмыс орындарындағы талаптарға сәйкес келмей ақысы төмен жұмыс іздеуге мәжбүр болады. Еркін нарықтық қоғамда әртүрлі себептер бойынша өзіне ыңғайлы жұмыс іздейтін әрқашанда адамдардың белгілі бір саны болады. Бұл процестер еңбек ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруды және олардың тиімді бөлінуін қамтамасыз етеді.

**Құрылымдық жұмыссыздық**. Өндіріс құрылымы өзгеріссіз қала алмайды. ҒТП және технологиялық өзгерістер нәтижесінде жұмыс күшіне сұраныс құрылымы да өзгереді. Кейбір мамандық түрлеріне қажеттілік қысқарады, ал кейбіреулері мүлдем жоғалуы мүмкін. Бұрын болмаған жаңа мамандықтарға сұраныс пайда болады. Жұмыс күшінің құрылымы баяу өзгереді және өндірістің жаңа құрылымына сәйкес келмейді. Осының салдарынан пайда болатын жұмыссыздық құрылымдық жұмыссыздық деп аталады.

**Циклдық жұмыссыздық** нақты жұмыссыздық деңгейінің шынайы деңгейден айырмашылығымен түсіндіріледі. Экономиканың циклдық құлдырау жағдайында капитал және тұтыну тауарларына сұраныстың жеткіліксіздігі өндірістің қысқаруына алып келеді. Бұл циклдық жұмыссыздықтың пайда болуына негіз болады.

Толық жұмысбастылықтың анықталуы. Фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздық экономикада сөзсіз кездесетін жағдай, сондықтан да олар жұмыссыздықтың табиғи деңгейін құрайды. Егер циклдық жұмыссыздық жоқ болса жұмысбастылық толық болады.

**Маусымдық жұмыссыздық.** Маусымдық жұмыссыздық қызметі белгілі бір маусым кезінде жүретін жекелеген салаларға тән. Бұл әсіресе қысы мен жазы климат жағдайы бойынша күрт өзгеше болып келетін елдерге қатысты.

Толық жұмысбастылықтың анықталуы. Фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздық экономикада сөзсіз кездесетін жағдай, сондықтан да олар жұмыссыздықтың табиғи деңгейін құрайды. Егер циклдық жұмыссыздық жоқ болса жұмысбастылық толық болады.

## 3. Жұмысыздықтың ЖҰӨ мөлшеріне ықпалы. Оукен заңы

Жұмыссыздық деңгейі қандай факторларға тәуелді? Экономикалық белсенділік пен жұмыссыздық арасындағы сандық өзара байланысты белгілеген Оукен заңы. Бұл заңға сәйкес жұмыссыздықтың нақты деңгейінің табиғи деңгейден 1%-ке өсу ЖҰӨ көлемін 2.5%-ке азайтады. Осы 2,5 Оукен коэффициенті деп аталады. Бұл 1: 2,5 қатынасы жұмыссыздықтың ЖҰӨ көлемінің төмендеуіне қатынасы болып табылады және жұмыссыздық пен байланысты өнімнің абсолюттік зиянын анықтауға көмектеседі.

Мысалы, құлдырау жылдарында жұмыссыздық деңгейі – 9,5% немесе 6% табиғи деңгейден 3,5% -ке жоғары. Осы 3,5%×2,5 Оукен коэффициентіне көбейтіп ЖҰӨ -нің арта қалу көлемі 8,75% құрағанын көреміз. Басқаша айтқанда толық жұмысбастылық жағдайында жұмыссыздық деңгейі болатын болса ЖҰӨ 8,75% көп болған болар еді . Оукен заңы 2 бөліктен тұрады.

1) ЖҰӨ өсімінің белгілі бір шамасы тек қана жұмыссыздық деңгейін өсірмеу үшін қажет. Жұмыс күшінің саны жыл сайын өседі, ал оны қолдану бұл кезде одан әрі өнімді болады. Осы себептер бойынша 2,5 тен 3 %-ке дейін нақты ЖҰӨ жыл сайынғы өсімі жұмыссыздықты бұрынғы деңгейде ұстап тұруға қабілетті жаңа жұмыс орындарын құру үшін қажет.
2) Қарқынды өсім жұмыссыздықты азайтады, ал өсу қарқынының төмендеуі жұмыссыздардың үлесін ұлғайтады. Егер өсім қарқыны мысалы, 3 тен 5,5% -ке дейін өсетін болса, жұмыссыздық үлесі шамамен 1 % -ке түседі. Оукен заңының маңызды аспектісі оның екінші бөлігі, яғни 2:1 ережесі табылады. 2:1 ережесі жұмыссыздық мәселесін шешу үшін эконом өсім қандай болуы тиіс екендігін көрсетеді.

Айталық, жұмыссыздық үлесі 8%, ал үкіметтің міндеті оны 6%-ке төмендету. Бұл салықтық ынталандыру ақша саясаты арқылы экономикалық өсудің жоғарғы темпіне қол жеткізуді білдіреді. Бірақ экономикалық өсу қандай болуы тиіс? Жұмыссыздық жыл ағымында 2%-ке түсуі тиіс. Бұл үкімет алдағы жылы нақты ЖҰӨ өсу қарқынын шамамен 6,5% деңгейінде қамтамасыз етуі тиіс екендігін білдіреді. Оның 2,5% жұмыссыздық деңгейін өткен жыл деңгейінде сақтау үшін қажет, ал тағы да 4% жұмыссыздық деңгейін 2%-ке қысқарту үшін қажет.

**Талқылау сұрақтары:**

1. Жұмыссыздық деңгейі қалай анықталады?
2. Жұмыссыздықтың мәні мен түрлерін қарастырыңыз?
3. Жұмыссыздықтың әлеуметтік-экономикалық зардаптарын анықтаңыз?
4. Мемлекеттің жұмыссыздықпен күресу шаралары қандай?
5. Оукен заңына сәйкес, нақты ЖІӨ-нің әлеуетті ЖІӨ-нен артта қалуы қандай болмақ, егер жұмыссыздықтың табиғи деңгейі 6 пайыз, нақты деңгейі 10

пайыз, Оукен коэффициенті 2,5 болғанда? Дұрыс жауапты табыңыз және жауабыңызды негіздеңіз.

A. 2,5*4%
B. 10 %
C. -2,5*(10+6)%
D. -2,5*(10-6)%
E. -2,5*4%
F. -10%

## Негізгі терминдер

- құрылымдық жұмыссыздық
- фрикциондық жұмыссыздық
- циклдық жұмыссыздық
- маусымдық жұмыссыздық
- технологиялық жұмыссыздық
- Оукен заңы
- жұмыссыдық деңгейі
- жұмыс күші
- жұмысбастылар
- толық жұмысбастылық
- табиғи жұмыссыздық деңгейі
- Оукен коэффициенті
- экономикалық белсенді халық
- экономикалық белсенді емес халық
- жұмыссыз
- жұмыспен қамтылғандар
- жұмыссыздық.

## Тапсырмалар

*Тест тапсырмалары:*

1. Жұмыссыздық:
A. Импортқа тәуелді
B. Микроэкономикалық проблема
C. Экологияға байланысты
D. Жұмыс күшіне сұраныстың кемуінен пайда болады
E. Тұрақты көрсеткіш
F. Макроэкономикалық мәселе

2. Жұмыссыздықтың себебі:
A. Мініз-құлықтың келмеуі
B. Ел экономикасының төмендігі
C. Психологиялық дамуы

D. Форманың жақсаруы
E. Фирма пайдасының өсуі

3. Жұмыссыздықтың экономикалық-әлеуметтік салдары:
A. Жұмысқа қабілеттілік төмендейді
B. Халықтың сатып алу қабілеті төмендейді
C. Ауылда жұмыссыздық көбейеді
D. Қылмыс жасауға қолайлы жағдай туындайды
E. Жоғары оқу орнын бітіргендер жұмыссыз болады
F. Жұмыстан босап қалған жұмысшылардың біліктілігі жоғалады

4. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі:
A. Жұмыссыздықтың тұрақты деңгейі
B. Фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздықтарының айырмасы
C. Фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздық сомасы
D. NAIRU
E. Циклдық және құрылымдық жұмыссыздық сомасы
F. Циклдық және құрылымдық жұмыссыздықтарының айырмасы
G. Циклдық және фрикциондық жұмыссыздықтарының айырмасы

5. Ұзақ мерзімді кезеңде жұмыссыздықтың табиғи деңгейінің артуына әсер етеді:
A. Экономикадағы жиі құрылымдық өзгерістер
B. Жұмыс күшінің құрамында зейнеткерлер үлесінің өсуі
C. Экология
D. Жалақы
E. Ауа райы
F. Білім саласы
G. Саяси реформа

6. Толық жұмысбастылық қамтамасыз етілген экономикада экономикалық өсу шарты:
A. Қор жинақтау мен инвестицияның төмен нормасы
B. Қор жинақтаудың жоғары нормасы және инвестицияның төмен нормасы
C. Инвестицияның жоғары нормасы
D. Қор жинақтау мен инвестиция нормаларының өсулері
E. S және I-дің жоғары нормасы
F. Қор жинақтау мен инвестицияның жоғары нормасы

7. Толық жұмысбастылық кезіндегі жұмыссызыдықтың түрлері:
A. Құрылымдық жұмыссыздық
B. Табиғи жұмыссыздық

C. Маусымдық және құрылымдық
D. Циклдық және фрикциондық
E. Жасырын жұмыссыздық
F. Циклдық және құрылымдық
G. Циклдық және технологиялық

8. Циклдік жұмыссыздық:
A. Өндірістегі технологиялық өзгерістерге байланысты
B. Сұраныс тапшылығына байланысты жұмыссыздық
C. Кәсіпорынның жалпы өніміне байланысты
D. Жұмыс күшіне сұраныс құрылымының өзгеруіне байланысты
E. Мәжбүрлі сипатты
F. Экономикалық цикл фазасына байланысты

9. Құрылымдық жұмыссыздық:
A. Мекемедегі қысқартуға байланысты босағандар
B. Қысқа мерзімді сипатқа ие
C. Экономикалық құлдырау кезінде қалыптасады
D. Өндірістегі технологиялық өзгерістерден тәуелсіз
E. Басқа жұмыс орнын күтуге байланысты босағандар

10. Жұмыс күшінің құрамына кірмейді:
A. Фирма директоры
B. Шетел азаматтары
C. Зейнеткерлер
D. Жұмыс іздеуден күдер үзгендер
E. Мектеп оқушылары

*Тапсырма(ашық сұрақ).*

Сұрақ: Бауыржан бірнеше жыл шетелде іс-сапарда жұмыс істеді және корпорацияға өзінің бастығына пәтер жалдады, бірақ бұл кіріс декларацияда көрсетілмеді. Бірде (учаскелік полиция қызметкерінің көмегімен) салық органдары бұл туралы біліп, үлкен талап қойды. Бауыржан салықтық құқық бұзушылық үшін жазаны жеңілдетуді санауға қандай негізді себеп шақыруы мүмкін (мысалы, салық декларациясын дұрыс толтырмағаны):

а) жақын туысының ауруына байланысты қиын қаржылық жағдай (ауруханадан анықтама ұсыну);

б) бастықтың өтініші;

в) декларация толтыру кезінде шетелде болу;

г) салық заңнамасындағы соңғы өзгерістер туралы білмеу;

д) жоқ, айыппұл төленуі мүмкін.

Жауабыңызды негіздеңіз.

*Практикалық тапсырма (есеп).*

1 Есеп.

Жұмыспен қамтылғандар саны – 80 млн. адам. Жұмыссыздар саны – 20 млн. адам.

Есептеу керек:

1. Жұмыссыздық деңгейін есептеңіз?

Біраз уақыттан соң 1 млн. адам жұмыстан шығарылды; жұмыссыздар болып тіркелгендердің 1,5 млн. адамы жұмыс іздеуді тоқтатты.

2. Жұмыссыздар санын, жұмыспен қамтылғандар санын, жұмыссыздық деңгейін анықтаңыз?

2 Есеп.

Келесі мәліметтер берілген:

Жұмыспен қамтылғандар саны = 90 млн. адам

Жұмыссыздар саны = 10 млн. адам.

Есептеу керек:

1) Жұмыссыздық деңгейін - ?

Бір ай өткеннен кейін 0,5 млн. адам жұмыстан шығарылды, жұмыссыздар болып тіркелгендердің 1 млн. адамы жұмыс іздеуді тоқтатты.

Есептеу керек:

2) Жұмыссыздар санын - ?

3) Жұмыспен қамтылғандар санын - ?

4) Жұмыссыздық деңгейін - ?

3 Есеп.

2000 жылы елдің экономикасында тоқырау басталды. Атаулы ЖҰӨ 2000 эжылы 3078 млрд. долларға тең болды, инфляция қарқыны 20%-ды құрады, ЖҰӨ-нің өзгеру қарқыны 1999 жылмен салыстырғанда 5%-ға тең болды.

Есептеу керек: 1999 (базалық) жылы ЖҰӨ-ді анықтаңыз және тоқыраудың себебін анықтаңыз.

4 Есеп.

Егер жұмыссыздықтың табиғи деңгейі 6 пайыз, нақты деңгейі 10 пайыз, Оукен коэффициенті 2,5 болғанда.

Есептеу керек: А.Оукен заңына сәйкес нақты ЖІӨ-нің әлеуетті ЖІӨ-нен артта қалуы қандай болмақ?

5 Есеп.

Төменде кестеде белгілі бір кезеңнің 1-ші және 5-ші жылдарындағы еңбек ресурстары мен жұмыспен қамтылғандардың көрсеткіштері берілген:

| | | 1-ші жыл | 5-ші жыл |
|---|---|---|---|
| 1 | Жұмыс күші | 85 846 | 96 451 |
| 2 | Жұмыспен қамтамасыз етілгендер | 82 766 | 88 522 |
| 3 | Жұмыссыздар | | |
| 4 | Жұмыссыздық деңгейі | | |

Есептеу керек:

1) 1-5 жылдардағы жұмыссыздар саны мен жұмыссыздық деңгейін?
2) Қарастырылып отырған кезеңнің 5-ші жылында адамдар толық жұмыспен қамтылған деуге болады ма?

*БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары:*

1. Жұмыссыздық формалары және оның табиғи деңгейі
2. Жұмыссыздық деңгейін реттеу
3. Толық жұмысбастылық кезіндегі жұмыссызыдықтың түрлері
4. Жұмыссыздықтың экономикалық-әлеуметтік салдары
5. Мемлекеттің жұмыссыздықпен күресу шаралары

## Тақырып 6. Инфляция: мәні, себептері, өлшеу және формалары

1. Инфляцияның мазмұны, түрлері, себептері
2. Инфляцияның экономикалық және әлеуметтік салдары
3. Жұмыссыздық пен инфляция арасындағы өзара байланыс. Филлипс қисығы
4. Инфляцияға қарсы саясат

### 1. Инфляцияның мазмұны, түрлері, себептері

Инфляция қағаз ақшаның құнсыздануынан болатын әлеуметтік-экономикалық процестер жиынтығы. Инфляция жалпы баға деңгейінің көтерілуімен байқалады. Инфляцияға ықпал етуші факторлар мыналар:

1. Мемлекет секторының өсуі және мемлекеттің экономикаға араласуы. Бұл мемлекеттік шығындар мен табыстардың теңсіздігіне алып келеді, ол мемлекеттік бюджеттің тапшылығын туғызады. Бұл жағдайда Орталық банк тапшылықты банкнот эмиссиясымен, ал коммерциялық банктер несиені кеңейтумен, яғни депозиттік-чектік эмиссиямен өтей алады. Нәтижесінде ақша санының өсуімен олардың құнсыздануы орын алады.

2. Бір жағынан трансұлттық корпорациялар ретінде жеке биліктік ірі институттардың пайда болуы, екінші жағынан кәсіпорындардың пайда болуы. Қандай да монополист бағаның жоғарғы дәрежесін ұстап тұруға мүмкіндік беретін тапшылықтың болуын қалайды. Кәсіподақтар да өздерінің мүшелерін қолдау мақсатында осындай саясатты жүргізеді. Бұл баға мен жалақының өсуіне алып келеді.

3. Тауар тапшылығы сұраныстың ұсыныстан алшақтануына алып келеді және осының негізінде бағаның өсуі.

4. Жалақының өсуінің еңбек өнімділігінің өсуінен алшақтығы

5. Ұлттық экономиканың ашықтығының өсуі және әлемдік шаруашылық байланыстардың кеңеюі "импортталған инфляцияның" қауіптілігін тудырады.

6. Қағаз ақшалардың эмиссиясына бақылаудың болмауы. Бұл нарықта тауармен қамтамасыз етілмеген ақша массасының пайда болуына алып келеді. Нәтижесінде тауарларға баға өсіп, инфляциялық процестерге негіз пайда болады.

7. Экономиканың рационалдық емес құрылымы. Инфляцияның пайда болуы ішкі және сыртқы себептерге байланысты. Инфляцияның сыртқы себептеріне сыртқы саудадан түсетін түсімдердің қысқаруы, төлем және сыртқы сауда балансының теріс сальдосы жатады. Ішкі себептеріне халықшаруашылық құрылымдарының деформациясы және шаруашылық механизмнің кемшіліктері жатады.

Қазақстан Республикасындағы өтпелі кезеңдегі инфляция себептеріне мыналарды жатқызуға болады:

- ұлттық экономикада өндірістің терең құлдырауынан болған тауар тапшылығы;

- өндірілген өнімдерге энергетиканың, материалдардың, еңбектің жоғарғы мөлшерде жұмсалуы;

- өз тауарлары мен қызметтеріне бағаны негізсіз көтеруге мүмкіндік берген жеке тауар өндірушілер монополизмі;

- мемлекеттік бюджеттің тапшылығы, оны бүркемелеу үшін мемлекет қағаз ақша шығарады;

- мемлекеттің өнімсіз шығындарының жоғарғы деңгейі;

- басқа мемлекеттердегі экономикалық дағдарыстардың ықпалы.

Инфляцияның бірнеше түрлері бар. Инфляция ашық және басыңқы инфляция деп бөлінеді.

***Ашық инфляция-*** еркін баға құрылымы экономикасына тән және тауар мен қызмет көрсетуге үнемі бағаның өсуін байқатады. Егер макроэкономикалық тепе-теңділік сұраныс жағына қарай өзгерсе және тұрақты бағаның өсуімен байқалса, онда бұны ашық инфляция деп атаймыз. Ашық инфляция бірнеше көрсеткіштер бойынша жіктеледі:

1. Бағаның өсу қарқыны
2. Әртүрлі тауар топтары бойынша бағаның өсу деңгейінің алшақтауы
3. Инфляцияның күтілуі және алдын-ала болжануы.

Бірінші белгі, яғни бағаның өсу қарқыны тұрғысынан инфляция 3 түрге бөлінеді:

- Баяу
- Қарқынды
- Ұшқыр

***Баяу инфляция*** кезінде бағалар баяу өседі (жылына 10%-ке дейін). Инфляция 2-3 % болған жағдайда нарық үшін орынды құбылыс болып табылады. Мысалы, 1992 жылы инфляция Францияда –2,7%, Германия мен АҚШ-та –3,8% құрады.

***Қарқынды инфляция*** кезінде баға жылдам, ырғи-ырғи өседі (жылына 20%-тен 200%-ке дейін). Мұндай инфляцияға жол бермеу керек, себебі ол өте ауыр әлеуметтік-экономикалық салдарға ұшыратады (тұрғындардың өмір сүру деңгейі төмендейді, кәсіпорын күйзеліске ұшырайды).

***Ұшқыр инфляция*** кезінде айналымдағы ақшаның саны мен баға астрономиялық жылдамдықпен 1000% және одан да жоғары өседі.

Екінші белгі бойынша инфляция ***балансталған*** және ***баланстанбаған*** инфляция болып бөлінеді. Баланстанған инфляцияда әртүрлі тауарлар мен қызметтер көрсетудің бір-біріне қатынасында баға өзгермейді, ал баланстанбаған инфляцияда әртүрлі тауар мен қызмет көрсетудің бағасы бір-бірімен салыстырғанда тұрақсыз және әртүрлі пропорцияда өзгереді. Ол шағын және орта бизнестің дамуына кедергілер келтіреді.

Үшінші белгі бойынша күтілетін және күтілмейтін инфляция болып бөлінеді. Күтілу факторы инфляцияның салдарынан білінеді. Егер фирмалар мен халық келесі жылы баға 5 есе өсетінін білсе, онда тиімді нарық жағдайында олар келесі жылы өздерінің тауар бағасын 5 есе көтереді және ешкім күтілетін инфляциядан зардап шекпейді. Ал күтілмейтін инфляцияда бағаның 10%-ке өсуі экономикалық жағдайды нашарлатады.

***Басыңқы инфляция*** оны кейде жасырын инфляция деп те атайды. Ол жалпылама мемлекеттің бағаны бақылауымен жүзеге асатын инфляция. Сондай-ақ тауар тапшылығы, өнім сапасының төмендеуі, көлеңкелі экономиканың дамуы мен бартерлік іс -әрекетте көрінеді. Басыңқы инфляция мемлекеттің бағаны сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігінен төмен болуын қолдау арқылы пайда болады.

КР-да 1992 жылға дейін жасырын инфляция басым болып, ол кейінірек ашық қарқынды инфляциялық сипатқа ие болды. Сосын ұшқыр инфляцияға ұласты. 1993 жылы инфляция 2260 % құраса, 1994 жылы 1258 %, ал 1995 жыл аяғында теңге тұрақтана бастады, бұл кезде инфляция төмендеп, 56-58 %-ке қысқарды. Инфляция 1996 жылы 30 %-тің маңайында болса, 1997 жылы 20 %, ал 2000 жыл аяғында 7 %-ке тұрақтады. Инфляцияның жалпы деңгейін сипаттайтын тұтыну бағаларының индексі 1997 жылы-11,2 %, 1998 жылы – 1,9, 2000жылы - 9,8, 2001жылы – 6,4 % құрады.

Шетел экономистері сұраныс пен ұсынысқа байланысты инфляцияны екі типке жіктейді:

- Сұраныс инфляциясы
- Ұсыныс инфляциясы

**Сұраныс инфляциясы -** бағаның жоғарлауы артық сұраныспен түсіндірілуі мүмкін. Барлық қолда бар ресурстар іске қосылғанда сқраныстың өсуі тауар көлемінің ұлғаюына алып келмейді, бірақ өндірілген тауарларға бағаның өсуіне алып келеді.

**Ұсыныс инфляциясы -** бұл кезде өнім бірлігіне келетін шығындардың көлемі өседі. Шығынның артуы қалыптасқан баға деңгейінде фирмалар ұсынуға дайын өнім көлемін қысқартады. Нәтижесінде өзгеріссіз сұраныс жағдайында тауарлардың ұсынысы қысқарады да баға өседі.

Инфляцияның өлшенуі:

$$\text{Инфляция деңгейі (баға индексі)} = \frac{\text{ТБИ а.ж.-ТБИ б.ж.}}{\text{ТБИ б.ж.}} \cdot 100\%$$

Инфляцияның табысқа тигізетін ықпалын түсіну үшін ақшалай немесе номиналды және нақты табыс арасындағы айырмашылықты білу қажет. **Номиналды табыс –** бұл жалақы, рента, процент немесе пайда түрінде алатын ақша саны. **Нақты табыс –** номиналды табысқа алуға болатын тауарлар мен қызметтердің саны. Егер номиналды табыс баға деңгейіне қарағанда жоғарғы қарқынмен өсетін болса, онда нақты табыс көтеріледі.

Өндірістің терең құлдырауы, яғни экономикалық өсімнің тоқтауы **стагнация** деп аталады. Инфляцияның стагнациямен қатар жүруі **стагфляция** деп аталады.

Д.Кейнс айтқандай және тәжірибе көрсеткендей, баяу инфляция экономика үшін пайдалы, өйткені ақша массасының өсуі іскерлік белсенділікті ынталандырады, экономикалық өсуге жағдай жасайды және инвестиция процесін тездетеді. Ақшаны шектен тыс шығару қолайсыз жағдайларға алып келеді. Олар:

1. Байлық пен табысты қайта бөлу;
2. Мемлекеттік кәсіпорындардың бағасы нарықтық бағадан төмен болады;
3. Салық арқылы ақша құралдарын жасырын түрде мемлекеттің тәркілеуі;
4. Ақша құралдарын тездетіп материзациялануы;
5. Экономикалық ақпараттың тұрақсыздануы;
6. Нақты проценттің төмендеп кетуі;
7. Жұмыссыздық дәрежесімен инфляция дәрежесінің қарама-қарсы пропорцияда өзгеруі.

## 2. Инфляцияның экономикалық және әлеуметтік салдары

1. Инфляция жағдайында несие беру тиімсіз болады. Сондықтан адамдар қарыз бермейді, берсе, өте жоғары процентпен береді.

2. Нарықтық экономиканың мемлекеттік секторында жеке секторға қарағанда өндіріс шығындары мен тауарлардың бағасы өте сирек қарастырылады. Әрбір инфляция темпінің өсуінде бағаны өзгертуге, мемлекеттік кәсіпорындар мемлекеттік органдарынан рұқсат алуы керек. Ішкыр инфляция жағдайында мұндай механизм техникасы тиімсіз болады. Осының нәтижесінде мемлекеттік сектор мен жеке сектордың дисбалансы артады. Мемлекет нарыққа әсер ететін потенциалдарын жоғалтады.

3. Салық жүйесі арқылы мемлекет тұтынушылардың табыстарын жинақтайды. Инфляцияның өсу жағдайында прогрессивтік салық жүйесі арқылы әртүрлі әлеуметтік топтар мен бизнесті қосып, номиналды және нақты табыстың өсуін мемлекет тәркілейді. Бұл мемлекетке жаңа салық заңын алмай-ақ, өскен салық соммасын жинауға мүмкіндік береді. Дамыған елдерде инфляцияның темпіне қарай салықтың индексациясы жасалады.

4. Фирмалар ақша ресурстарын белсендендіру жоспарын өңдейді. Ақша құралдарын тездетіп затқа айналдырады. Бұл жағдай тауардың тапшылығын тудырады.

5. Баға нарықтық экономиканың негізгі индикаторы. Баға ақпараты бизнес үшін өте маңызды. Инфляция жағдайында баға үнемі өзгеріп отырады. Сондықтан өндірушілер мен тұтынушылар оптималды бағаны таңдауда жаңылысуы мүмкін. Халықтың экономикалық ынтасы төмендейді.

Ақша құралдары инфляция салдарынан қымбаттайды. Бөлек кәсіпорындар, фирмалар инфляциямен күресе алмайды. Сондықтан бұл проблема мемлекеттің макроэкономикалық проблемаларының бірі. Мемлекеттің алдында екі негізгі сұрақ тұрады:

1. Радикалды шаралармен инфляцияны жою;

2. Инфляцияға бейімделу.

Инфляцияны жою ол экономикалық құлдыраумен, жұмыссыздықтың өсуімен және инфляциямен күресу. Бұл жолдың экономикалық және әлеуметтік шығындары жоғары, бірақ нәтижесі тиімді.

Тәжірибеде көп елдер бейімделу жолын таңдайды.

*Инфляция* – жалпы бағаның өсуімен болатын тұрақты тенденция. Инфляция жағдайында бағаның әртүрлі типі бірдей өзгермейді. Кейбір бағалар тез өседі, екіншілері жай өседі, ал енді біреулері өзгеріссіз қалады.

*Дефляция* – жалпы бағаның түсуінен болатын тұрақты тенденция.

*Дезинфляция* – инфляция деңгейінің төмендеуі, сұраныс инфляциясы артық жиынтық шығындарының салдары сияқты пайда болады. Шығын инфляциясы өнім бірлігіне орта шығындардың өсуімен жиынтық ұсыныстың өсуі негізінде пайда болады.

Инфляцияның бұл типі стагфляцияға алып келеді, орта шығындардың өсуі фирма табысын төмендетеді. Ол жиынтық ұсыныстың құлдырауына және фирманың өндірісінің төмендеуіне алып келеді. Бұрынғы жиынтық сұраныс деңгейінің өсуіне және инфляция қарқынының жоғарылауына алып келеді.

Өндірістің орташа шығындарының өсу себептері:

1. Еңбек өнімділігінің көбеюімен теңеспейтін номиналды еңбек ақының жоғарылауы;

2. Шикізатқа бағаның жоғарылауы;


3. Салықтың өсуімен баға салығының жоғарылауы.

Сұраныс инфляциясы мен шығын инфляциясының сәйкестілігі инфляция спиралін жасайды. Мұнда өспелі инфляцияның күтілімдері беріледі және механизмдердің ролін орындайды. Бюджеттің салық немесе ақша-несие экспанциясы сұраныстың қысқа мерзімді реттеуіне бағытталған.

Сұраныс инфляциясы жағдайында экономикалық агенттіктер біртіндеп өз әрекеттерін түзетеді. Номиналды жалақының ставкасының және еңбек келісімдеріне инфляцияның өспелі күтімдеріне сәйкес жоғарылайды. Номиналды жалақының ставкасының жоғарылауы шығын инфляциясын өрістету үшін негіз болып табылатын өндірістік орта шығындардың өсуін тудырады. Егер өкімет пен Орталық банк инфляциялық күтулерді басқару құралдарымен реттемейтін болса, онда баға жалақы негізінде гиперинфляция пайда болады. Ол жоғары қарқынды бағамен сипатталатын, басқарылмайтын инфляцияны көрсетеді.

### 3. Жұмыссыздық пен инфляция арасындағы өзара байланыс. Филлипс қисығы

Жұмысбастылық пен инфляция арасында байланыс бар. Бұл байланыс экономист Филлипспен көрсетілген. Қисық инфляция деңгейі аз болған жағдайда жұмыссыздық жоғары, ал инфляция өскенде жұмыссыздық азаятындығын көрсетеді. 1958 ж.




Филлипс номиналды жалақы мен жұмыссыздық арасындағы байланысты қарастырды. Ол келесі шешімге келді: жұмыссыздық дәрежесінің төмендеуі, бағаның және жалақының өсуімен бірге болады (Филипс қисығы).

Қаншаға инфляция дәрежесі жоғары болса, соншаға жұмыссыздар үлесі төмен. Мемлекеттің араласуы жиынтық сұранысты көбейтіп отырып, жұмыссыздықтың дәрежесін төмендете алады. Осы жағдайда пайда болатын еңбек нарығындағы күйзеліс жалақыны, бағаның инфляциялық өсуіне жағдай жасайды.

Инфляцияны төмендету үшін сұранысты шектейтін саясат жүргізу керек. Ал ол өндірістің қысқаруына және жұмыссыздықтың өсуіне алып келеді. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, бұл жағдай тек қысқа мерзімге тән. ¦зақ мерзімде (5-10 жыл) жұмыссыздықтың өте төмен дәрежесі инфляцияның өсуінен сақтайды.

Статистика көрсеткіштері көрсеткендей, инфляцияны 1% төмендету үшін жыл бойы жұмыссыздықтың табиғи дәрежесі 2% жоғары болуы керек. Еңбекке деген сұраныс жоғары болған жағдайда өзіне қажетті жұмысшыларды тарту үшін жұмыс берушілер жалақының жоғарғы ставкасын ұсынады. Жұмыссыздық деңгейінің түсуі баға мен жалақы өсіміне әкеледі. Бірақ бұл жағдай қысқа мерзімге тән сипат. Ұзақ мерзімде (5-10жыл ) жұмыспен қамтылудың төменгі

деңгейінің өзі инфляция өсімімен сақталмайды. Инфляцияны 1%-ке түсіру үшін жыл бойына жұмыссыздық 2% табиғи деңгейден жоғары болуы тиіс. Бірақ бұл жағдай да бір шешімге келген емес.

### 4. Инфляцияға қарсы саясат

Инфляцияның экономикалық-әлеуметтік зардаптары оған шалдыққан елдердің үкіметін инфляцияға қарсы бағытталған белгілі бір экономикалық саясат жүргізуге мәжбүрлейді. Бірақ, жүргізілетін саясаттар әр елдің ерекшеліктеріне байланысты болады. Инфляцияға қарсы саясаттың негізінен екі бағыты бар. Олар:

- кейнсиандық инфляцияға қарсы саясат;
- монетаристтік инфляцияға қарсы саясат.

Бірінші бағыт *бюджеттік-салықтық (фискальдық) саясатты* жақтайды. Мұндай жағдайда үкімет мемлекеттік шығыстар мен кірістерді (салықтарды) икемді пайдалану арқылы төлем қабілетті сұранысқа ықпал жасайды. Сұраныс инфляциясы кезінде үкімет өз шығыстарын қысқартып, салықтар шамасын арттырады. Нәтижесінде, сұраныс қысқарады және инфляция қарқыны бәсеңдейді. Алайда, мұнымен қатар өндіріс көлемі қысқарып, жұмыссыздық өседі, экономикада күйзеліс белгілері байқалады. Бұл инфляцияны тежеудің қоғамдық құны.

Экономиканың құлдырау кезінде сұранысты ұлғайту үшін арнайы бюджеттік-салықтық саясат жүргізіледі. Егер, сұраныс жеткіліксіз болса, мемлекеттік қаржыландыру бағдарламалары жүзеге асырыла бастайды және салықтар деңгейі төмендетіледі. Төмен деңгейлі салықтар ең алдымен табысы аз топтарға салынады, әдетте олар табыстарын жедел пайдаланады. Сөйтіп, тауарлар мен қызметтерге сұраныс ұлғаяды. Бюджет қаржылары арқылы ынталандыру сұранысты арттырғанымен, бюджеттің тапшылығын арттырады. Бюджет тапшылығының ұлғаюы үкіметтің салықтар арқылы маневр жасау мүмкіндіктерін тарылта түседі.

Екінші бағыт экономикада пайда болған инфляциялық ақауларды ақша-несие (монетарлық) саясат арқылы реттеуді ұсынады. Реттеудің бұл түрі үкіметтің тікелей бақылауынан тыс, Ұлттық банкпен дербес жүргізіледі. Ол айналымдағы ақша массасын және несие пайызының мөлшерлемесін өзгерту шаралары арқылы жүзеге асырылады. Экономикаға қысқа мерзімдік кезеңінде ықпал жасау құралы ретінде ақша-несие саясаты, дәлірек айтқанда артық, төлем қабілеті бар сұранысты тежеу үшін ақша және пайыз мөлшерлемесі саяси құралдары қолданылады.

Антиинфляциялық саясатты шартты түрде 2 типке бөлуге болады:

- инфляцияға ыңғайласу;
- инфляциямен күресу.

***Инфляцияға ыңғайласу*** жағдайында табысты индекстеу шаралары жүргізіледі, бірақ бұл шара өте шектеулі болады. Өйткені, өте жоғары индекстеу (100%-ға жуық) «жалақы-баға» инфляциялық шиыршығын тудыруы мүмкін.

***Инфляцияға қарсы күресу*** шараларының ішінен «естен тандыру терапиясын» ерекше атауға болады (Ресей 1992-жылы). Қымбат несиелер арқылы әлсіз фирмалардың жұмысын тоқтату, әлеуметтік топтардың табыс айырмашылығының күрт өсуі, өндірістің қысқаруы, жұмыссыздықтың өсу нәтижесінде инфляцияны тоқтату.

**Талқылау сұрақтары:**

1. Сіз университетке түскен күні өзіңіздің жолдасыңызға белгілі бір ақша соманы беруге келістіңіз делік. Сіз екеуіңізде нақты пайыз мөлшерлемесі нөлдік болады деп күтіп отырсыздар. Жолдасыңыз қарызды бекітілген номиналды пайыз мөлшерлемесі бойынша университетті бітірген соң қайтаруы тиіс. Егер университетті бес жыл оқыса, бес жылдан соң Сіз екеуіңіз күткеннен инфляция төмен болатын болса, онда кім ұтады, кім ұтылады?
2. Инфляцияға қарсы күресу шараларының ішінен «естен тандыру терапиясын» ерекше атауға болады (Ресей 1992-жылы). Ресейдің экономикасында осы жылдары орын алған жағдайларды қарастырыңыз?
3. Инфляцияның экономикалық-әлеуметтік зардаптарын атаңыз?
4. Қазіргі таңдағы инфляцияның ерекшеліктерін қарастырып, жұмыссыздық пен инфляция арасындағы өзара байланысты түсіндіріңіз?

**Негізгі терминдер**

- ашық инфляция
- жасырын инфляция
- баяу инфляция
- қарқынды инфляция
- ұшқыр инфляция
- сұраныс инфляциясы
- ұсыныс инфляциясы
- дефляция
- дезинфляция
- стагнация
- номиналды табыс
- нақты табыс
- стагнация
- инфляция деңгейі
- тұтыну бағалар индексі
- Филипс қисығы.

## Тапсырмалар

*Тест тапсырмалары:*

1. Инфляция:
A. Бөлшек сауданың артуы
B. Ақшаның сатып алу қабілетінің төмендеуі
C. Ағымдық бағалардың төмендеуі
D. Корпорациялар пайдасының өсуі
E. Ақшаның құнсыздануы
F. Жалақының тұрақтылығы
G. Қолда бар табыстың өсуі

2. Инфляция түрлері:
A. Қолданылған автомобильді сатып алу
B. Таза экспорт
C. Қолданылған компьютерді сатып алу
D. Ұсыныс инфляциясы
E. Ашық инфляция

3. Экономикадағы сұраныс инфляциясына қатысы жоқ құбылыс:
A. Инвестициялық шығынның артуы
B. Еңбек өнімділігінің азаюы
C. Халық табысының жоғарылауы
D. Әскери шығынның артуы
E. Шикізаттарға шығындардың өсуі
F. Салықтың азаюы
G. Пайыз мөлшерлемесінің қысқаруы

4. Экономикадағы сұраныс инфляциясына қатысы жоқ құбылыс:
A. Халық табысының жоғарылауы
B. Энергия шығындардың өсуі
C. Еңбек өнімділігінің азаюы
D. Шикізаттарға шығындардың өсуі
E. Салықтың азаюы

5. Шығын инфляциясының өсуін көрсетеді:
A. AS қисығының оңға жылжуы
B. AS қисығының солға жылжуы
C. AD қисығының оңға жылжуы
D. Кәсіпорынның жалпы өнімінің қысқаруы
E. AD мен AS қисықтарының бір мезгілде солға жылжуы
F. Жиынтық ұсыныстың азаюы

6. Инфляция мен жұмыссыздық арасындағы өзара байланыс:
   A. Лаффер қисығында көрсетілген байланыс
   B. Тура байланыс
   C. Лоренс қисығында көрсетілген байланыс
   D. Кері байланыс
   E. Жұмыссыздық төмендейді, инфляция өседі
   F. Филипс қисығында көрсетілген байланыс

7. Инфляция кезінде:
   A. Ақшаның сатып алу қабілеті төмендейді
   B. Атаулы пайыз мөлшерлемесі нақты пайыз мөлшерлемесінен төмен болады
   C. Адамдардың нақты табыстары өседі
   D. Ақша құнсызданады
   E. Қарыз алушы ұтылады, қарыз беруші ұтады
   F. Тауарлардың салыстырмалы бағасы төмендейді
   G. Жұмыссыздық деңгейі артады

8. Инфляция деңгейі тәуелді:
   A. Ағымдағы және өткен мерзімдегі орташа баға деңгейлеріне
   B. Ағымдағы табысқа
   C. Ағымдағы инвестиция мөлшеріне
   D. Өткен мерзімдегі инвестицияға
   E. Өткен мерзімдегі пайыз мөлшеріне
   F. Өткен мерзімдегі табысқа

9. Болжанбаған инфляцияның өсу қаупіне байланысты болатын реакция:
   A. Жұмыспен қамтылғандық пен өндірістік өсу
   B. Тұрақты атаулы табыс алатындар ұтады
   C. Тұрақты табыспен қамтылған тұлғалардың трансферттік төлемдерін индексациялауға арналған үкіметтің шаралары
   D. Адамдардың инфляция кезінде құнсызданбайтын өзінің ақшаларын активтерге салуға ұмтылысы
   E. Берілетін несие қауіпіне байланысты банктер сыйлық тағайындайды

10. Инфляция кезінде:
   A. Қарыз алушы ұтылады, қарыз беруші ұтады
   B. Нақты пайыз мөлшерлемесі атаулы пайыз мөлшерлемесінен төмен болады
   C. Ақшаның сатып алу қабілеті төмендейді
   D. Қарыз алушы ұтылады, қарыз беруші ұтады
   E. Тауарлардың салыстырмалы бағасы төмендейді

F. Жұмыссыздық деңгейі артады
G. Адамдардың нақты табыстары өседі
H. Атаулы пайыз мөлшерлемесі нақты пайыз мөлшерлемесінен төмен болады

*Тапсырма (case-study).*

Сіз университетке түскен күні өзіңіздің жолдасыңызға белгілі бір ақша соманы беруге келістіңіз делік. Сіз екеуіңізде нақты пайыз мөлшерлемесі нөлдік болады деп күтіп отырсыздар. Жолдасыңыз қарызды бекітілген номиналды пайыз мөлшерлемесі бойынша университетті бітірген соң қайтаруы тиіс. Егер университетті бес жыл оқыса, бес жылдан соң Сіз екеуіңіз күткеннен инфляция төмен болатын болса, онда кім ұтады, кім ұтылады?

*Практикалық тапсырма (есеп).*

1 Есеп.

Инфляцияның жылдық деңгейі a% тең болып, ал нақты ЖҰӨ-нің төмендеуі b% болған жағдайда атаулы ЖҰӨ-нің жылдық пайыздық өзгеруі қанша болады?

| Нұсқа | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| a | 7 | 10 | 5 | 9 | 5 | 8 | 9 | 5 |
| b | 4 | 9 | 2 | 5 | 4 | 6 | 6 | 3 |

2 Есеп.

Мысалы, кәсіпкер 1 жылға деп 1000 доллар қарыз алады. Номиналды пайыз мөлшерлемесі 6%-ға тең, нақты инфляция деңгейі 4%-ды құрады, ал сол кездегі бағалар деңгейі бір игілік үшін 1 долларға сәйкес келеді.

Анықтау керек:

1) Кәсіпкер қанша ақша қарызға алды және қанша игілік сатып алды?
2) Келесі жылы игіліктің бағасы ұанша болады?
3) Келесі жылы кәсіпкер қанша ақша қайтарады және сол ақшаға қанша игілік сатып ала алады?

*БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары:*

1. Күтілетін және күтпеген инфляция
2. Инфляция мен жұмыссыздықтың өзара байланысы: мәселенің жалпы тұжырымы
3. Инфляцияға қарсы күресу шаралары
4. Инфляцияның экономикалық-әлеуметтік зардаптары
5. Қазіргі таңдағы инфляцияның ерекшеліктері

## Тақырып 7. Жиынтық сұраныс және жиынтық ұсыныс

1. Жиынтық сұраныс заңы және оған әсер ететін факторлар
2. Жиынтық ұсыныс: классикалық және кейнсиандық үлгілері
3. Макроэкономикалық тепе-теңдік және оның үлгілері
4. Сұраныс және ұсыныс сілкіністері. Тұрақтандыру саясаты.

### 1. Жиынтық сұраныс заңы және оған әсер ететін факторлар

Макроэкономикада жалпы экономикадағы баға деңгейі мен өндіріс көлемінің өзгерістерін, осы өзгерістердің себептері мен салдарын зерттеу үшін AD-AS үлгі базалық болыпсаналады.

Оның көмегімен мемлекеттің экономикалық саясатының әртүрлі вариантарын бейнелеуі мүмкін.

**Жиынтық сұраныс** – экономикада өндірілген түпкі тауарлар мен қызметкерлерге кеткен шығындардың соммасы ретінде көрінеді. Ол экономикадағы жалпы баға деңгейі және экономикалық агенттер талабын ұсынған (талап еткен) өндіріс көлемі арасындағы байланысты көрсетеді.

$$\textbf{Жиынтық сұраныс} = C + I + G + X_n;$$

мұндағы:

**C** – үй шаруашылығының жиынтық сұранысы;


**I** – инвестициялық сұраныс;

**G** – мемлекет тарапынан болатын сұраныс;

$\mathbf{X_n}$ – таза экспорт.

Баға дәрежесі мен ұлттық өндірістің нақты көлемі арасында кері байланыс. Жиынтық сұраныс – салыстырмалы түрде тұрақты, олар баяу өзгереді, мысалы, тұтыну шығындары, ал басқалары – динамикалы, мысалы, инвестициялық шығындар, олардың өзгеруі экономикалық белсенділіктің ауытқуын шақырады.

**Жиынтық сұраныстың қисығы AD (aggregate demant)** кез-келген мүмкін болған баға деңгейінде тұтынушылардың сатып алуға дайын тауарлар мен қызметтердің мөлшері. Ол тауар және ақша нарықтары тепе-теңдік жағдайында болатын экономикадағы жалпы баға деңгейі мен өндіріс көлемінің комбинациясын көрсетеді.



Ол тауар және ақша нарығының тепе-теңдігін қамтамасыз ететін шығару көлемі мен жалпы баға дәрежесінің комбинацияларын экономикада береді.


Жиынтық сұранысқа әсер ететін бағалы факторлар:

1. Процент ставкасының әсері;
2. Байлықәсері;
3. Импорт тауарларының әсері.

*1. Процент ставкасының әсер*і – тұрақты ақша массасында баға дәрежесінің өсуі процент ставкасының өсуіне алып келеді. Өйткені ақшаға деген қажеттілік өседі. Процент ставкасының өсуі тұтынушылардың сатып алуларын, ал өндірушілердің инвестицияларын қысқартуға алып келеді. Осыныңнәтижесіндежиынтықсұранысазаяды.

*2. Байлық әсері* – баға дәрежесінің өсуінде акция, облигация, мерзімдік активтердің құны төмендейді. Қолында осындай қаржы активтері бар халықтың жағдайы нашарлайды.Нәтижесінде жиынтық сұраныс азаяды.

*3. Импорт тауарларының әсері* – елдің ішінде баға өскенде отандық тауарларға сұраныс азаяды, ал арзан импорт тауарларына баға өседі. Бұл баға дәрежесінің өзгеруімен байланысты.




Жиынтық сұранысқа әсер ететін бағалы емес факторлар:

1. Тұтынушылардың тұрмысы;
2. Тұтынушылардың күтуі;
3. Салықтар;
4. Инвестициядан күтілетін пайда;
5. Кәсіпорындарға салынатын салық;
6. Мемлекет шығындағы өзгерістер.

Бағалы емес факторлар жиынтық сұранысқа әсер еткенде қисық оңға немесе солға қарай жылжиды: AD $\longrightarrow A_1D_1$ өскенде, AD $\longrightarrow A_2D_2$ азайғанда.

I. Тұтынушығындары:

1) Материалдық және қаржы активтерінен тұратын тұтынушылардың жақсы тұрмыс жағдайына тәуелді болады. Нақты күн қымбаттағанда, тұтынушылар тауарларды сатып алу үшін көп қаржы жұмсайды, ал ол жиынтық

сұранысты көбейтеді. Жиынтық сұраныс қисығы оңға қарай жылжиды. Нақты құн арзандағанда, жиынтық сұраныс қисығы солға қарай жылжиды.

2) Болашақта кірістің өзгеруіне байланысты тұтынушылардың күтуі. Егер адамдар болашақта кірісі көбейеді деп күтсе, ағымдағы кірістен саудаға көп ақша жұмсайды. Жиынтық сұраныс көбейіп, жиынтық сұраныс қисығы оңға қарай жылжиды. Керісінше жағдайда, жиынтық сұраныс азайып, жиынтық сұраныс қисығы солға қарай жылжиды.

3) Тұтынушылардың қарыздары – тұтынушылардың қарыздары көп болса, ағымдағы тұтыну азайып, жиынтық сұраныс азаяды, жиынтық сұраныс қиысығы солға қарай жылжиды.

4) Салықтар – табысқа деген жоғары салық жиынтық сұранысты азайтады, жиынтық сұраныс қисығы солға қарай жылжиды және керісінше.

II. Инвестициялық шығындар әртүрлі формада жиынтық сұранысты көбейтіп немесе азайтады.

1) Процент ставкасының өзгеруі – баға дәрежесімен байланысты емес процент ставкасының өсуі инвестициялық шығындарды азайтып, жиынтық сұранысты азайтады, жиынтық сұраныс қисығы солға жылжиды. Процент ставкасының төмендеуі инвестициялық шығындарды көбейтіп, жиынтық сұранысты көбейтеді, жиынтық сұраныс қисығы оңға жылжиды.

2) Инвестициялардан күтетін пайда – егер, кәсіпкерлер болашақта көп пайда болады деп болжамдаса, жиынтық сұраныс көбейеді, ал аз болады деп болжамдаса, жиынтық сұраныс азаяды.

3) Кәсіпорындар даналынатын салық – егер, салықтың деңгейі жоғары болса, жиынтық сұраныс азаяды, салықтың деңгейі төмен болса, жиынтық сұраныс көбейеді.

4) Жаңа технологиялар – жаңа технология инвестициялық шығындарды көбейтіп, жиынтық сұранысты көбейтеді.

5) Артық қуаттылық – артық қуаттылық жиынтық сұранысты азайтады, өйткені кәсіпорындардың қосымша қуаттылық қосуға ынтасы болмайды және бар қуаттылықты толық қолданбайды.

III. Мемлекеттікшығындар.

Мемлекеттің шығындары көп болса, жиынтық сұраныс көбейеді, мемлекеттің шығындары аз болса, жиынтық сұраныс азаяды.

IV. Жиынтық сұраныс таза экспорттан тәуелді болады. Экспорттың өсуі жиынтық сұранысты көбейтеді, экспорттың төмендеуі жиынтық сұранысты азайтады.

V. Жиынтық сұраныс экспортер елдердің ҰТ-нан тәуелді болады. Егер, экспортер елдердің ҰТ-ы көп болса, олар шет мемлекеттермен көп сауда жасайды. Бұл елдердің жиынтық сұраныск өбейеді, керісінше жағдайда, жиынтық сұраныс азаяды.

VI. Валюта курсының өзгеруі жиынтық сұранысқа әсер етеді. Егер осы елдердің валюта курсы жоғарыласа, шетелден көп тауар сатып алуға мүмкіндігі болады, бұл жиынтық сұранысты көбейтеді және керісінше.

Бұл қарастырылған 6 фактор баға дәрежесімен байланысты емес. Бұл факторлар белгілі баға дәрежесінде болады, сондықтан оларды бағалы емес факторлар деп қарастырамыз.

Жиынтық сұраныс қисығы әрбір берілген баға деңгейінде сатып алатын тауарлар мен көрсетілген қызметтер санын көрсетеді.

$$\mathbf{MV = PY}$$

Мұнда: **M** – ақша ұсынысы

**V** – ақша айналымының жылдамдығы (тұрақты)

**P** – баға деңгейі

**Y** – өндірілген өнім және көрсетілген қызмет саны.


Ақша ұсынысының бұл теңдеуі өндірістің атаулы көлемін анықтайды, ал ол өз кезегінде баға деңгейіне және өндірілген өнім санынатәуелді.

Сандық ақша теориясының теңдеуі ақша қаражатының сұранысы мен ұсыныс көрсеткіші түрінде нақты көрсетілуі мүмкін.

$$\mathbf{M/P=(M/P)^{d} = k\,Y}$$

Мұнда: $\mathbf{k = 1/V}$

Бұл теңдеу нақты ақша ұсынысы $M/P=(M/P)^d$ сұранысқа тең және сұраныс өндірілген өнім Y санына пропорционалды екенінін көрсетеді.




Жиынтық сұраныс қисығы.

## 2. Жиынтық ұсыныс: классикалық және кейнсиандық үлгілері


Жиынтық ұсыныс – бұл экономикада өндірілген (құнмен көрсетілген) түпкі тауарлар мен қызметтердің жалпы мөлшері. Көбінесе бұл түсініктеме жалпы ұлттық (немесе ішкі) өнімнің синонимы ретіндепайдаланылады.

Жиынтық ұсыны қисығы AS (aggregate supply) – экономикада жалпы баға деңгейінің әртүрлі шамаларында өндірушілердің нарыққа ұсынылатын жиынтық өндірістің көлемі.

Жиынтық ұсыныс – экономикада өндірілген түпкі өнімдер мен қызметтердің жалпы мөлшері. Бұл ұғым көп мөлшерде ЖҰӨ синонимі ретінде қолданылады.

**AS = ЖҰӨ**

Жиынтық ұсыныс қисығы AS экономикада бағаның әртүрлі дәрежесінде нарыққа өндірушілермен жиынтық өнімнің қандай көлемі ұсынылатынын көрсетеді.




Жиынтық ұсыныстың бағалы емес факторлары технологияда, баға ресурстарында, салық салудағы т.б. өзгерістер. Бағалы емес факторлар әсерін тигізгенде жиынтық ұсыныс қисығы оңға немесе солға жылжиды. Жиынтық ұсыныс өскенде, $AS \longrightarrow A_1S_1$, жиынтық ұсыныс азайғанда $AS \longrightarrow A_2S_2$ жылжиды.

Жиынтық ұсыныстың бағалы емес факторларының ерекшелігі олардың бәрі өндіріс шығындарын анықтайды, сондықтан бағалы емес факторлардың өзгеруі бірлік өнімге кететін шығындарды өзгертеді. Мысалы, мұнайға және мұнай өнімдеріне бағаның өсуі өндіріс шығындарын көбейтіп, экономикада әрбір баға дәрежесінде жиынтық ұсынысты азайтады, AS қисығы солға жылжиды. Жақсы ауа-райынан егіншіліктің көп болуы, жиынтық ұсынысты көбейтіп, AS қисығы оңға жылжиды.

Жиынтық ұсыныстың бағалы емес факторлары: технологиялық өзгеруі, ресурстар бағасы, фирмаларға салық салу және т.б. графикте AS қисығының жылжуымен анықталады.

Жиынтық сұраныс және жиынтық ұсыныс қисықтары баға деңгейінің және өнім өндірісі көлемінің мәндерін анықтауға мүмкіндік туғызады.

Жиынтық ұсыныс қисығының екі түрін ажырата білу қажет: ұзақ мерзімдік және қысқа мерзімдік жиынтық ұсыныстар.


Ұзақ мерзімдік кезеңде экономиканың функциясы классикалық үлгімен сипатталатындықтан, жиынтық ұсыныс қисығы соның негізінде, өндірілген өнімнің, көлемнің, еңбектің және классикалық теория бойынша тұрғызылады:

- өнім өндіру көлемі тек қана қолданылатын факторлар санына, яғни капитал мен еңбекке, технологияға байланысты, ал баға деңгейіне байланысты емес;
- өндіріс факторы мен технологиядағыөзгерістербаяуболады;
- экономикадағы барлық өндіріс факторлары қолданылады, яғни өнім шығару көлемі әлуетті өнім көлемінетең;
- баға және атаулы еңбекақы икемді және олардың өзгеруі нарықтағы теңдікті қамтамасыз етіпотырады.

$$\mathbf{Y = F\ (K_{орт},\ L_{орт}) = Y_{орт}}$$

Сонымен, классикалық үлгі негізінде өнім шығару көлемі баға деңгейіне тәуелді емес. Сондықтан сүретте көрсетілгендей жиынтық ұсыныс қисығы тік сызық болып табылады. Жиынтық сұраныс қисығының жиынтық ұсыныстың тік қисығымен қиылысуы нүктесі баға деңгейін анықтайды.

Егер жиынтық ұсыныс қисығы тік болса, онда жиынтық сұранысының өзгерісі бағаға әсер етеді, өндіріс көлеміне әсер етпейді. Мысалы, егер ақша ұсынысы қысқарса, онда сүретте көрсетілгендей жиынтық сұраныс қисығы төменге қарай ығысады. Экономикада жиынтық сұраныс пен ұсыныс қисықтары қиылысуының ескі нүктесінің жаңа нүктесінен ауысу жағдайы болады. $E_1$ және $E_2$ нүктелеріндегі жиынтық ұсыныс қисығы тік болғандықтан, жиынтық сұраныс қисығының жылжуы баға деңгейінің өзгеруіне әкеледі.




Жиынтық ұсыныстың ұзақ мерзімдік қисығы.

### 3. Макроэкономикалық тепе-теңдік және оның үлгілері

AD және AS қисықтарының қиылысуы экономикадағы өндірудің теңдестік деңгейі мен басқа деңгейін анықтайды. Толық жұмысбастылыққа жақын экономикада теңдестік бұзылса, онда осы өзгеріске алғашқы жауап беріп

және қысқа мерзімдік теңдестік орнатылған соң, ұзақ мерзімді тұрақты теңдестің жағдай орындалуына дейін қозғалыс жасалады. AD тербелуінде бағаның жауап беріп реттелуі бірте-бірте болады, ал ол өндіріс көлемі мен жұмысбастылықтың жаңа жағдайларға икемделуі едәуір тез болады.

AS қисығының формасы классикалық және Кейнс мектептерінде әртүрлі түсіндіріледі. Жиынтық ұсыныс әртүрлі уақытта бір фактордың әсері әртүрлі болуы мүмкін. Макроэкономикада қысқа мерзім (2-3 жыл) және ұзақ мерзім уақытының номиналды және нақты көрсеткіштермен байланыстырады. Қысқа мерзімде номиналдық көрсеткіштер (баға, номиналды жалақы, проценттік номиналдық ставка) нарықтық ауытқулардың әсерінен баяу өзгереді, ол олардың салыстырмалы «қаттылығын» көрсетеді. Нақты көрсеткіштер (шығару көлемі, жұмыспен қамту деңгейі, проценттің нақты ставкасы) - өте өзгермелі, «икемді». Ұзақ мерзімде керісінше номиналдық көрсеткіштер көп өзгеріп отырады, «икемділі» деп санайды, ал нақты көрсеткіштер өте баяу өзгереді, сондықтан зерттеуге оңай болу үшін оларды тұрақты деп санайды.

Классикалық үлгі экономиканың жағдайын ұзақ мерзімде бейнелейді. Классикалық теорияда жиынтық ұсыныс зерттеуі келесі жағдайлардан құрылады:

- Шығару көлемі тек қана өндіріс факторларының (еңбек пен капиталдан) мөлшерінен және технологиядан тәуелді, ал баға дәрежесінен тәуелсіз.
- Экономика өндіріс факторларының толық қамтылу жағдайында жұмыс істейді, сондықтан шығару көлемі потенциалдыға тең.
- Бағалар және номиналдық жалақы – икемді, олардың өзгерулері нарықтағы тепе-теңдікті қолдайды.

Классикалық модельде AS қисығының формасы еңбек нарығының зерттеуімен байланысты, еңбек негізгі фактор болғандықтан, қысқа мерзімде оның өзгеруі шығару көлеміне әсерін тигізеді.

Бағаның жалпы дәрежесінің өсуі нақты жалақыны төмендетеді, сондықтан еңбек нарығында еңбекке деген сұраныс ұсыныстан көп болады (жұмысшылар мен кәсіпкерлер номиналды және нақты жалақының өзгеруіне сезімденеді). Бұл номиналдық жалақының өсуіне алып келеді. Нәтижесінде нақты жалақы бұрынғы дәрежесіне дейін өседі, бұл еңбек нарығында тепе-теңділікті құрады, сондықтан шығару көлемі өзгермейді (аз ғана ауытқулар болуы мүмкін). Номиналдық жалақының корректировкасы тез болады, сондықтан баға дәрежесінің әртүрлі өзгеруінде жиынтық ұсыныс (шығару көлемі) өзгермей потенциал көлемінде қалады.

AS қисығының оңға немесе солға жылжуы - өндіріс факторларының немесе технологияның мөлшері өзгергенде болады.

Кейнс үлгісі экономиканың жұмысын салыстырмалы қысқа мерзім уақытында қарастырады. Жиынтық ұсыныс зерттеуі келесі алғышарттарына негізделеді:

- Экономика өндіріс факторларының толық қамтылмаған жағдайында жұмысі стейді.
- Бағалар, номиналды жалақы т.б. номиналдық көрсеткіштер салыстырмалы түрде қатты, нарықтық ауытқуларға баяу сезіледі.
- Нақты көрсеткіштер (шығару көлемі, қамтылу, нақты жалақы т.б.) қозғалмалы нарықтың ауытқуына тез сезіледі.

Егер номиналдық жалақы жеткілікті түрде қатты болса, ал бағалар салыстырмалы түрде икемді болса, онда жиынтық сұраныстың өсуімен байланысты олардың өзі нақты жалақының төмендеуіне алып келеді, еңбек арзан болады, бұл фирмалар жағынан еңбекке дегенс ұранысты көбейтеді.


Егер AD=ASболса, онда тауар нарығында тепе-теңдік орнайды. Бірақ нақты өмірде бұл тепе-теңдік сақтала бермейді.

1. Егер AD>AS, онда тепе-теңдік орнату үшін 2 варианты болуы мүмкін:
   - - өндіріс көлемін өзгертпей бағаны өсіру;
   - - шығарылатын өнім санын арттыру.
2. Егер AD<AS, онда мұнда да 2 вариант болуы мүмкін:
   - - өндіріс көлемін қысқарту;
   - - өндіріс көлемін өзгертпей бағаны түсіру.

## 4. Сұраныс және ұсыныс сілкіністері. Тұрақтандыру саясаты

Сілкініс – жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс күрт өзгеруі. Сілкініс - өндіріс көлемі мен жұмысбастылық әлеуметтік деңгейден ауытқуына әкеледі.

Сұраныс жағынан сілкініс болуының себебі, мысалы, ақша ұсынысының күрт өзгеруі немесе олардың айналым жылдамдығынның күрт өзгеруі, инвестициялық сұраныстың күрт төмендеуі. Ұсыныс сілкіністері ресурстар бағасының күрт көтерілуі, табиғи апаттармен, кәсіподақтар белсенділігінің жоғарлауы, заңдағы өзгерістермен байланысуы мүмкін.




Жиынтық сұраныстың өсуі.

AD-AS моделінің көмегімен сілкіністердің экономикаға әсерін және тұрақтандыру саясатының нәтижесін бағалауға болады.

Егер ақша көлемі өзгеріссіз қалса, онда ақша айналысы жылдамдығының өсуі нәтижесінде жиынтық сұраныс қисығы сүретте көрсетілгендей оңға қарай жылжиды.

**Талқылау сұрақтары:**

1. Жиынтық сұраныс және оны анықтайтын факторларды анықтаңыз?
2. Жиынтық ұсыныс: классикалық және кейнсиандық үлгілерін қарастырыңыз?
3. «AD-AS» үлгісіндегі макроэкономикалық тепе-теңдікті қарастырыңыз?
4. Сұраныс және ұсыныс сілкіністерін түсіндіріңіз?
5. Тұрақтандыру саясатын түсіндіріңіз?
6. Жиынтық сұраныстың қисығын көрсетіңіз?
7. Жиынтық ұсыныстың қисығын көрсетіңіз?
8. Ұзақ мерзімді макроэкономикалық тепе-теңдіктің шартын сипаттаңыз?

**Негізгі терминдер**

- жиынтық сұраныс
- жиынтық ұсыныс
- жиынтық сұраныс және оны анықтайтын факторлар
- жиынтық ұсыныстың классикалық үлгісі
- жиынтық ұсыныстың кейнстік үлгісі
- «AD-AS» үлгісі
- сұраныс сілкінісі
- ұсыныс сілкінісі
- тұрақтандыру саясаты.

**Тапсырмалар**

*Тест тапсырмалары:*

1. Жиынтық сұраныстың құрылымына кіретін сұраныс түрлері:
A. Ақша
B. Тұтыну тауарлары мен қызметтерін
C. Акция мен облигациялар
D. Несие
E. Инвестиция
F. Таза экспорт

2. Жиынтық сұраныс өзгеруін сипаттайтын MV = PY теңдеуінде:
A. M – ақша айналымы
B. P – экономикадағы баға деңгейі
C. V – қызмет көлемі
D. Y – шығарылған өнімнің нақты көлемі

E. Y – таза ұлттық өнім

3. AD қисығына қатысты қате тұжырымдар:
A. AD қисығының бойымен жылжу жиынтық сұраныстың жалпы баға деңгейі динамикасына байланысты өзгерісін бейнелейді
B. Ақша ұсынысы қысқарғанда, AD қисығы солға жылжиды
C. AD қисығының көлбеуі теріс
D. Бағалық факторлар AD қисығын оңға және солға жылжытады
E. Қысқа мерзімде AD қисығы көлделең сызық

4. Жиынтық сұраныс пен баға деңгейі арасындағы кері тәуелдік түсіндіріледі:
A. Жұмыссыздықпен
B. Циклдық дамумен
C. Инфляциямен
D. Пайыздық мөлшерлеме эффектісімен
E. Байлық эффектісімен
F. Импортталған заттар бағасымен
G. Таза экспортпен

5. Жиынтық сұраныс көлемінің динамикасына әсер ететін бағалық факторлар:
A. Кейнс әсері
B. Харрод-Домар үлгісі
C. Кейнс үлгісі
D. Шерман заңы
E. Клейтон заңы

6. AD-ныңбағадантысфакторларынажатады:
A. Бағалар деңгейі
B. Салық мөлшерлемесінің өзгерісі
C. Ақша ұсынысы
D. Байлық салдары
E. Ақша айналысының жылдамдығы
F. Бағалар деңгейінің өзгеруі
G. Пайыз мөлшерлемесінің салдары

7. Жиынтық ұсыныс:
A. Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы
B. Баға деңгейі мен өнім көлемі арасындағы тікелей байланысты білдіреді
C. Баға деңгейі мен тауарлар мен қызметтерге жұмсаған жиынтық шығындардың арасындағы байланыс
D. Баға мен өнім көлемі арасындағы кері байланысты білдіреді
E. Мемлекеттік шығындар сомасы

8. Жиынтық ұсыныстың ұзақ мерзімдік өзгерісін талдау шарты:
   A. Мемлекеттік шығындар деңгейі
   B. Салықтар деңгеімен
   C. Ақша ұсынысы
   D. Өндірілетін өнім көлемі баға деңгейіне тәуелді емес
   E. Халықтың қалауы
   F. Нарықтар бәсекелес
   G. Бағалар мен атаулы айлық жалақы өзгереді

9. Жиынтық ұсыныс қисығының қозғалысы мынаған байланысты:
   A. Ақша жиынының өзгеруіне
   B. Кәсіпкердің ақша туралы армандарына
   C. Тұтынушылардың табысына
   D. Ресурстар бағасына
   E. Сұраныс пен ұсыныс функцияларының тұрақты жағдайында баға деңгейінің өзгеруіне
   F. Өндіріс технологиясының өзгеруіне

10. AS қисығының классикалық нұсқасына сәйкес ұзақ мерзімдегі жиынтық сұраныстың өзгеруі:
   A. ЖҰӨ әсер етпейді
   B. Өндіріс көлеміне әсер етпейді болу керек
   C. Өнім көлеміне емес, баға деңгейіне әсер етеді
   D. Жалақының көбейуіне әкеледі
   E. Инфляция деңгейіне әсер етеді

*Тапсырма (case-study).*

Кәсіподақтар экономикадағы бағаның өсуіне байланысты өмір сүру деңгейін ұстап тұру үшін жалақыны жоғарылатуға деген талаптарды күшейтті. AD-AS үлгіні пайдалана отырып, мұндай жағдайда стагфляция қалай пайда болуы мүмкін?

Жауабыңызды негіздеңіз.

*Тапсырма (эссе).*

Эссе тақырыбы: «Сілкіністер».

Келесі жағдай: 2014 жылы күріш (ірімшік, футбол матчына билеттер) бағасының өсуі. Сұраныс сілкіністері: кім кінәлі және не істеу керек? Сұраныс сілкіністер (күріш, ірімшік, футбол матчына билеттер) жағдайларын қарастырыңыз, оларды не туындатты? Сол кезеңдегі жаңалықтарды талдаңыз, халыққа не деп айтылды (себебі неде, не күтеміз), және оның реакциясы қандай болды? Қандай тұтынушылық стратегиялар байқалды? Олар рационалды немесе рационалды емес болды ма?

*Тапсырма (эссе).*

Кәсіподақтар экономикадағы бағаның өсуіне байланысты өмір сүру деңгейін ұстап тұру үшін жалақыны жоғарылатуға деген талаптарды күшейтті. AD-AS үлгіні пайдалана отырып, мұндай жағдайда стагфляция қалай пайда болуы мүмкін?

*Тапсырма (топтық жұмыс).*

Жаңа технологиялық құралдарды енгізу нәтижесінде банк жүйесіндегі ақша айналымының жылдамдығы ұлғаяды. Орталық банк ақша ұсынысын өзгертіп экономикадағы өндіріс көлемі мен баға деңгейін тұрақтандыру шараларын жүргізді.

Болатын сілкініс пен Орталық банктің тұрақтандыру саясатын графикте қалай бейнелеуге болатынын көрсетіңіз?

*Практикалық тапсырма (есеп).*

1 Есеп.

Ұзақ мерзімді AS қисығы Y=2000 берілген, қысқа мерзімді AS қисығы P=1,0 деңгейінде көлденен сызық болады. AD қисығы Y=2,0*M/P теңдеуімен берілген. Ақша ұсынысы (M) -1000 тең. Баға сілкінісі нәтижесінде жиынтық ұсыныстың қысқа мерзімді қисығы P=1,25 деңгейіне дейін көтерілді.

Есептеу керек:

1) Сілкіністен кейінгі экономикадағы қысқа мерзімді тепе-теңдік нүктесінің координаттары қандай болады?
2) Орталық банк экономикадағы өндірістің бастапқы деңгейін орнату үшін ақша ұсынысын қаншаға көбейту керек?

2 Есеп.

Егер: $t_1$ жылында әлеуетті ЖҰӨ – 4000, AD қисығы Y=4200 - 2P теңдеуімен берілген. Т жылында әлеуетті ЖҰӨ - 1%-ға өсті, ал жиынтық сұраныс теңдеуі Y=4280- 2P болды.

Есептеу керек: t жылындағы тепе-теңдік баға деңгейі қанша пайызға өзгерді?

*БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары:*

1. Қысқа мерзімді тепе-теңдіктен ұзақ мерзімді тепе-теңдікке көшу
2. Тұрақтандыру саясаты
3. Жиынтық ұсыныс: классикалық және кейнсиандық үлгілері
4. «AD-AS» үлгісіндегі макроэкономикалық тепе-теңдік
5. Сұраныс және ұсыныс сілкіністері

## Тақырып 8. Тұтыну, жинақтау және инвестициялар

1. Тұтыну және оған әсер ететін факторлар
2. Жинақтау және оны анықтайтын факторлар
3. Инвестиция, мультипликатор-акселератор әсері

### 1. Тұтыну және оған әсер ететін факторлар

Тұтыну адамдардың өмірінің негізін құрайды. Осы мақсатқа сәйкес олар материалдық игіліктер өндірісін ұйымдастырады. Өндіріс дәрежесінен тұтыну дәрежесі тәуелді болады. Тұтыну дәрежесімен анықталатын өмір сапасы әрбір жанұяда, әлеуметтік топтарда бірдей болмайды. Тұтыну дәрежесі табыстан тәуелді болады. Тұтыну халықтың тауарлар мен қызметтерге сұранысын анықтайды. Сондықтан экономикалық теорияда тұтыну ол халықты тауарлар мен қызметтер сатып алуға жұмсайтын ақша шығындары ретінде қарастырылады. Әрбір жанұяның, әлеуметтік топтардың тұтыну дәрежесі олардың бюджетінен, кейбір игіліктердің қажеттілігінен, кейбір игіліктердің төлемді немесе төлемсіздігінен, нарықта тауарлардың болуынан т.б. факторларға тәуелді болады. Бірақ жанұялардың табыстары бірдей болғанымен, шығындар құрылымы әртүрлі болады. Халықтың қор жинау дәрежесі табыс дәрежесінен тәуелді болады. Қор жинау дегеніміз ол тұтынылмайтын табыстың бір бөлігі. Сондықтан тұтыну мен қор жинаудың жиынтығы табысты құрайды.

**Табыс = тұтыну + қор жинау;**
**Тұтыну = табыс – қор жинау;**
**Қор жинау = табыс – тұтыну.**

Жанұяның табысы қаншаға аз болса, олар соншаға аз сақтайды. ¦лттық қор жинау – ол тұтыну көлемі мен мемлекеттік сатып алуларды алып тастағаннан кейінгі экономикалық жиынтық табысы. ¦лттық қор жинау жеке және мемлекеттік жинақтардан тұрады.

Жеке қор жинау – салықтар мен тұтынуға шығындарды шегергеннен кейінгі қалатын үй шаруашылығының табысы. Мемлекеттік қор жинау – ол мемлекеттің жинаған салықтары мен оның шығындарының айырмасымен (айырмашылық) қалған табыстар.

***Тұтыну функциясы*** – тұтынудың негізін анықтайтын тәуелділік, мысалы, тұтыну көлемінің табыс көлеміне тәуелділігі, яғни **С = С (У)**, мұндағы: С – тұтыну, У - табыс.

## 2. Жинақтау және оны анықтайтын факторлар

***Қор жинау функциясы*** - ол жиынтық қор жинаудың (S) табыстан (У) тәуелділігі, яғни **S = S (У)**, мұндағы: S-қор жинау, У - табыс.

Қор жинау функциясының нақты қасиеттері тұтыну функциясына кері (қарама-қарсы) болады.

$$\mathbf{У = C + S}$$

Тұтыну ағымдағы қажеттіліктерді қамтамасыз етеді, ал қор жинау болашақтағы қажеттіліктерді қамтамасыз етеді. Тұтынуға (С) кететін жалпы табыстың (У) үлесі **тұтынуға орташа бейімділік** (АРС) деп аталады.

$$\mathbf{APC = \frac{Тұтыну}{Табыс} = \frac{C}{У};}$$

Қор жинауға (S) кететін жалпы табыстың (У) үлесі қор жинауға орташа бейімділік деп аталады.

$$\mathbf{APS = \frac{Қоржинау}{Табыс} = \frac{C}{У};}$$

Тұтынуға кететін табыстың (қысқарудың) үлесі тұтынуға шектеулі бейімділік деп аталады.

$$\mathbf{MPC = \frac{\Delta C}{\Delta У};}$$

Қор жинауға кететін табыстың өсуі (қысқаруы) қор жинауға шектеулі бейімділік деп аталады.

$$\mathbf{MPS = \frac{\Delta C}{\Delta У};}$$

$$\mathbf{MPS + MPC = 1}$$

Тұтыну

Тұтыну функциясы табыстың өсуі мен тұтынудың өсуін көрсетеді. Егер шығындар табысқа сәйкес болса, онда оны ОА қисығының қандай да нүктесі көрсетереді. Негізінде табыстың бір бөлігі ғана тұтынуға кетеді, сондықтан ОА қисығы төменге қарай қисаяды. В нүктесі нольдік жинақтау дәрежесі. В

нүктесінен солға қарай кері жинақтау, яғни тұтынуға кететін шығындар табыстан жоғары болады (қарыздар), оңға қарай жылжитын жинақтаулар жағымды (оң) болады. П.Самуэльсонның айтуы бойынша тұтыну мен жинақтау графиктері ол «Сиам егіздері» сияқты. Жинақтау графигі ОА сызығының көрсеткіштері, сәйкестік ОС көрсеткіштерін алу мен шығады (айнадан көрінетін көрініс сияқты). Яғни табыстың өсуі тұтынуға немесе жинақтауға жіберіледі. Ұзақ жылдар бойы – табыс өскен сайын оның азайған үлесі тұтынылады, ал өсудің көбейген үлесі сақталады деп саналған. Бұл көзқарастың оппоненттері керісінше ойлаған, қазір көп экономистердің ойынша, экономика үшін MPC пен MPS салыстырмалы түрде тұрақты деп ойлаған. Осы уақытқа дейін тұтыну мен жинақтаудың табыстан тәуелділігі ғана қарастырылған. Бірақ оларға басқа факторлар да әсерін тигізеді:

1. *Байлық*. Жанұяда қаншаға жиналған байлық (қозғалмайтын мүлік + құнды қағаздар) көп болса, соншаға тұтыну мөлшері көп, жинақтау мөлшері аз.

2. *Баға дәрежесі*. Баға дәрежесінің өсуі тұтынуды азайтады, баға дәрежесінің төмендеуі оны көбейтеді.

3. *Күтулер*. Егер баға өседі деп күтілсе, онда тұтыну өседі, жинақтау азаяды. Болашақтағы жоғарғы бағадан сақтану үшін адам қажетті нәрсесін мол алады.

4. *Салық салу*. Салықтың өсуі тұтыну мен жинақтауды азайтады. Салықтың төмендеуі оларды көбейтеді.

### 3. Инвестиция, мультипликатор-акселератор әсері

Инвестиция ЖҰӨ өндірісіне жұмсалатын табыстың маңызды бөлігін құрайды. Инвестициялардың маңызды бөлігі адамдардың жинақтауынан және кәсіпорындардың пайдасынан құрылады. Экономикалық теория көзқарасынан өндірісті ұлғайтуға, жаңартуға, жаңа технологиялар, материалдар т.б. еңбек құралдарына енгізуге кететін шығындарды инвестиция деп атайды. Инвестициялар ол мемлекеттік және жеке сектордың пайда табу мақсатымен ел ішінде және сыртында салынатын ұзақ мерзімдік салымдар.

Инвестициялардың бағыттары:

1. Жаңа өндірістік ғимараттарды салу;
2. Жаңа құралдар, техника және технологияны сатып алу;
3. Материалдар мен шикізатты қосымша сатып алу;
4. Әлеуметтік бағытталған объектілер мен үйлер салу;

Осы бағыттарға сәйкес инвестициялар бөлінеді:

- негізгі капиталға инвестициялар;
- тауарлы-материал запастарына инвестициялар;
- адам капиталына инвестициялар.

Жалпы инвестициялар – ол ескі құралдарды ауыстыруға кететін шығындар (амортизация) мен өндірісті ұлғайтуға жұмсалынатын инвестициялар

өсімі. Егер жалпы инвестициялардан негізгі капиталға амортизация соммасын алып тастасақ, таза инвестиция қалады.

Таза инвестициялар бар капиталды ұлғайтуға, сонымен қатар экономикалық өсуге жағдай жасайтын шығындар. Егер таза инвестициялар оңтайлы мөлшерде болса, онда экономика дамиды. Егер таза инвестициялар нольдік мөлшерде болса (жалпы шығындар мен амортизация тең болса) онда экономика статика жағдайында болады. Егер таза инвестициялар кері (теріс) мөлшерде болса (жалпы шығындар амортизациядан аз болса), іскерлік белсенділік төмендейді. Инвестициялық сұранысты анықтайтын факторларға жататындар:

1. Пайда нормасын күту;

2. Банк процентінің ставкасы.

Егер күтілетін пайда нормасы жоғары болса, инвестициялар өседі. Процент ставкасы болашақ капиталын қарызға алу үшін фирманың төлейтін бағасы. Егер күтілетін пайд анормасы (мысалы 10%) проценттік ставкадан көпболса (7%), онд аинвестициялау пайдалы болады және керісінше.

Инвестицияға сұраныстың тәуелділігі процент нормасына кері пропорционалды болады.

Инвестицияларға сұраныс қисығының жағдайына басқа факторлар да әсер етеді:

1. Инвестициялардан күтілетін табыстардың өсуін жақсартатын факторлар, бұл қисықты оңға қарай жылжытады (инвестициялық сұранысты көбейтеді);

2. Инвестициялардан күтілетін табыстарды азайтатын факторлар бұл қисықты солға қарай жылжытады (инвестициялық сұранысты азайтады). Бұл факторларға жататындар: құралдар алуға шығындар, кәсіпкерлікке салынатын салық, инфляция және т.б.

Табыстар мен инвестициялардың тәуелділігі мультипликатор арқылы анықталады. Инвестицияның тиімділігін анықтау үшін оларды алынған нәтижемен салыстыру керек. Күрделі қаржының тікелей нәтижесі болып негізгі қорды іске қосу болады. Ал инвестицияның түпкі нәтижесі ұлттық табыстың өсуі болмақ. Инвестиция тиімділігінің артуы дегеніміз ең аз инвестиция мөлшерімен нәтижесі бір өнімге деген инвестицияның жеке үлесінің азаюында қоғам үшін қажетті прогрессивті өнімді шығару. Инвестициялық тиімділікті арттыру жолдары:

1. Инвестициялық құрылымды жақсарту, бұл жабдықтарға шығындар оның жеке үлесінің артуын көрсетеді;

2. Жұмыс жасап тұрған кәсіпорындарда техникалық қаруландыру мен реконструкциялаудың және жаңа құрылыстың салынбауында күрделі қаржының жеке үлесінің артуы;

3. Жаңа объектілерді салу мерзімін қысқарту.

Инвестициялық тиімділікті арттырудың басты құралы техникалық прогресс болып табылады. Жаңа техниканы ендіру оның экономикалық тиімділігін анықтау қажеттілігі қарастыруда және оның пайдалы жобасын ескісімен салыстырғанда, келесі нормативтермен айқындалады: машина, станоктың қуаты мен өнімділігі және т.б.

Инвестицияларға сұраныс қисығының жағдайына басқа факторлар да әсер етеді:

1. Инвестициялардан күтілетін табыстардың өсуін жақсартатын факторлар, бұл қисықты оңға қарай жылжытады (инвестициялық сұраныстыкөбейтеді);

2. Инвестициялардан күтілетін табыстарды азайтатын факторлар бұл қисықты солға қарай жылжытады (инвестициялық сұранысты азайтады). Бұл факторларға жататындар: құралдар алуға шығындар, кәсіпкерлікке салынатын салық, инфляция жәнет.б.

**Мультипликатор және акселератор әсері**

Мультипликатор – көбейткіш, ал акселератор бұл дайын өнім сұранысының өсуіне деген интенсивті өсушілік коэффиценті. «Мультипликатор» ұғымын ағылшын экономисті Кан 1931 ж. ендірген, кейінірек Дж.М.Кейнс өзінің «Жұмыспен қамту, өсім және ақшаның жалпы теориясы» (1936 ж.) кітабында дамытты. Бұл ұғымды Р.Харрод, А.Халли, Д.Хинс, П.Самуэльсон, Н.Колдар және т.б. өз еңбектерінде қарастырған. Мультипликатор қолда бар күрделі қаржының өсуі кезіндегі ұлттық табыстың қанша есеге өсетіндігін көрсетеді. Мысалы, жаңа жолды салуға күрделі қаржы 5 млн. доллар керек дейік және орташа табыс жылына 1000 млн. доллар болатын. Алғашқы кезде 1000 адамды жұмысқа тартады. Бірақ жолды салуға белгілі көлемде ірі жабдықтар мен материалдар қажет және оларды өндіруге жұмыс атқаратын 1200 адам керек (сол бұрынғы жылдық табыс бойынша) болды. Жұмысты атқаратындардың өсуі тұтыну заттарына сұранысты өсіре түседі. Сөйтіп келесі кезекте олардың өндірісінің ұлғаюына алып келеді және 800 адамды қосымша жұмысқа тартады.

Демек, инвестициямен тікелей байланысты 1000 жұмысшыны жалдау нәтижесінде, жұмысты атқарушылардың түпкі жиынтығын 3000 адам жалпы 15 млн. доллар табысын құрайды немесе алғашқыдан 3 есе көп деген сөз. Бұл жағдайда мультипликатор 3-ке тең. Мультипликатор инвестиция көлемі өскендегі ЖҰӨ мөлшерінің көбеюін көрсететін сандық коэффициент.

$$\textbf{Мультипликатор МР} = \frac{\textbf{ЖҰӨ (Ұлттық табыс) өсімі}}{\textbf{Инвестиция өсімі}};$$

**ΔЖҰӨ = МР* ΔI**

Мультипликатор тұтынуға шекті бейімділікке (МРС) тікелей тәуелділікте және қор жинауға шекті бейімділікке (MPS) кері тәуелділікте болғандықтан

$$МР = \frac{1}{1-МРС} = \frac{1}{MPS};$$

Инвестиция мен табыс өзгерістері арасындағы тәуелділікті келесі шартты мысалда көруге болады. Айталық, инвестиция өсімі 50 млн. долларды құрасын. Бұл жағдайда табыс та ұлғаяды. Табыс алушылар оны тұтынуға шекті бейімділікке сәйкес жұмсайтын болады. Айталық, табыс өсімінің 80%-і немесе 40 млн. доллар (50*0,8) тұтыну тауарлары мен қызметтеріне жұмсалынатын болады, нәтижесінде тұтыну игіліктерін өндіретін салаларда табыс ұлғаяды. Бұл табысты алушылар өз кезегінде өздерінің тұтынуға бейімділіктеріне сәйкес 80%-ін немесе 32 млн. долларды (40*0,8) тұтынуға жұмсайды. Бұл сома тауарлар мен қызметтерді сатушының табысын құрай отырып, тағы да 80% немесе 25,6 млн. доллар (32*0,8) тұтынуға жұмсалады. Нәтижесінде табыстың жалпы өсімі 250 млн. долларға жақындайды. Сонда:

$$МР = \frac{1}{1-МРС} = \frac{1}{1-0,8} = 5;$$

Демек, табыс өсімі ΔY (ЖҰӨ, ҰТ) = ΔI* МР =50*5 = 250 млн. доллар

Сондықтан:

1. Қаншаға халықтың қосымша тұтынуға кеткен шығындары көп болса, мультипликатор мөлшері көп болады. Инвестиция өсімшілігіне берілген көлемінде ЖҰӨ өсімшілігі болады.

2. Қаншаға халықтың қосымша жинақтауы көп болса, мультипликатор мөлшері төмен болады, инвестиция өсімшілігі берілген көлемінде ЖҰӨ өсімшілігі болады. Акселератордың іс-әрекеті мультипликаторға байланысты: мультипликатор инвестицияның көбеюімен ұлттық табыстың өсуін (оның өсуі еселенеді) қарастырады; акселератор өнім (табыс, сұраныс) өсімінің тек ғана тәуелді инвестицияларға, яғни тұтыну шығындары деңгейінің ұлғаюы нәтижесінде пайда болған жаңа капиталға қатынасын көрсетеді. Акселерация принципі тұтыну шығындарының ұлғаюы немесе азаюы капиталдың қорлануында өзгеріс туғызатындығынан тұрады. Акселерация принципін алғаш рет 1913 ж. Француз экономисті А.Афтольон (1874-1956 ж.ж.) және 1919 ж. Американ экономисті Дж.М.Кейнс ұсынған. Кейінірек ол Р.Харрод, Дж.Хикс,

П.Самуэльсон еңбектерінде одан әрі дами түсті. Акселератор ол осы жылғы инвестиция өсімшілігінің өткен жылдары ұлттық табыстың өсімшілігіне сандық қатынасы.

$$\text{Акселератор} = \frac{\text{Ағымдағы жылғы инвестиция өсімі}}{\text{Өткен жылғы ұлттық табыс өсімі}}$$

Макроэкономикалық модельдерде акселератор мультипликатормен бірігіп шетелдерде экономиканы реттеу үшін кең қолданылады.

**Талқылау сұрақтары:**

1. Тұтыну және жинақтау түсінігін қарастырыңыз?
2. Тұтыну және жинақтау функцияларын қарастырыңыз?
3. Тұтыну және жинақтауды анықтайтын факторларды анықтаңыз?
4. Инвестиция мәні мен түрлерін көрсетіңіз?
5. Инвестициялық шығындардың мультипликаторлық мәні неде?
6. Тұтыну мен қор жинау көлемі неге тәуелді және оларға қандай факторлар әсер етеді?
7. Мультипликатор мен акселератор қандай қатынасты сипаттайды?

## Негізгі терминдер

- тұтыну
- тұтыну функциясы
- тұтынуға орташа бейімділік
- тұтынуға шекті бейімділік
- жинақтау
- жинақтау функциясы
- жинақтауға орташа бейімділік
- жинақтауға шекті бейімділік
- инвестициялар
- мультипликатор
- табыс
- автономды тұтыну
- автономды инвестициялар
- автономды шығындар.

## Тапсырмалар

*Тест тапсырмалары:*

1. Тұтыну функциясының графигіндегі биссектриса сипаттайды:

A. Автономды тұтыну нөлге тең
B. Қажеттілікті бірдей қанағаттандыратын нүктелер жиыны
C. Бірдей өнім шығаруды қамтамасыз ететін факторлар комбинациясы
D. Үй шаруашылықтарының табысы шығындарына тең нүктелер

E. Нақты және жоспарланған шығындар тең сызық

2. Кейнстің қарапайым мультипликатор үлгісі көрсетеді:
A. Инвестиция өсімінің жинақ өсіміне қатынасын
B. Табыс өсімінің инвестиция өсіміне қатынасын
C. Салық өсімінің жинақ өсіміне қатынасын
D. Табыс өсімінің мемлекеттік шығын өсіміне қатынасын
E. Ақша массасы өсімінің, табыс өсіміне қатынасын
F. 1/1-b (l-t)

3. Тұтыну функциясының графигіндегі көлбеулігі 45 градус болатын түзуде:
A. Нақты және жоспарланған шығындар бір-біріне тең болады
B. Жинақтау мен инвестициялар теңдігі бұзылады
C. Жинақтаудың ең үлкен деңгейіне сәйкес нүктелерді анықтаймыз
D. Үй шаруашылығы шығыны мен табыстары бір-біріне тең болатын нүктелер анықталады
E. Үй шаруашылықтарының табыстың әр деңгейіне сәйкес тұтыну көлемін анықтаймыз
F. Нақты инвестициялар мен қор жинау теңдігі сақталады

4. Тұтыну функциясының графигиндегі көлбеулігі 45 болатын түзуде:
   A. Үй шаруашылықтарының табыстың әр деңгейіне сәйкес болатын жинақтау сомаларын анықтаймыз
   B. Үй шаруашылықтарының табыстың әр деңгейіне сәйкес тұтыну көлемін анықтаймыз
   C. Үй шаруашылығы шығыны мен табыстары бір-біріне тең болатын нүктелер анықталады
   D. Нақты инвестициялар мен қор жинау теңдігі сақталады
   E. Нақты және жоспарланған шығындар бір-біріне тең болады

5. Тұтынуға шекті бейімділік:
   A. Тұтыну көлемінің өсімі мен қолда бар табыстың өсімінің қатынасы
   B. Тұтыну өсімінің қолдағы табыс өсімінің бірлігіне қатынасы
   C. Шығынның жинаққа қатысы
   D. Табыстың жинаққа қатынасы
   E. Тұтынуға бөлінген өсім
   F. Жылдық кірістің үлесі

6. Қысқа мерзімді кезеңде ағымдағы қолда бар табыс өскен сайын:
   A. APC және APS кемиді
   B. Қор жинауға шекті бейімділік өседі
   C. Тұтыну шығындары да, қор жинау да кемиді

D. Отбасы табысының өсуімен тұтынуға кеткен шығын бөлігі салыстырмалы өседі және қор жинағы салыстырмалы қысқарады
E. APC өседі, APS кемиді
F. Отбасы табысының өсуімен тұтынуға кеткен шығын бөлігі салыстырмалы қысқарады және қор жинағы салыстырмалы өседі

7. Қысқа мерзімді кезеңде ағымдағы қолда бар табыс өскен сайын:
A. Отбасы табысының өсуімен тұтынуға кеткен шығын бөлігі салыстырмалы өседі және қор жинағы салыстырмалы қысқарады
B. Тұтыну шығындары да, қор жинау да кемиді
C. APC кемиді, APS өседі
D. Отбасы табысының өсуімен тұтынуға кеткен шығын бөлігі салыстырмалы қысқарады және қор жинағы салыстырмалы өседі
E. Қор жинауға шекті бейімділік өседі

8. Жоспарланған шығындар:
A. Жоспарланбаған инвестицияларды алып тастағандағы нақты шығындар
B. Ұлттық табыс өзгерісіне байланысы жоқ шығындар
C. Нөлдік табыстағы шығындар
D. Тауар-материалдық қорларға жоспарланбаған инвестиция
E. Ұлттық табыс өзгерісіне байланысы бар шығындар

9. Тұтыну және қор жинағының динамикасын анықтайтын факторлар:
A. Үй шаруашылығының табысы
B. Үй шаруашылығында жиналған байлық
C. Инвестиция көлемі
D. Баға деңгейі
E. Қолма қол табыстың өсуі
F. Таза табыстың күтіліп отыратын нормасы
G. Нақты пайыз мөлшерлемесі

10. Үй шаруашылығы қор жинағының мотивтері:
A. Қымбат тауарларды сатып алу
B. Таза пайда нормасын барынша көбейту
C. Тұтынуға бөлінген, жылдық табыстың үлесін арттыру
D. Тұтыну мен жинақтауға жіберілген жылдық кірістің үлесін арттыру
E. Кәрілікті қамтамасыз ету
F. Балалардың болашағын қамтамасыз ету

*Тапсырма (эссе).*

Эссе тақырыбы: «Халықтың табыстары, шығындары және тұтынулары».

Халықтың тұтыну және дағдарыс жағдайында олардың шығындар

құрылымының статистикасын қарастырыңыз, экономиканың тұрақты кезеңдерімен салыстырыңыз, осы тақырыпқа байланысты экономикалық жаңалықтар мен мақалаларды тыңдап оқып көріңіз, қандайда бір заңдылықтар бар ма? Қандай тауарларға сұраныс төмендеген? Қандай тауарларға сұраныс өзгермеген? Қандай тауарларға сұраныс өскен?

*Практикалық тапсырма (есеп).*

1 Есеп.

Тұтыну функциясы берілген C = 25 + 0,7(Y - T). Тұтыну функциясының экономикалық түсінігін анықтап келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

А) Қолдағы табыстың қанша пайызы тұтынуға жұмсалады?

Б) Қолдағы табыстың қанша пайызы қорға жиналады?

В) Тұтынуға шекті бейімділік коэффициенті неше болады?

С) Автономды тұтыну неше болады?

2 Есеп.

Келесі мәліметтер берілген:

Жоспарланған жинақтау S=-40+0,2Yd тең, жоспарланған инвестициялар I = 60 тең.

Есептеу керек:

1) Автономды шығындар мультипликаторының мқлшерін есептеңіз?

2) Тұтыну функциясын анықтаңыз?

3 Есеп.

Мысалы А елінде 100 жанұя бар делік. Осы жанұялардың бір бөлігінің тұтынуға шекті бейімділігі ½ тең, ал екінші жанұялардың жартысынікі – ¾ тең.

А) Егер қолда бар табыс 10000 долларға көбейсе және де оның қосымша өсімінің барлығы жанұялардың бірінші бөлігіне қатысты болса, онда тұтынуға жалпы шығындар қаншаға өседі?

Б) Егер де табыстың қосымша өсімінің барлығы жанұялардың екінші бөлігіне қатысты болса, онда тұтынуға жалпы шығындар ұаншаға өседі?

4 Есеп.

Берілгені: C = 3657; I = 741; G = 1098; Экспорт = 673; Импорт = 704; Амортизация = 576; Бизнеске салынатын жанама салық = 47; Корпоративтік пайда = 298; Әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар = 507; Таза пайыз = 467; Дивиденттер = 159; TR = 660; Жеке пайыздық табыс = 680; Жеке салықтар = 699.

Есептеу керек: Жеке қолдағы (таза) табысты анықтаңыз?

5 Есеп.

Экономика келесі деректермен берілген:

$Y = C + I$

$C = 100 + 0,8Y$

$I = 50$

Анықтау керек:

1) Тепе-теңдік табыс деңгейін?

2) Тепе-теңдік жинақтау және тұтыну деңгейін?

3) Егер өндіріс деңгейі 800-ге тең болса, онда өнім қорының жоспарланған өсімі қандай болады?

4) Егер автономды инвестициялар 100-ге дейін өссе, онда тепе-теңдік өндіріс қалай өзгереді? Автономды шығындар мультипликаторының мөлшері қандай болады? Тепе-теңдік өзгеруін график түрде көрсетіңіз?

*БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары:*

1. Инвестициялар мен ұлттық табыстың өзара байланысы
2. Мультипликатор теориясы
3. Тұтыну және жинақтау функциялары
4. Тұтыну және жинақтауды анықтайтын факторлар
5. Инвестиция мәні мен түрлері

## Тақырып 9. Мемлекеттік бюджет. Бюджет тапшылығы және мемлекеттік қарыз

1. Мемлкеттік бюджет түсінігі
2. Бюджет тапшылығы және бюджет артықшылығы
3. Бюджет артықшылығының экономикаға әсері. Бюджет тапшылығын қаржыландыру көздері
4. Мемлекеттік қарыз және оны жабу жолдары

### 1. Мемлкеттік бюджет түсінігі

**Мемлекеттік бюджет -** мемлекеттің белгілі бір уақыт кезеңіне, көбінесе бір жылға арналған кірістері мен шығыстарының қаржы жоспары. Онда мемлекеттік кірістердің түсетін көздері және қаражаттың жұмсалу бағыттары мен арналары көрсетіледі. Мемлекеттік бюджетті үкімет әзірлейді, жоғары заң шығарушы органдар қабылдап, бекітеді. Бюджеттің атқарылуы барысында оның ішінара қайта қаралуы мүмкін. Барлық демократиялық мемлекеттерде Мемлекеттік бюджетті қабылдау парламенттің аса маңызды өкілеттіктерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттің экономикаға әсер етуі салық салу құралдары арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік шығындар мемлекеттік бюджеттің қаржыларын пайдалану нәтижесінде мүмкін болады, ал салық бюджетті қаржымен қамтамасыз ететін бірден-бір құрал.

Салық төлемі (T), мемлекеттік шығындар (G) және жоспарланған инвестиция I-дің белгілі бір деңгейінде тепе-теңдік өнім көлемі Y қалыптасқанын кейнс кресі көрсетеді.

Ресурстар жұмыспен толық қамтылмаған жағдайында да тепе-теңдік жағдай қалыптаса береді. (Мұндай жағдай жиынтық сұраныстың тиімсіз болуының салдарынан қалыптасуы мүмкін.) Сондықтан да пайда болған үзілісті жою үшін, экономиканы мемлекет тарапынан реттеу құралдары пайдаланылады. Олар бюджетке төленетін салық төлемі (T) мен мемлекеттік шығындар көлемінің өзгеруі (C) арқылы жүзеге асырылады.

Фискалдық саясат (қазыналық саясат) - мемлекеттік бюджет жағдайын, салық салуды және мемлекеттік шығындардың өзгерісін реттеу мақсатында үкімет тарапынан жүргізілетін шаралар. Бұл шаралар жұмыспен толық қамтылуды, төлем балансының тепе-теңдігін және экономиканың өсуін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Бюджет-салық саясатының мынадай бірнеше мақсаттары бар:

1. Экономикалық циклдің ауытқуларын қалпына келтіріп отыру.
2. Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету.
3. Инфляцияның қалыпты жағдайында жұмысбастылықтың жоғары деңгейіне қол жеткізу.

**Салық саясаты** – мемлекеттің экономикалық саясатының бір бөлігі. Салық негізін, мөлшерлемесін, жеңілдіктерін және шегерімдерін өзгерту жолымен іске асырылады. Салық саясаты экономикаға мемлекеттің араласуы нәтижесінде мемлекеттік бюджетті қалыптастырады және жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) ауқымымен, экономиканың жеке секторларына салық шараларын қолдану дәрежесімен айқындалады. Мысалы, жеңілдіктер мен шегерімдердің болмашы көлемімен ұштастырылатын кең ауқымды салық негізі салық салудың біркелкі мөлшерде болуын қамтамасыз етіп, экономиканың жекеше секторына ресурстарды орналастыру үдерісіне мемлекеттің араласуы ауқымын төмендетеді.

## 2. Бюджет тапшылығы және бюджет артықшылығы

Бюджет тапшылығы инфляция басылғаннан кейін ел экономикасының шешуші проблемалары бола бастайды.

Бюджет тапшылығы сөз жоқ, инфляция, дағдарыс, жұмыссыздық сияқты «жағымсыз экономикалық категориялар» деп аталатындарға жатады, алайда олар экономикалық жүйенің ажырағысыз элементтері болып табылады.

Бюджетті әзірлеу кезінде негізгі мәселе мемлекеттің ақшалай түсімдері мен шығыстарының балансына – тепе-теңдігіне жету болып табылады. Әр бюджетте оның кіріс және шығыс бөлігін теңестірген, яғни баланстаған дұрыс.

Жалпы түсінікте кірістердің шығыстардан асып түсуі бюджет артығын – профицитті, ал шығыстардың кірістерден асып түсуі мемлекеттік бюджеттің тапшылығын құрайды.

Қазақстанда, Бюджеттік кодекіске сәйкес, бұл ұғымдарға нақтыланған түсінік берілген: бекітілген, нақтыланған және түзетілген республикалық және жергілікті бюджеттердің тапшылығы (профициті) олардың борышының негізгі сомасын өтеу сомасынан шегеріп тастағандағы қарыз алу сомасына тең. Теріс белгімен алынған шама республикалық және жергілікті бюджеттердің тапшылығы, оң белгімен алынған шама – профициті болып табылады.

Бекітілген, нақтыланған және түзетілген республикалық бюджеттің мұнайлық емес тапшылығы (профициті), Ұлттық қордың түсімдерінен басқа республикалық бюджет шығыстарын шегеріп тастағандағы республикалық бюджет түсімдерінің сомасына тең.

Бесжылдық кезеңде республикалық бюджеттің тапшылығы кепілдік берілген трансферт мөлшерін алып тастап, Ұлттық қорға түсетін жалпы түсімдер ретінде есептелетін Ұлттық қордың орташа жылдық өсімінен аспауға тиіс.

Профициттің сомасы мемлекеттік борышты өтеуге бағытталады немесе республикалық және жергілікті бюджеттердегі қаражаттардың бос *қалдықтарын* құрауы мүмкін.

*Уақытша бос бюджеттік ақша* – белгілі бір уақыт кезең ішінде пайдаланылмаған, бірыңғай қазынашылық шотта жатқан бюджеттік қаражаттар. Республикалық және жергілікті бюджеттердің уақытша бос бюджеттік ақшасын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Ұлттық банктегі депозиттерге орналастыра алады. Уақытша бос бюджеттік ақшаны депозитке орналастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Тапшылықтың едәуір әрі тұрақты болуы қаржының дағда-рыстық жай-күйін сипаттайды. Тапшылықтың *ұйғарымды деңгейі* деп елдің жалпы ішкі өнімге қатысты 2-3% мөлшері саналады. Мұндай жағдайда тапшылық мемлекеттік қарыздар шығарудың немесе қағаз ақшалар эмиссиясының көмегімен біршама жеңіл жабылуы мүмкін. Бюджеттің едәуір және созылмалы тапшылығы кезінде қарыздар мемлекеттің қажеттіліктерін жаппайды, олар ақшаның қосымша (яғни тауар айналымының қажеттіліктерінен тыс) эмиссиясымен қамтамасыз етіледі, бұл инфляцияның дамуына, ақша айналысы заңының бұзылуына, ақшаның құнсыздануына, нақтылы табыстардың және халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуіне апарып соғады.

Бюджет тапшылығы экономиканың жай-күйін бейнелеп көрсетеді, ал оның болуы мына себептерге байланысты:

1) елдің экономикасында өндірістің жалпы құлдырауы;
2) қоғамдық өндіріс шығындарының өсуі;
3) айналысқа тауар жиынымен жабылмайтын ақшаны шектен тыс шығару;
4) бюджеттің шығыстарында экономиканың даму деңгейіне сәйкес келмейтін едәуір әлеуметтік шығыстардың басымдығы;
5) әскери-өнеркәсіп кешенін ұстауға жұмсалатын әскери шығыстарды, басқару шығыстарын қаржыландырудың қомақты ауқымы;
6) «көлеңкелі» экономиканың ірі ауқымды айналымы;
7) ұлттық шаруашылықтағы өнімсіз шығыстар мен ысыраптар.

## 3. Бюджет артықшылығының экономикаға әсері. Бюджет тапшылығын қаржыландыру көздері

Циклдік бюджет артықшылығының өсуі экономиканың өрлеу кезеңдерінде болатындықтан, бұл жағдай жиі инфляцияның күшеюіне әкелетіндіктен, онда қаржылардың бір бөлігін халыққа төлемақы ретінде беруі (облигацияларды өтеу, әл-ауқаты нашар отбасыларға жәрдемақыны өсіру) жиынтық шығындардың және сұраныс инфляциясының өсуіне әсер етеді. Керісінше, бюджет арттықшылығын «тыйым салу» артық жиынтық сұранысты шектейді және экономикадағы инфляциялық дүрлігісті ұстап тұрады.

Ақша эмиссиясы есебінен бюджет тапшылығын жабуға болмайды. Бюджет тапшылығын жабудың негізгі нысандары мыналар болып табылады:

1. Мемлекеттік қарыздар шығару;
2. Кредиттік ресурстарды пайдалану.

Тапшылықты азайту немесе оны жою мақсатымен секвестр – ағымдағы қаржы жылының қалған уақыты ішінде барлық баптар бойынша (қорғаландарынан басқа) белгілі бір пайызға мемлекеттің шығыстарын үйлесімді қысқарту пайдаланылады. Қорғалған баптардың құрамын республика Парламенті мен биліктің жергілікті органдары анықтайды.

Бюджет тапшылығын төмендетудің мынандай *әдістері* болады:

1) шығыстар тұрақты, кірістер өседі;
2) кірістер тұрақты, шығыстар азаяды;
3) кірістер өседі, шығыстар азаяды (тапшылық 2 еседен жылдамырақ төмендейді).

*Тапшылықты қаржыландыру* – оны жабу үшін қосымша ақшалай қаражаттарды іздестіру.

## 4. Мемлекеттік қарыз және оны жабу жолдары

**Мемлекеттік қарыз -** басқа елдерден мемлекеттік бюджеттің дефицитін жабу үшін алынатын қарыз. Барлық елдер экономикалық саясатты жүзеге асыру тетіктерінің бір ретінде мемлекеттік қарызды пайдаланады. Мемлекеттік борыш бір жағынан, экономикаға ауыртпалық түсіреді және экономикалық жағдаяттың нашарлауына байланысты әсер ете түседі. Екінші жағынан, мемлекеттік борыш пен бюджеттен қаржыландыру - экономиканы мемлекеттік реттеудің тиімді құралы. Ол ақша айналысына, тұтыну, жинақ, ақша, инвестиция деңгейіне тұрақтандырушы ретінде де, тұрақсыздандырушы ретінде де әсер етуі ықтимал, яғни экономикалық өсуге серпін беруі де, оны тежеуі де мүмкін.

Мемлекеттік қарыздар бойынша пайыз мөлшерлемесін төлеуге, әлеуметтік трансферттердің өсуі немесе мемлекеттік шығындарды осы жоғарыда айтылған қаржылар арқылы қаржыландыруға кедергі болатын жағдайлар пайда болады.

Циклдік бюджет артықшылығының өсуі экономиканың өрлеу кезеңдерінде болатындықтан, бұл жағдай жиі инфляцияның күшеюіне әкелетіндіктен, онда қаржылардың бір бөлігін халыққа төлемақы ретінде беруі (облигацияларды өтеу, әл-ауқаты нашар отбасыларға жәрдемақыны өсіру) жиынтық шығындардың және сұраныс инфляциясының өсуіне әсер етеді. Керісінше, бюджет арттықшылығын «тыйым салу» артық жиынтық сұранысты шектейді және экономикадағы инфляциялық дүрлігісті ұстап тұрады.

Ақша эмиссиясы есебінен бюджет тапшылығын жабуға болмайды. Бюджет тапшылығын жабудың негізгі нысандары мыналар болып табылады:

1. Мемлекеттік қарыздар шығару;
2. Кредиттік ресурстарды пайдалану.

Тапшылықты азайту немесе оны жою мақсатымен секвестр – ағымдағы қаржы жылының қалған уақыты ішінде барлық баптар бойынша (қорғаландарынан басқа) белгілі бір пайызға мемле-кеттің шығыстарын

үйлесімді қысқарту пайдаланылады. Қорғалған баптардың құрамын республика Парламенті мен биліктің жергілікті органдары анықтайды.

Бюджет тапшылығын төмендетудің мынандай *әдістері* болады:

1) шығыстар тұрақты, кірістер өседі;

2) кірістер тұрақты, шығыстар азаяды;

3) кірістер өседі, шығыстар азаяды (тапшылық 2 еседен жылдамырақ төмендейді).

*Тапшылықты қаржыландыру* – оны жабу үшін қосымша ақшалай қаражаттарды іздестіру.

**Мемлекеттік қарыз -** басқа елдерден мемлекеттік бюджеттің дефицитін жабу үшін алынатын қарыз. Барлық елдер экономикалық саясатты жүзеге асыру тетіктерінің бір ретінде мемлекеттік қарызды пайдаланады. Мемлекеттік борыш бір жағынан, экономикаға ауыртпалық түсіреді және экономикалық жағдаяттың нашарлауына байланысты әсер ете түседі. Екінші жағынан, мемлекеттік борыш пен бюджеттен қаржыландыру – экономиканы мемлекеттік реттеудің тиімді құралы. Ол ақша айналысына, тұтыну, жинақ, ақша, инвестиция деңгейіне тұрақтандырушы ретінде де, тұрақсыздандырушы ретінде де әсер етуі ықтимал, яғни экономикалық өсуге серпін беруі де, оны тежеуі де мүмкін.

Мемлекеттік қарыздар бойынша пайыз мөлшерлемесін төлеуге, әлеуметтік трансферттердің өсуі немесе мемлекеттік шығындарды осы жоғарыда айтылған қаржылар арқылы қаржыландыруға кедергі болатын жағдайлар пайда болады.

Мемлекеттік қарыз - мемлекеттік заемның шығарылып, өтелмеген сомасы (пайыздық қойылымын қоса). Орналастырылуына, заем валютасына және басқа сипаттамаларына қарай ол ішкі және сыртқы мемлекеттік қарыз деп бөлінеді.
Мемлекеттік қарыз мемлкеттік заемдарды ұлғаймалы ұдайы өндіріс және қоғамдық қажеттерді қанағаттандыру үшін ақша ресурстарын тартудың бір формасы ретінде қолданылады. Мемлекеттік қарыз мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен өтейді.

Мемлекеттік қарыз ішкі және сыртқы деп бөлінеді.

Ішкі мемлекеттік қарыз экономикада қалыпты құбылыс. Дамыған елдердің өздерінде ішкі қарыз болады. Алайда, қарыздың бұл түрінің құрылу ерекшеліктері әр түрлі. Дамыған елдерде мемлекеттік қарыз бен оны туғызған мемлекеттік бюджет тапшылығын экономикалық циклға енген экономиканы тұрақтандыру және дамыту факторлары. Халықтан, банктерден, басқа да қаржы несие мекемелермен қарызға алынған қаражат аталған қарыз берушілердің активтері ретінде қаралады. Мемлекеттік қарыз халықтың өзіне өзі берен қарызы деп саналады, сондықтан Ұлттық байлықтың жалпы көлеміне әсер етпейді. Ішкі қарыздың оны басқару жөніндегі пайыздық төлеу қажеттігі сияқтытеріс әсерін елдің экономикасын дамытуға бөлінген инвестицмялар мн қосымша қаржы ресурстарын жұмылдыру жауып кетеді.

Қазақстанның тәжірибесінде бюджет тапшылығы мен мемлекеттік қарызды қаржыландыру әдістері және зардаптары бойынша айырмашылық бар. Мемлекеттік қарыз төрттен үш бөлігі мемлекеттік банктің ақша эмиссиясы түрінде несиелері. Бюджет тапшылығын жабу үшін ақша шығару инфляцияны тереңдетіп, дағдарыс процестерін туындатады. Республикалық бюджет тапшылығын жабу соммасы 40%-ды құрайды.

Сыртқы мемлекеттік қарыз - елдің шетелдік несие берушілерге белгіленген мерзімді қайтарылуы тиіс қаржы міндеттемесінің соммасы. Сыртқы қарыз шектен тыс көбеюі экономикалық, саяси тәуілділікке апарып соғады. Дүниежүзілік тәжірибеде мемлекеттік қарыз көлемін салыстыру үшін қарыздық табыс коэффициенті деп аталатын арнайы көрсеткіш қолданылады. Қауіпсіздік деңгейдің шегі- 25% деп есептеледі.

Шетелдік несие, инвестиция, технологияларды шикізат салаларында, ауыл шаруашылығында, халық тұтынатын тауарлар өндіруге тартпай экономиканы көтеру мүмкін емес. Бірақ шетелдік қаржы мен валюта ресурстарын тарту оларды ұтымды пайдаланып, тиімді қайтарым болуын талап етеді. Негізгі қарыз бен пайыздық төлеу нақты өнімнің бір бөлігін басқа елдерге жіберуге мәжбүр етеді. Сыртқы қарыздың, едәуір ұлғаюы ұлттық валюта курсының күрт төмендеуі, экспорт пен импорт салмағының өзгеру сияқты келеңсіз құбылыстарды туғызады.

Мемлекеттік қарыздарын өтеу үшін заемдарды нақтылау әдісі қолданылады:

1. Заемдардың табыстылығы пайыз қойылымын төмендету- конверсия;
2. Мерзіміне байланысты- консолидация;
3. Бірнеше заемдарды бір заемға біріктіру- унификация;

Сонымен мемлекеттік қарыз проблемасы ақша айналысының күрделі кешенімен, бюджет саясатымен, мемлекеттің экономикалық белсенділік ықпалымен және әлеуметтік процесстермен тікелей байланысты.

**Талқылау сұрақтары:**

1. Мемлекеттік бюджеттің мәнін түсіндіріңіз?
2. Бюджет тапшылығы мен бюджет артықшылығын түсіндіріңіз?
3. Бюджет тапшылығының экономикаға әсерін сипаттаңыз?
4. Бюджет тапшылығын қаржыландыру көздерін атап көрсетіңіз?
5. Мемлекеттік қарыз және оны жабу жолдарын анықтаңыз?

**Негізгі терминдер**

- бюджет тапшылығы (дефицит)
- сыртқы қарыз
- ішкі қарыз
- мемлекеттік бюджет
- мемлекеттік қарыз

- Лаффер қисығы
- автономды шығындар
- мемлекеттік шығындар мультипликаторы
- салық
- салық мультипликаторы
- бюджет артықшылығы (профицит)
- уақытша бос бюджеттік ақша
- ташылықты қаржыландыру.

## Тапсырмалар

*Тест тапсырмалары:*

1. Мемлекеттік бюджеттің негізгі кіріс көзі:
   A. Азаматтардың өз ақшаларын банкте сақтау
   B. Салықтар
   C. Баждар
   D. Ақшаны эмиссиялау
   E. Қайырымдылықтан түскен қаражаттар

2. Мемлекеттік кәсіпорындардың бюджетке төлейтін төлемдер:
   A. Алымдар
   B. Салықтар
   C. Баждар
   D. Міндетті төлемдер
   E. Міндетті аударымдар

3. Мемлекеттік бюджеттің профициті:
   A. Ұлттық валюта бағамының төмендеуі
   B. Инфляцияның жоғары деңгейі
   C. Борыштық міндеттемелерді орындаудан бас тарту
   D. Қайырымдылықтан түскен қаражаттар
   E. Кірістердің шығыстардан асып кетуі

4. Мемлекеттік бюджет тапшылығы:
   A. Мемлекеттің сыртқы борышының төмендеуі
   B. Мемлекеттік шығыстардың кірістерден асып кетуі
   C. Ақша массасының көлемін қысқарту
   D. Борыштық міндеттемелерді орындаудан бас тарту
   E. Салық түсімдер санының азаюы

5. Мемлекеттік бюджет бұл:
   A. Қаржы қаражатын бөлуге жауапты мемлекеттік орган

B. Мемлекеттің күтілетін кірістері мен шығыстарын салыстыратын қаржылық жоспар
C. Мемлекеттің салық жинаудың жылдық жоспары
D. Мемлекеттің кірістері мен шығыстары арасындағы айырмашылық
E. Салық түсімдер санының азаюы

6. Мемлекеттік бюджеттің негізгі функциялары:
A. ЖІӨ-ді қайта бөлу
B. Ұлттық экономиканы қаржыландыру
C. Ақша қаражатының пайдалануын бақылау
D. Амортизациялық төлемдерді төлеу
E. Салық түсімдерін азайту

7. Мемлекеттік бюджеттің негізгі функциялары:
A. Ұлттық экономиканы қаржыландыру
B. Медициналық сақтандыру төлемдерін реттеу
C. Экономиканы мемлекеттік реттеу және ынталандыру
D. Амортизациялық төлемдерді төлеу
E. Салық түсімдерін азайту

8. Белгілі бір уақыт кезеңінде үкіметтің табыстары мен шығындарының жиынтығы:
A. Мемлекеттік бюджет
B. Мемлекеттік қарыз
C. Амортизация
D. Бюджет тапшылығы
E. Бюджет артықшылығы

9. Бюджеттің шығын бөлігінің оның табыс бөлігінен көбеюі:
A. Мемлекеттік бюджет
B. Мемлекеттік қарыз
C. Амортизация
D. Бюджет тапшылығы
E. Бюджет артықшылығы

10. Бюджеттің табыс бөлігінің оның шығын бөлігінен көбеюі:
A. Мемлекеттік бюджет
B. Мемлекеттік қарыз
C. Амортизация
D. Бюджет тапшылығы
E. Бюджет артықшылығы

*Тапсырма (case-study).*

Дархан «Kcell» компаниясының акцияларына ие. Дархан азаңғы жаңалықтардан оқыған: «Kcell» компаниясының басшысы келесі жылдың 1 кварталынан бастап компания өзінің қарыздарының көп бөлігін алдын ала мерзімнен бұрын жабады. Дарханның ойынша компания қарыздарын бизнеске инвестицияланатын қаражаттар есебінен төлейді, сондықтан компанияның пайдасы келешекте төмендейді, сондықтанда компанияның акцияларының құны түсіп кетеді.

1) Дархан акцияның келешектегі бағасы туралы ойы дұрыс па?
2) Сіздің ойыңызша, акциялардың бағасы қашан өзгереді, егер қарыздарды төлейтін болса келешектегі пайдаға шын мәнісінде теріс әсер ете ма?
3) Дархан акцияларын сатып жібергені дұрыс па?

*Тапсырма (эссе).*

Эссе тақырыбы: «Қазақстандық қаржы нарығының ерекшеліктері»

Қазақстандық қаржы нарығында жалпы қандай тарихи ерекшеліктер бар? Қазақстандықтардың мемлекеттік қаржы құралдарына сенімдігі туралы не айтуға болады?

*Тапсырма (ашық сұрақ).*

Мемлекттік бюджет тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алулар және трансферттік төлемдерді мемлекеттік шығындардың жалпы категориясына қосып біріктіреді. Бюджет-салық (фискалдық) саясаттың құралдарын таңдау кезінде мемлекеттік сатып алулар мен трансферттік төлемдер арасындағы айырмашылықтарды жүргізу қажет пе?

Жауабыңызды негіздеңіз.

*Тапсырма (ашық сұрақ).*

Бюджет тапшылығы экономиканың жай-күйін бейнелеп көрсетеді, ал оның болуы қандай себептерге байланысты? Жауабыңызды негіздеңіз.

*Практикалық тапсырма (есеп).*

1 Есеп.

Келесі мәліметтер берілген:

$G = 500$

$T = 0,4Y$

$TR = 0,2Y$

$P = 1$

$D = 1000$

$R = 0,1$

$Y^* = 2500$

Есептеу керек:

1. Мемлекеттік бюджет сальдосы тақ бола ма немесе жұп бола ма?
2. Мемлекеттік бюджет құрылымдық тапшылығының мөлшері қандай?
3. Мемлекеттік бюджеттің циклдық тапшылығының мөлшері қандай болады?

2 Есеп.

Ашық экономикада келесі көрсеткіштермен көрсетілген:

C = 2300
I = 700
G = 800
TR = 100
N = 100
T = 800

Анықтау керек:

1. $S_p$ - ?
2. $S_g$ - ?
3. Мемлекеттік бюджет тапшылығын жабу үшін шығарылған мемлекеттік облигациялар құны мен қосымша ақша мөлшерін есептеңіз, егер облигацияларды шығару арқылы тапшылықтың 80 қаржыландырылатыны белгілі болса?

3 Есеп.

Үкімет мемлекеттік бюджеттің тапшылығына 30 млн. долл. Көлемінде тап болды делік, ал Орталық Банк ақша ұсын,ысын 20% -дық резервтік талаптар мөлшерлемесіндегі 40 млн. долл.-ға дейін ұлғайтуға дайын. Мемлекеттік бюджетке салынатын салықтық түсімдер тұрақты.

Есептеу керек: бұл жағдайда мемлекеттік қарыз неше есе өсу керек?

*БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары:*

1. Мемлекеттік бюджетке салықтық түсімдерді ұлғайту проблемалары
2. Қарыз дағдарысының себептері және мемлекеттік қарызды басқару стратегиясы
3. Мемлекеттік бюджет тапшылығы
4. Мемлекеттік бюджет артықшылығы
5. Мемлекеттік қарыз және оны жабу жолдарын

## Тақырып 10. Бюджет-салық (фискалдық) саясат

1. Бюджет-салық (фискалдық) саясаттың мақсаттары мен құралдары
2. Мемлекеттік шығындар мультипликаторы. Салық мультипликаторы
3. Дискрециялық және дискрециялық емес фискалдық саясат. Бюджет тапшылығы және бюджет артықшылығы

### 1. Бюджет-салық (фискалдық) саясаттың мақсаттары мен құралдары

Мемлекеттің экономикаға әсер етуі салық салу құралдары арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік шығындар мемлекеттік бюджеттің қаржыларын пайдалану нәтижесінде мүмкін болады, ал салық бюджетті қаржымен қамтамасыз ететін бірден-бір құрал.

Салық төлемі (T), мемлекеттік шығындар (G) және жоспарланған инвестиция I-дің белгілі бір деңгейінде тепе-теңдік өнім көлемі Y қалыптасқанын кейнс кресі көрсетеді.

Ресурстар жұмыспен толық қамтылмаған жағдайында да тепе-теңдік жағдай қалыптаса береді. (Мұндай жағдай жиынтық сұраныстың тиімсіз болуының салдарынан қалыптасуы мүмкін.) Сондықтан да пайда болған үзілісті жою үшін, экономиканы мемлекет тарапынан реттеу құралдары пайдаланылады. Олар бюджетке төленетін салық төлемі (T) мен мемлекеттік шығындар көлемінің өзгеруі (C) арқылы жүзеге асырылады.

Фискалдық саясат (қазыналық саясат) - мемлекеттік бюджет жағдайын, салық салуды және мемлекеттік шығындардың өзгерісін реттеу мақсатында үкімет тарапынан жүргізілетін шаралар. Бұл шаралар жұмыспен толық қамтылуды, төлем балансының тепе-теңдігін және экономиканың өсуін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Бюджет-салық саясатының мынадай бірнеше мақсаттары бар:

1. Экономикалық циклдің ауытқуларын қалпына келтіріп отыру.
2. Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету.
3. Инфляцияның қалыпты жағдайында жұмысбастылықтың жоғары деңгейіне қол жеткізу.

**Салық саясаты** – мемлекеттің экономикалық саясатының бір бөлігі. Салық негізін, мөлшерлемесін, жеңілдіктерін және шегерімдерін өзгерту жолымен іске асырылады. Салық саясаты экономикаға мемлекеттің араласуы нәтижесінде мемлекеттік бюджетті қалыптастырады және жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) ауқымымен, экономиканың жеке секторларына салық шараларын қолдану дәрежесімен айқындалады. Мысалы, жеңілдіктер мен шегерімдердің болмашы көлемімен ұштастырылатын кең ауқымды салық негізі салық салудың біркелкі мөлшерде болуын қамтамасыз етіп, экономиканың жекеше секторына ресурстарды орналастыру үдерісіне мемлекеттің араласуы ауқымын төмендетеді.

Бюджетті әзірлеу кезінде негізгі мәселе мемлекеттің ақшалай түсімдері мен шығыстарының балансына – тепе-теңдігіне жету болып табылады. Әр бюджетте оның кіріс және шығыс бөлігін теңестірген, яғни баланстаған дұрыс.

Жалпы түсінікте кірістердің шығыстардан асып түсуі бюджет артығын – профицитті, ал шығыстардың кірістерден асып түсуі мемлекеттік бюджеттің тапшылығын құрайды.

Қазақстанда, Бюджеттік кодекіске сәйкес, бұл ұғымдарға нақтыланған түсінік берілген: бекітілген, нақтыланған және түзетілген республикалық және жергілікті бюджеттердің тапшылығы (профициті) олардың борышының негізгі сомасын өтеу сомасынан шегеріп тастағандағы қарыз алу сомасына тең. Теріс белгімен алынған шама республикалық және жергілікті бюджеттердің тапшылығы, оң белгімен алынған шама – профициті болып табылады.

Бекітілген, нақтыланған және түзетілген республикалық бюджеттің мұнайлық емес тапшылығы (профициті), Ұлттық қордың түсімдерінен басқа республикалық бюджет шығыстарын шегеріп тастағандағы республикалық бюджет түсімдерінің сомасына тең.

Бесжылдық кезеңде республикалық бюджеттің тапшылығы кепілдік берілген трансферт мөлшерін алып тастап, Ұлттық қорға түсетін жалпы түсімдер ретінде есептелетін Ұлттық қордың орташа жылдық өсімінен аспауға тиіс.

Профициттің сомасы мемлекеттік борышты өтеуге бағыт-талады немесе республикалық және жергілікті бюджеттердегі қаражаттардың бос *қалдықтарын* құрауы мүмкін.

*Уақытша бос бюджеттік ақша* – белгілі бір уақыт кезең ішінде пайдаланылмаған, бірыңғай қазынашылық шотта жатқан бюджеттік қаражаттар. Республикалық және жергілікті бюджеттердің уақытша бос бюджеттік ақшасын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Ұлттық банктегі депозиттерге орналастыра алады. Уақытша бос бюджеттік ақшаны депозитке орналастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

## 2. Мемлекеттік шығындар мультипликаторы. Салық мультипликаторы

Мемлекеттік шығындар мультипликаторының көлемі мен тепе-теңдік көлемін тендеулер жүйесін шешу арқылы табамыз.

$$\begin{cases} Y = C + I + G \\ C = a + b \cdot Y \end{cases}$$

Мұндағы Y = C +1 + G негізгі макроэкономикалық теңдеу C = a + b • Y — тұтыну функциясы.

Тұтыну функциясының мәнін макроэкономикалық теңдеуге қою тепе-теңдік өнім көлемін анықтауға мүмкіндік береді.

$$Y = a + b \cdot Y + I + G \Rightarrow Y - bY = a + I + G \Rightarrow$$
$$\Rightarrow Y(1 - b) = a + I + G$$
$$Y = \frac{1}{1 - b}(a + I + G),$$
$$\frac{1}{1 - b} -$$

Мұндағы ( a+I+G ) – табыс көлемі У-тен тәуелсіз автономды шығындар, ал мультипликатор.

Жабық экономикада тепе-теңдік табыс көлемі деңгейінің қаншаға өсетіндігіне байланысты.

Мемлекеттік шығындар ғана емес, автономды шығындар да бір бірлікке өседі, осы құбылысты мультипликатор көрсетеді.

Жоғарыда қарастырылғандай тепе-теңдік табыс көлеміне мультипликаторлық әсер салық мөлшерінің Т төмендеуіне байланысты болады. Егер салық төлеу мөлшері ΔТ-ға төмендесе, онда қолда бар табыс

Yd = Y - T -ға өседі. Тұтыну шығындары сәйкес түрде (ΔТхЬ) көлеміне өседі, бұл жағдай жоспарланған шығындарды оңға қарай жоғары қозғалтады және тепе-тендік өнім көлемін $Y_1$ - ден $Y_2$ көлеміне өсіреді.

Ол көлем $\Delta Y = -\Delta T \cdot \frac{b}{1 - b}$ тең.

$$\frac{\Delta Y}{\Delta T} = \frac{-b}{1 - b}$$

Мұндағы салық мультипликаторы деп аталады.

Салық мультипликаторының механизмі, мемлекеттік шығындар мультипликаторы сияқты, салық көлемінің бір өзгерісіне тұтынудың көп қатар өзгерісін көрсетеді.

Салық мөлшері ΔТ-ға төмендесе ↓=>
=> қолда бар табыс ΔТ-ға өседі ↑=>
=> тұтыну (Ь х ΔТ) шамасына өседі ↑=>
=> жиынтық шығындар (b х ΔТ) өседі ↑=>
=> жиынтық табыс (Ь х ДТ) өседі ↑=>
=> тұтыну в (Ь х ΔТ) өседі ↑=>
=> жиынтық шығындар ($Ь^2$ х ΔТ) өседі ↑=>
=> жиынтық табыс ($b^2$ х ΔТ) ↑=> өседі ↑=>
=> тұтыну b ($b^2$ х ΔТ) ↑ өседі, т. б.

Егерде мемлекеттік бюджетке берілетін салық мөлшері табыс динамикасына тәуелді деп алсақ, онда салық функциясы төмендегідей түрде жазылады. T = t * Y

## 3. Дискрециялық және дискрециялық емес фискалдық саясат

Дискрециялық фискалдық саясат - үкіметтің арнайы шешімі бойынша салықты, мемлекеттік бюджеттің сальдосын және мемлекеттік шығындардың көлемін мақсатты бағытта өзгерту. Бұл шаралар төлем балансының жағдайын, инфляция қарқынын, өнім көлемін, жұмысбастылық деңгейін өзгертуге бағытталған.

Дискрециялық емес фискалдық саясат - жиынтық табыстың циклдік тербелістерінің нетижесінде жоғарыда аталған шамалардың дағдылы өзгеруі. Жалпы ұлттық өнімнің өсуі (төмендеуі) кезеңдерінде мемлекет бюджетіне түсетін таза салық салымдарының дағдылы түрде өсуін (төмендеуі) дискрециялық емес саясат қарастырады.

Бұл саясат экономикадағы тұрақтылыққа әсерін тигізеді. Таза салық түсімі бюджетке түсетін жалпы салық мөлшері мен үкімет тарапынан берілетін трансферттің арасындағы айырма. Дискрециялық қазыналық саясат экономикадағы құлдырау кезеңінде жиынтық сұранысты ынталандыру мақсатында мақсатты түрде мемлекеттік шығындарды өсіре отырып, немесе салық мөлшерін төмендетіп мемлекеттік бюджетте тапшылық құрылады. Экономиканың өрлеу кезеңінде сәйкес түрде мақсатты түрде бюджет артықшылығы құрылады.

Қалыптасып отырған экономикалық жағдаятқа (коньюнктура) байланысты бюджет-салық саясатын жүргізудің екі түрі бар:

1. Дискрециялық бюджет-салық саясаты.
2. Дискрециялық емес бюджет-салық саясаты.

**Дискрециялық бюджет-салық саясаты** – бұл үкіметтің арнайы шешімдері бойынша салық салуды, мемлекеттік бюджет сальдосын және мемлекеттік шығындар көлемін мақсатты бағытта өзгерту шараларынан тұратын іс-қимылдар. Саясаттың бұл түрін жүргізу барысында үкімет арнайы заңдар қабылдап, инфляция қарқынын, жұмысбастылық деңгейін, өнім көлемі мен төлем балансы жағдайын мақсатты түрде өзгертіп отырады. Дискрециялық саясат экономикалық құлдырау кезеңінде жиынтық сұранысты ынталандыру мақсатында мақсатты түрде мемлекеттік шығындарды арттырып немесе салық салу деңгейін қысқартып, бюджет тапшылығын тудырады және, керісінше, экономикалық өрлеу кезеңдерінде бюджет артықшылығын қалыптастырады. Соған байланысты, дискрециялық бюджет-салық саясатының өзі екіге бөлінеді:

**1. Ынталандырушы бюджет-салық саясаты** (экспансиялық саясат немесе қазыналық экспансия) – бұл қысқа мерзімді кезеңде экономикадағы циклдік құлдырауды жою мақсатында мемлекеттік шығындарды арттыру, салық салуды төмендету немесе осылар арқылы біріктірілген құрастырма шаралардан құралған іс-қимылдар кешені. Басқаша, бұл белсенді фискалдық саясат деп аталады.

**2. Тежеуші бюджет-салық саясаты** (қазыналық шектеу) – бұл экономиканың циклдік дамуын тежеу мақсатында мемлекеттік шығындарды төмендету, салық салуды арттыру немесе біріктірілген құрастырма шаралардан құралған іс-қимылдар кешені. Демек, бұл енжар фискалдық саясат болып саналады.

Дискрециялық бюджет-салық саясатының құралдары:

- салық мөлшерлемесін өзгерту;
- қоғамдық жұмыс жобалары;
- халықты жұмыспен қамту.

**Дискрециялық емес бюджет-салық саясаты** – бұл үкіметтің арнайы шешім қабылдауын талап етпей, автоматты тұрақтандырғыштар арқылы мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарының өздігінен реттелуін қамтамасыз ететін еркін іс-шаралар кешені.

**Автоматты (кіріктірме) тұрақтандырғыштар** – үкіметтің саясатын жиі өзгертпей-ақ, өнім көлемі мен жұмысбастылық деңгейінің циклдік ауытқуларын төмендетуге мүмкіндік беретін экономикалық тетіктер жүйесі. Мұндай тұрақтандырғыштарға үдемелі салық салу, мемлекеттік трансферттік төлемдер, жұмыссыздықтан сақтандыру, пайданы бөлісу жүйелері жатады.

**Талқылау сұрақтары:**

1. Бюджет-салық саясаттың мақсатын анықтаңыз және құралдарын көрсетіңіз?
2. Бюджет-салық саясатының жиынтық сұранысқа әсерін қарастырыңыз?
3. Дискрециялық фискалдық саясат қандай шараларды қарастырады?
4. Дискрециялық емес фискалдық саясат механизмі қалай іс-әрекет етеді?
5. Дискрециялық және дискрециялық емес фискалдық саясатты сипаттап беріңіз?

**Негізгі терминдер**

- мемлекеттік шығындар
- автономды шығындар
- мемлекеттік шығындар мультипликаторы
- салық
- салық мультипликаторы
- дискрециялық фискалдық саясат
- дискрециялық емес фискалдық саясат.

**Тапсырмалар**

*Тест тапсырмалары:*

1. Инфляцияға қарсы фискалды саясат ерекшелігі:

A. Салық азаюы мен мелекет шығындарының өсуін

B. Мемлекетік шығындарды қысқарту

C. Мемлекеттік шығындарды азайтып, салық салу деңгейін арттыру
D. Салық салу деңгейін азайту
E. Салық салу деңгейін арттыру
F. Салық механизмі қолданылмауы
G. Салық пен мемлекет шығындарының көбеюін

2. Шығындар мен салық салу аясында үкіметтің саясаты:
A. Ақшаның сандық теориясына негізделген саясат
B. Монетарлық саясат
C. Іскерлік цикл
D. Фискалдық саясат
E. Шығындарды үлестіру саясаты

3. Бюджет-салық саясаты (фискалдық саясат):
A. Шығындар мен салық салу аясында үкіметтің саясаты
B. Ақша-несие саясаты
C. Шығындарды үлестіру саясаты
D. Фирманың пайдасын бөлістіру саясаты
E. Есеп мөлшерлемесі
F. Депозиттер

4. Баға деңгейінің өзгеруі:
A. Фискалық саясат нәтижесінде көрініс алмайды
B. Фискалдық шаралар әсерін күшейтеді
C. Фискалық саясат жүргізгенде мұндай өзгеріс болмайды
D. Мемлекеттік шығындар және салықтар мультипликаторының әсерін күшейтеді
E. Фискалдық саясат шараларының  әсерін төмендетеді

5. Егер үкімет нақты ТҰӨ деңгейін жоғарлатуды көздесе:
A. Салықтарды төмендетуі мүмкін
B. Салықтарды жоғарылатуы мүмкін
C. Мемлекеттің тауарлар мен қызметтерді сатып алуын қысқартуы мүмкін
D. Трансферттік төлемдерді қысқартуы мүмкін
E. Бюджет тапшылық деңгейін төмендетуі мүмкін

6. Мемлекеттік бюджеттің негізгі функциялары:
A. Ұлттық экономиканы қаржыландыру
B. Таза экспорт сальдосын қарастыру
C. Бюджеттік бақылау
D. Амортизациялық төлемдерді төлеу
E. Салық түсімдерін азайту

7. Мемлекеттік бюджеттің негізгі функциялары:
   A. Ұлттық экономиканы қаржыландыру
   B. Таза экспорт сальдосын қарастыру
   C. Әлеуметтік саясатты қаржылық қамтамасыз ету
   D. Амортизациялық төлемдерді төлеу
   E. Салық түсімдерін азайту

8. Экономиканы тұрақтандыруға бағытталған мемлекеттік бюджетті манипуляциялау:
   A. Бюджет-салық (фискалдық саясат)
   B. Экспорт саясаты
   C. Әлеуметтік саясат
   D. Ақша-несие (монетарлық саясат)
   E. Инновациялық саясат

9. Фискалдық саясаттың түрлері:
   A. Экспансия саясаты
   B. Тежеуші саясат
   C. Экспорт саясаты
   D. Әлеуметтік саясат
   E. Монетарлық саясат
   F. Инновациялық саясат

10. Фискалдық саясаттың түрлері:
   A. Экспансия саясаты
   B. Тежеуші саясат
   C. Рестриктивті саясат
   D. Әлеуметтік саясат
   E. Монетарлық саясат
   F. Инновациялық саясат
   G. Инвестициялық саясат

*Тапсырма (ашық сұрақ).*

Мемлекттік бюджет тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алулар және трансферттік төлемдерді мемлекеттік шығындардың жалпы категориясына қосып біріктіреді. Бюджет-салық (фискалдық) саясаттың құралдарын таңдау кезінде мемлекеттік сатып алулар мен трансферттік төлемдер арасындағы айырмашылықтарды жүргізу қажет пе?

Жауабыңызды негіздеңіз.

*Тапсырма (эссе).*

Эссе тақырыбы: «Қазақстандық қаржы нарығының ерекшеліктері»

Қазақстандық қаржы нарығында жалпы қандай тарихи ерекшеліктер бар? Қазақстандықтардың мемлекеттік қаржы құралдарына сенімдігі туралы не айтуға болады?

*БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары:*

1. Қазақстан Республикасының бюджет-салық саясаты
2. Салықтардың нарықтық тепе-теңдікке әсері
3. Дискрециялық және дискрециялық емес фискалдық саясат механизмі
4. Бюджет-салық саясатының жиынтық сұранысқа әсері
5. Салық мультипликаторы

## Тақырып 11. Ақша-несие (монетарлық) саясат

1. Мемлекеттің ақша-несие (монетарлық) саясатының дамуы
2. Мемлекеттің монетарлық саясатының түрлері, құрылымы және мақсаттары
3. Монетарлық саясаттың құралдары

### 1. Мемлекеттің ақша-несие саясатының дамуы

Орталық Банктің негізгі мақсаты баға тұрақтылығын қамтамасыз ету. Оған жету үшін Орталық Банк келесі мәселелерді шешеді:

- мемлекеттің ақша-несие саясатын дайындау және жүргізу;
- валюталық реттеу мен бақылау жасау;
- төлем жүйесінің жұмысын жасауын қамтамасыз ету;
- тұрақты қаржы жүйесін қамтамасыз етуге жағдай жасау.

Орталық Банктің негізгі мақсатарының ішінде ақша-несие саясатын халықаралық стандартарға жақындату қарастырылған, бұл үшін Орталық Банк нарықтық пайыз мөлшерлемесін қадағалап отырады. Монетарлық саясатының операциялық негізді жетілдіру жұмыстары және ақша-несие саясатының тәсілдері мен құралдарын оптималдау, трансмиссиондық механизм үлгісін құрастыру және инфляциялық таргеттау қағидасына өтуге дайындақты жалғастырады. Экономика қызып кету қаупі, мемлекеттік бюджет шығындарының өсуі ақша-несие саясатының қатандауына әкелуі мүмкін.

**Ақша-несие саясатының басқа негізгі мақсаты** - капитал қозғалысымен байланысты тәуекелді реттеуді жаңадан қарауы мен валюталық режимнің толық либерализациясына жету болып келеді.

Валюталық режимін либерализациясын реттеудің негізгі мақсаты - валюталық операцияларды жүргізуге шек қою мен ұлттық валютаның толық конвертациялану қағидасына көшу үшін жағдай жасау. Бұл үшін келесі жұмыстарды жасау қажет.

Біріншіден, валюталық операцияларды жүргізу барысында тәуекелді хеджирлау құралдарын қолдану үшін жағдай жасау.

Екіншіден, ақша-несие саясатының мақсаттары мен сыртқы шоктарды реттеу үшін шетел валютасына сұраныс пен ұсынысты реттеу құралдарын жақсарту.

Үшіншіден, реттеудің халықаралық принцптері мен қаржылық мекемелердің валюталық операцияларын қадағалауды қамтамасыз ету.

Орталық Банк «қалқып жүретін айырбас бағамы» саясатын жалғастырады. Валюта бағамының қысқа мерзімді және спекулятивті тербелістерін женілдету мақсатында ғана валюта бағамының қалыптасуына әсер етеді. Орталық Банк интегралды қоғамдастықтар шегінде, ЕврАзЭС пен ТМД сияқты, төлем жүйесі мен басқа қаржылық интеграциялау бағытында жұмыстарын жалғастырады,

сонымен қатар Бірыңғай Экономикалық Кеңістікті қалыптастыру мақсатында мемлекет және ведомствоаралық топтардың жұмысына араласуды ойлайды.

Алғашында айналыстағы ақша қызметін екі монета: алтын және күміс атқ арған. Монометаллизм жағдайында ақша қызметін тек бір монета – алтын орын даған. 1929-1933 жж. әлемдік экономикалық дағдарыстың орын алуы монометал лизм кезеңінің аяқталу дәуірімен байланысты болды.

Ақшаның атқаратын қызметтері:

- құн өлшеу қызметі – ақша арқылы тарауарлар құны көрінеді;
- айналыс құралы – тауарларды алып-сату үрдісіне қатысады;
- төлем құралы – тауарларды несиеге сату, сатып алуда, салықтарды төлеу де, жалақы төлемінде және т. б. қызметтерде қолданылады.
- қор жинау құралы ақша түрлі тауарларды сату-сатып алудан қалған бөлі гі жинақталады. Ол әртүрлі тауар түрінде көрінеді. Ақшаның қолма-қол түрінде жинақталуы тезаврация деп аталады. Ақшаның мұндай түрде сақталуы оның құ нын төмендетеді.
- әлемдік ақшалар – халықаралық экономикалық қатынастарда халықарал ық төлем құралы қызметін атқарады.

Айналысқа шығарылатын, эмиссияланатын ақша түрлеріне:

- қолма қол ақша, яғни айналымдағы банкноттар және ұсақ тиындар;
- банктік айналымдағы ақша түрі, яғни банктегі шоттарға жазылған сома;
- чектік және несиелік карточкалар.

Экономистер ақшаның орнына «ақша массасы» терминін қолданады, оның өлшемі ретінде ақша агрегаттары қолданылады:

**M 1, M 2, M 3, L**

Ақша массасы - дегеніміз қолма-қол және айналыстағы ақша құралдары жиынтығы. Ақша массасы ақша агрегаттарынан тұрады. Оларға:

**M 1** - айналыстағы қолма- қол ақша (банкноттар, тиындар) және банктік ағымдағы шоттардағы қаражат (депозиттер).

**M 2** = M 1 + мерзімді 4 -жылға дейінгі коммерциялық банктердегі мерзімді және жинақ салымдары.

**M 3** = M 2 + арнаулы несие мекемелеріндегі жинақ салымдары.

**L** = M 3 + ірі коммерциялық депозиттік сертификаттар.

Банк пайызы - дегеніміз атаулы (номиналды) пайыз мөлшерлемесі (i). Егер нақты пайыз (r) мөлшерлемесі өссе, онда ақшаның тұтыну құнының көтерілуін көрсетеді.

$$r=i–\pi\ \pi$$

Инфляция қарқыны нақты пайыз (r) мөлшерлемесі атаулы пайыз мөлшерлемесі мен инфляция қарқынының айырмасына тең.

Осы формула инфляция қарқынының төменгі қарқынында ғана қолданылады.

Басқа жағдайларда, яғни қарқын жоғарылағанда төменгі формула қолданылады.

$$MV=PQ$$

Фишер теңдеуіне нақты пайыз мөлшерлемесі мен инфляция қарқыны әсер етеді.

M - айналымдағы ақша көлемі;

V - ақша айналымының жылдамығы;

P - баға деңгейі;

Q- өнім шығару көлемі.

Ақшаның сандық заңына сәйкес ақша массасының 1 % өсуі инфляция қарқынын 1 % жоғарылатады, яғни, инфляция қарқынының 1 % өсуі атаулы пайыз мөлшерлемесін 1 % жоғарылатады. Осындай атаулы пайыз мөлшерлемесі мен инфляция қарқынының өзара байланысын Фишер әсері деп атайды.

## 2. Мемлекеттің монетарлық саясатының түрлері, құрылымы және мақсаттары

Нарық жағдайында банк жүйесі екі деңгейде болады: Орталық Банк (эмиссиялық) және коммерциялық (депозиттік) банк.

Коммерциялық банктердің негізгі функциясы несие беру және салымдарды өсіру. Осындай шаралардың нәтижесінде коммерциялық банктер ақша ұсынысын кеңейтеді. Банк жүйесі құнды қағаздарды алып – сатумен де айналысады.

Орталық банк ұлттық валютаны айналымға шығарады, мелекеттің алтын резервтерін сақтайды, коммерциялық банктердің міндетті резервтері банктер арасындағы шот айыру ретінде пайдаланылады. Орталық банк халықаралық ақша нарығында сатушы және сатып алушы қызметін орындайды және шет мемлекеттердің және банктерінің істерін үйлестіреді.

Барлық мемлекеттерде орталық банк ақша несие саясатын қалыптастырады және жүзеге асырады, коммерциялық банктердің іс-әрекетін қадағалайды және ұйымдастырады. Орталық банк пен коммерциялық банк операцияларының және банктен тыс секторлардың шешімдері нәтижесінде экономикадағы ақша ұсынысының өзгеруіне ықпал тигізеді. Орталық банк ақша ұсынысын ақша базасына және мультиликаторға әсер ету арқылы қалағалайды.

Ақша ұсынысының нақты көлемі коммерциялық банк операцияларының нәтижесінде несиені қабылдау және беру арқылы құрылады. Қазақстан Ұлттық банкі мемлекеттік ақша-несие саясатын анықтайтын және жүзеге асыратын орган болып табылады.

Қазақстан Ұлттық банкі ақша-несие саясатынан басты мақсаты: ұлттық валютаның тұрақтылығын, яғни оның төлем қабілеттілігі мен басқа шетел валюталарына қатысты тұрақтылығын қамтамасыз етуді көздеді.

**Ақша-несие** - бұл айналыстағы ақша жиынын, несие көлемін, сыйақы мөлшерлемесін өзгертуге, жалпы банк жүйесінің қызметін реттеуге бағытталған шаралар жиынтығы. Ақша-несие саясатының макроэкономикалық деңгейдегі субьектісі-Ұлттық банк болып табылады. Ал ақша-несие саясатының Ұлттық банк тарапынан реттеу обьектілерінің экономикадағы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз жиынының жиынтығы жатады.

Шаруашылық жағдайына байланысты ақша-несие саясатының екі типі болады:

- рекстрикциялық ақша-несие саясаты;
- экспанциялық ақша-несие саясаты.

**Рекстрикциялық ақша-несие саясаты** – екінші деңгейлі банктердің несиелік операциялар көлемін шектеуге және қатаң шарт белгілеуге, сондай-ақ сыйақы мөлшерлемесінің деңгейін арттыруға бағытталған шаралар жиынтығы.

**Экспанциялық ақша-несие саясаты** – несие беру көлемін кенейтумен, айналымдағы ақша жиынының өсуіне бақылаудың әлсіздігімен және сыйақы мөлшерлемесінің төмендеуіне байланысты сипатталады.

Соңғы жылдардағы ақша-несие саясатының басты көзлеген бағыты: инфляцияны төмендету және теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Ақша саясатының құралдарын төмендегідей топтастыруға болады:

Ақырғы мақсат: а) экономиканың өсуі; ә) толық жұмысбастылық; б) бағаны тұрақтандыру; в) төлем балансын тұрақтандыру.

Ақырғы мақсат: а) ақша жиыны; ә) пайыз мөлшерлемесі; б) айырбас бағамы.

Құралдары:

а) несие берудің лимиті, пайыз мөлшерлемесін тікелей реттеу;

ә) міндетті резервтер нормасының өзгеруі;

б) есептеу мөлшерлемесінің өзгересі;

в) ашық нарықтағы операциялар.

### 3. Монетарлық саясаттың құралдары

Монетарлық саясаттың құралдары:

1. Несие беру шегі, пайыз мөлшерлемесін тікелей реттеу

2. Міндетті резервтер мөлшерінің өзгерісі – коммерциялық банктердің Ұлттық банкке ақшаның бір бөлігін сақтауы (нормасы 10, 5 %). Міндетті резервтердің өсуі ақша ұсынысын көбейтуге әкеледі.

3. Есептеу мөлшерлемесінің өзгерісі (рефинансирование, учетная ставка). Қайта қаржыландыру мөлшері - коммерциялық банктер үшін Ұлттық банктің беретін пайыз мөлшерінің өзгерісі.

4. Ашық нарықтағы операциялар – екінші реттегі нарықта бағалы қағаздарды сату мен сатып алу. Негізгі мәні ақша эмиссиясын тоқтату. Құнды қағаздарды сатып алу арқылы коммерциялық банктердің резервтері өседі. Нәтижесінде ақша пайызы өседі де, несие беру жоғарылайды.

Егер банктедің міндетті резерв нормалары өссе, онда ақша мультипликаторы төмендейді де ақша массасы қысқарады.

Экономикалық жағдайға тәуелді Орталық банк арзан және қымбат ақша саясатын жүргізеді. Егер экономикада өндірістік қуаттылықты толық пайдаланбау, жұмыссыздық орын алатын болса, онда Орталық банк арзан ақша саясатын жүргізеді. Арзан ақша саясаты несиені арзан етеді және оны алуды жеңілдетеді. Бұл үшін ақша ұсынысын ұлғайту қажет. Осы жағдайда келесі әрекеттер жүзеге асырылуы тиіс:

а) мемлекеттік бағалы қағаздарды ашық нарықта банктер мен тұрғындардан сатып алу;

б) заңмен белгіленген резервтік норманы төмендету;

в) есеп ставкасын түсіру.

Ақша ұсынысының өсуі процент ставкасын төмендетіп, инвестиция мен іскерлік белсенділікті көтереді. Егер елде инфляция байқалатын болса, онда қымбат ақша саясатын жүргізу керек. Ақша ұсынысын қысқарту үшін келесі шаралар жүргізіледі:

а) мемлекеттік бағалы қағаздарды ашық нарықта сату;

б) резерв нормасын көтеру;

в) есеп ставкасын көтеру.

Егер банктің резервтері салымдар мөлшерінен аз болса, онда банк қарыздар мен ақша шығынымен байланысты басқа да операцияларды қысқартады. Ақша ұсынысы қысқарып, пайыздық ставкасы өседі. Процент ставкасының өсуі инвестицияны қысқартып, инфляцияны шектейді.

Орталық банкте ақша-несиелік бақылаудың негізгі үш құралы бар:

1. Ашық нарықтағы операциялар
2. Резервтік норманың өзгеруі
3. Есеп ставкасының өзгеруі

1. Орталық банк ашық нарықта коммерциялық банктерге бағалы қағаздарды сатты делік. Бағалы қағаздарды сату нәтижесінде коммерциялық банктердің резервтері төмендейді. Резервтің төмендеуі несие қоры мөлшерінің төмендеуіне алып келеді, ал ізінше елдегі ақша ұсынысы азаяды.

2. Орталық банктің директорлар кеңесі белгіленген резервтік норманы 20%-дан 25 %-ға көтеруге шешім қабылдады делік. Мысалы, банктің 50 мың теңге резерві болса, оның 40 мыңы 200 мың теңге салымдардың міндетті нормасына сәйкес келеді. Демек, банктің несиеге беруге болатын артық резерві 10 мыңды құрайды. Резерв нормасын 20%-дан 25 %-ға көтергеннен кейін міндетті резервтер 50 мың теңгені құрайды да артық резерв болмайды. Банк несиелеу жолымен ақша массасын кеңейту мүмкіндігі қысқарады. Заңға сәйкес

коммерциялық банктер өзінің қаражаттарының бір бөлігін резерв түрінде Орталық банкте сақтауға міндетті. Резерв мөлшерін Орталық банк орнатады. Егер 10 % резервтік нормада банк тұрғындардан 200 мың теңгеге дейін салымдар қабылдайтын болса, онда ол резервте міндетті түрде 20 мың теңгені ұстауы керек. Резервтің азаюы коммерциялық банктердің еркін ақшаларын клиент арасында орналастыру мүмкіндігіне алып келеді де ақша массасы мемлекетте өседі. Резервтің өсуі ақша ұсынысының азаюына әкеледі, олардың бағасы, яғни пайыз деңгейі өседі, яғни ақша қымбаттайды. Орталық банк жүргізетін резерв саясаты ақша-несиелік реттеудің құралы болып табылады. Ол елдегі несие көлемін тез қысқарту немесе кеңейту құралы ретінде пайдаланылады.

3. Орталық банктің негізгі функцияларының бірі бұл коммерциялық банктерге ақшаны қарызға беру. Коммерциялық банк несиені алған кезде Орталық банкке өзіне берілген қарыздық міндеттемелерді орындайды. Ал Орталық банк несие бергені үшін белгілі бір проценттік төлем алады. Коммерциялық банктерге берілетін несиелер үшін қойылатын ставка есеп ставкасы деп аталады. Есеп ставкасының төмендеуімен Орталық банк несиелеріне коммерциялық банктердің сұранысы артады. Бірмезгілде коммерциялық банктердің резервтері өсіп, кәсіпкерлер мен тұрғындарға несие беру мүмкіндігі артады. Несие үшін банк пайызы да төмендейді. Елдегі ақша массасының ұсынысы өседі. Керісінше елдегі ақша массасын азайта отырып, Орталық банк есеп ставкасын көтереді. Есеп ставкасының көтерілуі сондай-ақ инфляциямен күрес тәсілі болып та табылады.

**Талқылау сұрақтары:**

1. Мемлекеттің ақша-несие саясатының дамуына шолу жасаңыз?
2. Мемлекеттің монетарлық саясатының түрлерін атаңыз?
3. Мемлекеттің монетарлық саясатының құрылымын қарастырыңыз?
4. Мемлекеттің монетарлық саясатының мақсаттарын атаңыз?
5. Екі деңгейлі банк жүйесін сипаттаңыз?
6. Орталық банктің негізгі қызметтері қандай?
7. Резервтік норма және банк активтерін басқарудағы оның ролін атаңыз?
8. Активтер портфеліне не кіреді?
9. Ақша активінің артықшылығы неде?
10. Тепе-теңдік проценттік ставка деген не және ол қандай факторлармен анықталады?
11. Монетарлық саясаттың құралдарын атаңыз?
12. Қымбат және арзан ақша саясатының мәні неде?

**Негізгі терминдер**

- монетарлық (ақша-несие) саясаты
- несие беру шегі

- міндетті резервтер мөлшері
- есептеу мөлшерлемесі
- ашық нарықтағы операциялар
- қайта қаржыландыру (рефинансирование) мөлшері
- міндетті резервтер
- артық резервтер
- резервтеу нормасы
- банк жүйесі
- банк
- Орталық банк
- коммерциялық банк.

## Тапсырмалар

*Тест тапсырмалары:*

1. Ақша-несие саясатының жанама реттеу құралы:
A. Сертификат
B. Депозит
C. Несие берудің лимиті
D. Есеп мөлшерлемесін өзгерту
E. Ашық нарықтағы операциялар
F. Міндетті резервтер нормасын өзгерту

2. Ақша-несие саясатының құралы:
A. Міндетті резервтер нормасының өзгеруі
B. Несие беру лимиті мен пайыз мөлшерлемесін тікелей реттеу
C. Ашық нарықтағы операциялар
D. Алтын қоры
E. Сертификат
F. Салық салу
G. Депозит

3. Резервтеу нормасы тәуелді:
A. Ақша жиынының өзгеруіне
B. Мемлекеттік сатып алу шығындарына
C. Ақша мультипликаторына
D. Табыс деңгейінің өзгеруіне
E. Коммерциялық банктердің артық резервтеріне

4. Экспансиялық ақша-несие саясаты:
A. Жұмыссыздықты реттеу
B. Инфляцияны азайту
C. Сыйақы мөлшерлемесінің деңгейін төмендеуіне байланысты

D. Несие беру көлемін кеңейтумен сипатталады
E. Айналымдағы ақша жиынының өсуіне бақылаудың әлсіздігімен сипатталады

5. Рестрикциялық ақша-несие саясатының ерекшелігі:
A. Сыйақы мөлшерлемесінің деңгейін төмендету
B. Мемлекет шығындарын азайту
C. Жұмыссыздықты реттеу
D. Сыйақы мөлшерлемесінің дңгейін арттыру
E. Инфляцияны азайту
F. Салық салу деңгейін төмендету
G. Шаруашылық жағдайына байланысты ақша-несие саясатының түрі

6. Ашық экономиканы реттеу саясаты:
A. Бюджет-салық саясаты
B. Айырбас курсының саясаты
C. Қор жинау саясаты
D. Ақша-несие саясаты
E. Тұтынуды шектеу

7. Есеп мөлшерлемесі – бұл:
A. Мемлекеттік облигациялардың орташа табыстығы
B. Жедел салмдар бойынша пайыз
C. Орталық банк беретін несиелер бойынша пайыз
D. Орталық банкіде сақталатын коммерциялық банктердің міндетті резервтерінің үлесі
E. Коммерциялық банктердің артық резервтерінің үлесі

8. Егер жалпы резервтер міндетті резервтерге тең болса, онда:
A. Ақша мультипликаторы 1-ге тең
B. Міндетті резервтер артық резервтерлен аз
C. Резервтердің депозиттерге қатынасы 0,5-ке тең
D. Артық резервтер нольге тең
E. Жалпы резервтер артық резервтерден аз

9. Міндетті резервтер нормасы:
A. Ең бастысы ақша массасын шектеу құралы ретінде енгізіледі
B. Салымдарды қайтып алудан сақтап қалатын құрал ретінде енгізіледі
C. Халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажет ақша массасының орташа мөлшерін құрайды
D. Коммерциялық банктермен орнатылады.
E. Ақша ұсынысна әсер етпейді

10. Коммерциялық банк қызметі:

A. Есептік мөлшерлемені реттеу
B. Халықты несиелендіру
C. Ақша ұсынысын реттеу
D. Іскерлікті несиелендіру
E. Ақша нарығындағы тепе-теңдікті реттеу
F. Кәсіпорынның ағымдағы шоттарын жүргізу
G. Қағаз-ақша белгілерін эмиссиялау

*Тапсырма (ашық сұрақ).*

Егер рецессия (спад) кезінде халық қолма-қол ақша ретінде көп ақшаны ұстағысы келсе, ал депозиттерде аз сақтағысы келсе, ал өсу кезінде, керісінше, ол қолма-қол ақшаның үлесін азайтады деп санасақ, бұл экономикадағы ақша массасына қалай әсер етуі мүмкін? Осыған байланысты Орталық банкке қандай шаралар қолдануға болады?

Жауабыңызды негіздеңіз.

*Практикалық тапсырма (есеп).*

1 Есеп.

Жиынтық сұраныстың теңдеуі Y = 700 + 0.75 M/P тең, ал жиынтық ұсыныстың теңдеуі Y = 600 (P-$P_e$) + 1000 тең. Макроэкономикалық саясатта өзгеріс болмаған жағдайда және өндіріс деңгейі әлеуеттіге тең болса, онда егер ақша ұсынысы 400-ді құраса тепе-теңдік баға деңгейі қанша болады?

2 Есеп.

Келесі мәліметтер берілген:

cr = $\frac{C}{D} = 0{,}1;\ (10\%)$

rr = $\frac{R}{D}$ = 0,15; (15%)

$M_s$ = 330 млрд. долларға ↑

Анықтау керек: ақша базасын қаншаға көбейту керек; MB - ?

3 Есеп.

Келесі мәліметтер берілген:

$LRAS_1$ ; $Y^0 = 2000$

$SRAS_1$ ; $P_1$= 1,0

AD қисығы Y=2,0*$\frac{M}{P}$ теңдеумен берілген

$M_1 = 1000$ тең.

Баға сілкінісі нәтижесінде $SRAS_2$ ; $P_2$= 1,25 ↑

Есептеу керек:

1) Сілкіністен кейінгі экономикадағы $Y^0_{SR} -$ ?

2) Орталық банк экономикадағы өндірістің бастапқы деңгейін $Y^0 = 2000$ орнату үшін ақша ұсынысын қаншаға көбейту керек $\Delta M -$ ?
3) Графикте көрсетіңіз.

4 Есеп.

Коммерциялық банктің сомалық резерві 220 млн. руб. құрайды. Депозиттер 950 млн. руб. тең. Міндетті резерв нормасы 20% құрайды.

Егер банк өзінің барлық артық резервтерін ссудаға жұмсауға шешім қабылдаса, ақша ұсынысының өзгерісі қандай болады?

5 Есеп.

Келесі мәліметтер берілген:

$Y_{t1}^* = 4000$

$AD_{t1} => Y = 4200 - 2P$

$Y_t^* => 1\ \% \uparrow$

$AD_t => Y = 4280 - 2P$

Есептеу керек:

1) t жылындағы тепе-теңдік баға деңгейі қанша пайызға өзгерді; $\Delta P_t^0 -$ ?
2) Графикте көрсетіңіз.

*БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары:*

1. Банк жүйесі: Орталық банк және коммерциялық банктер
2. Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі және қаржы саясаты
3. Рестрикциялық ақша-несие саясатының ерекшелігі
4. Монетарлық саясаттың құралдары
5. Қымбат және арзан ақша саясатының мәні

## Тақырып 12. Экономикалық өсу және оның қарама-қайшылықтары

1. Ұлттық табысты өндіру және бөлу түсінігі
2. Экономикалық өсу ұғымы, оның өлшемі
3. Экономикалық өсудің түрлері мен факторлары
4. Экономикалық өсудің жаңа классикалық және кейнстік үлгілері

### 1. Ұлттық табысты өндіру және бөлу түсінігі

Кейнс теориясына сәйкес экономиканың тепе-теңдігін қалыптастыратын негізгі фактор пайыз мөлшерлемесі емес, үй шаруашылықтарының қолда бар табыс көлемі тұтыну және қор жинау динамикасын анықтайтын басты фактор болып табылады. Сонымен қатар барлық тұтыну шығындарын жасағаннан кейін қалған табыс бөлігі сақталып, жиналады. Пайыз мөлшерлемесінің екінші әсері табыстың тұтынуға және қор жинауға әсеріне қатысты салыстырмалы шағын рол атқарады. Солай бола тұра, инвестициялар динамикасы ең алдымен пайыз мөлшерлемелерінің динамикасымен анықталады. Бұл тұтыну, қор жинағы және инвестициялар функцияларында бейнеленеді.

$$\mathbf{C = a + b(Y-T)}$$

Бұл жерде: C – тұтыну шығыны; A – автономды тұтыну; b – тұтынуды шекті бейімділігі; Y – табыс; T – салықтық аударымдар; (Y-T) – қолда бар табыс ($Y_d$ немесе DI)

$$\mathbf{MPC = \Delta C/\Delta Y_d}$$

Бұл жерде: MPC – тұтынудың шекті нормасы; ΔC – тұтыну шығындарының өсімшесі; $\Delta Y_d$ – қолда бар табыстың өсімшесі

$$\mathbf{APC = C/Y_d}$$

Бұл жерде: APC – тұтынудың орташа бейімділігі; C – тұтыну шығындарының көлемі; $Y_d$ – қолда бар табыстың көлемі

Қор жинағының қарапайым функциясы.

$$\mathbf{S = -a + (1 – b) (Y – T)}$$

Бұл жерде: S – жеке меншік сектордағы қор жинағы; (1 – b) – тұтынудың шекті бейімділігі функциясы

$$\mathbf{MPS = \Delta S/\Delta Y_d}$$

Бұл жерде: MPS – қор жинағының шекті нормасы; ΔS – қор жинағының өсімшесі

$$\mathbf{APS = S/Y_d}$$

Бұл жерде: APS – қор жинағының орташа бейімділігі; S – қор жинағының көлемі; $Y_d$ – қолда бар табыс.

Қысқа мерзімді кезеңде ағымдағы қолда бар табыс өскен сайын APC кемиді, ал APS өседі, яғни отбасы табысының өсуімен тұтынуға кеткен шығын бөлігі салыстырмалы қысқарады және қор жинағы салыстырмалы өседі. Бірақ ұзақ мерзімді кезеңде тұтынудың орташа бейімділігі тұрақтанады, өйткені тұтыну шығындарының көлеміне ағымдағы қолда бар табыс көлемі ғана емес, сонымен қатар отбасының жалпы өмір сүру деңгейі және күтіп отырған тұрақты табыс көлемі де әсерін тигізеді.

## 2. Экономикалық өсу ұғымы, оның өлшемі

Экономикалық теорияда мағызды сұрақтардың бірі ол экономикалық өсу. Экономикалық өсу дегеніміз ұлттық өнімнің сан жағынан өсуімен қатар сапа жағынан жетілдірілуі. Экономикалық өсу деп өндіргіш күштердің ұзақ мерзімді дамуымен байланысты өндірістің нақты көлемінің табиғи дәрежесінің ұзақ мерзімдегі өзгерістерін атайды.

Экономикалық өсудің негізгі мақсаттары – халықтың әл-ауқатын көтеру және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Экономикалық өсудің негізгі мақсаты материалдық әл-ауқаттың жоғарлауы болып табылады, осының құрамына кіретіндер:

- Орта есеппен бір адамға келетін ұлттық табыстың өсуі. бұл мақсатқа жетуді ұлттық табыстың жан басына шаққанда келетін өсу шапшандығы көрсетеді.
- Бос уақыттың көбеюі. Бұл елдің нақты жалпы ұлттық өнім немесе ұлттық табыс көрсеткіштерінде орын алмаған. Сондықтан, осы мақсатқа жету дәрежесін бағалағанда, байқалып отырған мерзімде жұмыс аптасы мен жұмыс жылы қысқарғанына, жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек әрекеттерінің жалпы ұзақтығына назар аудары керек.
- Ұлттық табыстың халықтың әр топтараның арасында бөлінуін жақсарту.
- Шығарылған тауарлар мен қызметтердің сапасын жақсартып, түрлерін көбейту.

Экономикалық өсудің өлшеу тәсілдерін екі топқа бөлуге болады:

1. Нақты жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) өсуі. Бұл әдіс экономикалық мүмкіншілігінің молаю шапшандығын бағалау үшін қолданылады.
2. Жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) бір адамға шаққандағы өсуі. Халықтың әл-ауқатының дамуын талдағанда, немесе елдер мен аймақтардағы тұрмыс дәрежесін салыстырғанда қолданылады.

Экономикалық өсу – бұл ұлттық өнімнің сандық көбеюі, сапалық жағынан жетілуі. Өсудің үш типі бар:

1. Экстенсивті өсу дегеніміз – қосымша өндіріс факторларын тарту арқылы ұлттық өнімнің көбеюі.
2. Интенсивті өсу дегеніміз – техника мен технологияны толық жетілдіру арқылы ұлттық өнімнің көбеюі.
3. Аралас өсу дегеніміз - өндіріс қуатының өсуі нәтижесінде өндіріс факторларын пайдалану санының өсуі және техника мен технологияның жетілуі.

Экономикалық өсуді есептеу проценттік жылдық өсу қарқынымен анықталады:

$$\text{ЖҰӨ өсу қарқыны} = \frac{\text{ЖҰӨ1}}{\text{ЖҰӨ0}} 100\%$$

Мұндағы:
ЖҰӨ1 - есепті жылғы жалпы ұлттық өнім
ЖҰӨ0 - базистік жылғы жалпы ұлттық өнім

### 3. Экономикалық өсудің түрлері мен факторлары

Қоғамдық өндірістің типіне байланысты, өнімнің өсу шапшандығы мен өндіріс факторлары көлемі өзгерістерінің арасындағы сәйкестік әр түрлі болуы мүмкін, сондықтан экономикалық өсу де бірнеше типке бөлінеді.

**1. Интенсивті типі** - техника мен технологияның жетілдірілуі арқылы ұлттық өнімнің өсуі. Тиімді экономика экономикалық өсудің интенсивті типін қолдануға тырысады. Экономикалық өсудің интенсивтік факторлары:

- қолданылатын ресурстар сапасының өсуі (жұмыс күшінің сапасын өсіру және заттық капиталдың сапасын жақсарту);
- ресурстарды пайдалану әдістерін жақсарту (технологияны жетілдіру, өндірісті және өткізуді ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіру).

**2. Экстенсивті типі** – қосымша өндіріс факторларын тарту арқылы ұлттық өнімінің өсуі. Экономикалық өсудің экстенсивтік факторлары:

- жұмыс күшінің санының өсуі;
- капиталдың көлемі өсуі.

**3. Аралас типі** - факторлардың өсуімен қатар техникамен технологияның жетілдірілуі арқылы ұлттық өнімнің өсуі.

Экономикалық өсудің сапасы деген ұғым әлеуметтік бағытталуының күшеюімен байланыстырылады, оның сипаттайтын келесі көрсеткіштер:

1. Халықтың материалдық әл-ауқатының жақсаруы;
2. Адамның бос уақытының көбеюі;
3. Әлеуметтік инфрақұрылым салаларының даму дәрежесінің жоғарылауы;

4. Адам капиталына инвестицияны өсіру;
5. Адамдардың еңбек және өмір жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
6. Жұмыссыздар мен жұмысқа қабілеті жоқтарды әлеуметтік қорғау;
7. Еңбек нарығында ұсыныс көлемінің өсуі жағдайында жұмыспен толық қамтуды қолдау.

Экономикалық өсудің факторлары дегеніміз өндірістің нақты көлемін және оның тиімділігі мен сапасын арттыратын құбылыстар ықпалына мен процестер. Тигізетін ықпалына қарай экономикалық өсудің факторлары жанама және тікелей факторларға бөлінеді.

Экономикалық өсудің факторлары:

| *Тікелей факторлар:* | *Жанама факторлар:* |
|---|---|
| - Еңбек ресурстарының саны мен сапасының өсуі.<br>- Негізгі капитал көлемінің өсуі және сапалық құрамының жақсаруы.<br>- Өндірісті ұйымдастырумен қатар технологияның жетілдірілуі.<br>- Пайдаланатын табиғи ресурстардың саны мен сапалылығының артуы.<br>- Қоғамдағы кәсіпкерлік қабілетінің өсуі. | - Сұраныс факторлары – тұтыну, инвестициялық, мемлекеттік шығындардың өсуі.<br>- Ұсыныс факторлары – бәсекенің дамуы, ресурстардың бағасының төмендеуі, несие алу мүмкіншілігінің өсуі.<br>- Бөлу факторлары – қоғамдағы барлық ресурстарды тиімді пайдалану. |

Экономикалық өсу көптеген факторлармен анықталады, соның ішінде маңыздысы: сұраныс, ұсыныс факторлары.

Ұсыныс факторына мыналар жатады:

- табиғи ресурстардың саны мен сапасы;
- халықтың еңбекке жарамдылығының саны мен сапасы;
- негізгі капиталдың болуы;
- өндіріске қолданылатын технология деңгейі.


Осы факторлар өндіріс көлемінің өсуін физикалық мүмкін етеді. Тек ғана сапасы бойынша жақсы ресурстардың көп саны технологиялық потенциалды қоса нақты өнім өндірісін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Алайда өсуге ықпал ету мен өсудің өзін айыра білу керек. Біріншіден, өсу сұраныс факторларына тәуелді. Өспелі өндірістік потенциалды жүзеге асыру үшін экономика кеңеймелі ресурстар көлемінің толық қолданылуын қамтамасыз ету керек. Бұл үшін жиынтық шығындар деңгейінің артуы талап етіледі. Екіншіден, экономикалық өсуге бөлу факторлары да ықпал етеді. Өндірістік потенциалды мақсатқа сай пайдалану үшін тек ғана экономикалық айналымға ресурстардың толық

тартылуы қамтамасыз етіліп қоймай, сондай-ақ олардың тиімді қолданылуы қажет. Өндірісті өсіруге қабілеттілік жалпы өнім шығару көлемін кеңейту үшін жеткіліксіз. Ресурстардың нақты көлемін қолдану мен оларды пайдалы өнімнің максимальды санын беретіндей бөлу қажет.

Экономикалық өсудің сұраныс факторына мыналар жатады:

- еңбек ақы мөлшері;
- мемлекеттің фискалдық саясаты;
- халықтың қор жинау бейімділігі.

Факторлардың өсуі әсерінен экономикалық өсудің үлгідері құрылады: олар көп факторлы және екі факторлы үлгідер. Көп факторлы үлгі – барлық аталған факторлардың өсуіне әсер етеді. Жалпы осы факторлардың бірлесіп әсер етуі өндіріс мүмкіндігінің қисық сызығын береді. Әртүрлі факторлардың үйлестірілуі өндірілген өнімнің санына әсерін тигізеді. Екі факторлы үлгіге еңбек және капитал жатады. Екі факторлы үлгіді екі вариантпен құруға болады: біріншісінде ҒТП есептелмейді, екіншісінде ҒТП есептеледі. Егер ҒТП болмаса, онда капитал қорлануы баяулап, ақтық өнім төмендеуіне алып келеді және экономикалық өсуді азайтады. ҒТП-тің орындалу шартында капитал және еңбек өнімділігі артады, инвестицияны өсіреді.




**Экономикалық өсу және өндірістік мүмкіндіктер қисығы**

Экономикалық өсуге ықпал ететін сұраныс және ұсыныс факторлары өзара байланысты екендігін айта кету қажет. Мысалы, жұмыссыздық әдетте капиталдың қорлану қарқынын, сондай-ақ зерттеулерге кететін шығындар өсімін бәсеңдетеді. Және керісінше, жаңалықтарды енгізу мен капитал салымдарының төменгі қарқыны жұмыссыздықтың басты себебі болуы мүмкін. Барлық осы факторлардың өзара әрекетін өндірістік мүмкіндіктер қисығы береді. Бұл қисық аталған технологиялық потенциал негізінде негізгі капитал мен табиғи, еңбек ресурстарының аталған саны мен сапасы жағдайында

өндіріле алатын әртүрлі өнім вариантарының максимальды санын көрсетеді. Кез-келген ұсыныс факторлары тарапынан позитивті ықпалдың күшеюі өндірістік мүмкіндіктер қисығын оңға жылжытады.

Экономикалық өсудің көрсеткіштік өлшемдері ЖҰӨ және ЖІӨ болып табылады. Халықаралық деңгейде салыстыру үшін ЖҰӨ мен ЖІӨ-нің жан басына шаққандағы көрсеткіштері пайдаланылады. Қазақстан 2030 стратегиясында көрсетілгендей, еліміздің гүлденуін қамтамасыз етуде ұзақ мерзімдегі басымдықтардың арасында жоғарғы деңгейдегі шетел инвестициялары мен ішкі жиналған ақшасы бар ашық экономикаға негізделген экономикалық өсу ерекше маңызды болып саналады.

## 4. Экономикалық өсудің жаңа классикалық және кейнстік үлгілері

Қазіргі кезде экономикалық өсудің үш үлгісі бөліп көрсетіледі. Біріншіден, кейнсиандық үлгі, екіншіден, Харрод-Домар үлгісі және үшіншіден, неоклассикалық үлгі.

Кейнстік үлгі макроэкономикалық тепе-теңдікті қамтамасыз етуде сұраныстың басты роліне негізделеді. Сұраныстың шешуші элементі – мультипликатор арқылы пайданы ұлғайтатын инвестиция.

Кейнстік үлгіден айырмашылығы Домар үлгісінде инвестиция тек табыс емес, сондай-ақ жаңа қуаттылықтарды құру факторы. Сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігі Домар бойынша жаңа қуаттылықтар мен жаңа табыс құратын капитал салымдарының динамикасымен анықталады.

Сонымен экономикалық өсу үлгідерін келесі кесте түрінде көрсетуге болады:

| **Кейнсиан үлгісі** | **Харрод-Домар үлгісі** | **Кобб-Дуглас үлгісі** |
|---|---|---|
| **S=I**<br>Бұл экономикалық өсудің шарты.<br>1. Егер S>I болса, онда босалқы қор пайда болады, жұмыссыздық өседі.<br>2. Егер S<I болса, онда инфляция өседі. | **G=S:C**<br>G –экономикалық өсу қарқыны, S-ұлттық табыстағы жиналған ақша үлесі<br>K (капитал)<br>C=----------<br>Q (өнім шығару)<br>Капитал-экономикалық өсудің жалғыз факторы | **Y=F (L,K)**<br>Y-өндірілген өнім көлемі<br>L-еңбектің жиынтық шығындары<br>K-жұмсалған капитал<br>Экономикалық өсу еңбек өнімділігі (L) мен капиталдың (K) жоғары деңгейінде мүмкін болады. |

Демек, міндет инвестиция көлемі мен динамикасын анықтаудан тұрады. Домар үлгісінің дамуын Харрод үлгісі көрсетеді. Егер Домар үлгісі мультипликаторды пайдалануға негізделсе, Харрод үлгісінің негізінде

акселератор теориясы жатыр, демек, ол капитал салымдары байланысты табыстың балансыланған өсу нормасын анықтайды. Харрод үлгісі акселератор базасы теориясында кәсіпкерлердің инвестициялық шешімдерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Неоклассикалық үлгі бір емес, екі өндірістік факторды ескереді және олардың өзара алмастырылуын көздейді. ЖҰӨ-нің өндірістік факторлардың әртүрлі комбинациялары есебінен мүмкін болады. Неоклассикалық үлгідің аналитикалық құралдарының ішінде басты орынды өндірістік функция алады. Бұл үлгі экономист П.Дуглас пен математик Х. Кобббтың есімімен байланысты аталады.

**Талқылау сұрақтары:**

1. Ресурстар нарығында өндіріс факторларына бағаның қалыптасу ерекшелігін атаңыз?
2. Экономикалық цикл қандай фазалардан тұрады?
3. Циклдық ауытқудың себептері неде?
4. Қысқа, орта, ұзақ мерзімді дағдарыстардың сипаттты ерекшеліктерін атаңыз?
5. Дағдарыстың қандай түрлері бар?
6. Экономикалық өсуге қандай факторлар әсер етеді?
7. Экономикалық өсудің үлгілерін атаңыз?

**Негізгі терминдер**

- ұлттық табыс
- тұтыну
- жинақтау
- экономикалық өсу
- экстенсивті экономикалық өсу
- интенсивті экономикалық өсу
- аралас экономикалық өсу
- экономикалық өсудің Харрод-Домар үлгісі
- экономикалық өсудің Кейнстік үлгісі
- экономикалық өсудің Кобб-Дуглас үлгісі.

**Тапсырмалар**

*Тест тапсырмалары:*

1. А елінде капиталдың шекті өнімділігі 1/5, ал В елінде – 1/3. Тұтынуға шекті бейімділік екі елде де бірдей. Домар үлгісі бойынша нақты өнім өндірудің өсу қарқыны А елінде:

A. В елінің өсу қарқынынан 40% төмен
B. В еліне қарағанда 13% төмен
C. В еліндегі өсу қарқынынан 60% артық
D. В еліне қарағанда 1,67% есе жоғары

E. В еліне қарағанда 45% төмен
F. В еліне қарағанда 40% жоғары

2. Солоу үлгісінің экзогенді айнымалысы:
A. n – халықтың өсу қарқыны
B. I – инвестиция
C. R – пайыз мөлшері
D. K – капитал
E. M – ақша массасы
F. T – салық

3. Экономикалық өсудің бейнеленуі:
A. Өндірістік мүмкіншілік қисығы ішінде бір нүктеден екіншіге қозғалу арқылы
B. Өндірістік мүмкіншілік қисығының жоғары жылжуымен
C. Сұраныс қисығының оңға жылжуымен
D. Өндірістік мүмкіншілік қисығының нүктесінің қозғалысы арқылы
E. Сұраныс қисығының солға жылжуымен
F. Өндірістік мүмкіншілік

4. Р. Солоу үлгісіндегі алғышарттар:
A. Тұтынудың шектеулі бейімділігі төмен
B. Капиталдың өсу қарқыны төмен
C. Капиталдың кемімелі шекті өнімділігі
D. Ығысудың тұрақты нормасы
E. Масштаб әсерінің тұрақтылығы

5. Дамыған елдердегі экономикалық өсудің ең маңызды себебі:
A. Жұмыс уақыты көлемінің ұлғаюы
B. Өндірістегі технологиялық өзгерістер
C. Қолданылатын капитал көлемінің ұлғаюы
D. Экономикалық өсуге сабап болатын ақша-несие және фискалды саясатты іске асыру
E. Еңбек күшінің кваликациясын өсіру

6. Толық жұмысбастылық қамтамасыз етілген экономикада экономикалық өсу шарты:
A. Қор жинақтау мен инвестицияның төмен нормасы
B. Қор жинақтаудың жоғары нормасы және инвестицияның төмен нормасы
C. Инвестицияның жоғары нормасы
D. Қор жинақтау мен инвестиция нормаларының өсулері
E. S және I-дің жоғары нормасы
F. Қор жинақтау мен инвестицияның жоғары нормасы

7. Экономикалық өсудің факторлары:
   A. Табиғи ресурстардың саны мен сапасы
   B. Еңбек ресурстардың саны мен сапасы
   C. Технология
   D. Сұраныстың өзгеруі
   E. Тұтынушы талғамының өзгерісі
   F. Сұраныс қисығының өзгерісі
   G. Тауар бағасының өзгерісі
   H. Мүмкіндіктер қисығы

8. Экономикалық өсудің түрлері:
   A. Экстенсивті
   B. Мемлекттік
   C. Инновациялық
   D. Тұтынушылық
   E. Анықтамалық

9. Экономикалық өсудің түрлері:
   A. Интенсивті
   B. Мемлекттік
   C. Инновациялық
   D. Тұтынушылық
   E. Анықтамалық

10. Экономикалық өсудің түрлері:
   A. Аралас
   B. Мемлекттік
   C. Инновациялық
   D. Тұтынушылық
   E. Анықтамалық

*Тапсырма (топтық жұмыс).*

Сұрақ: «Экономикалық өсу қажет пе?». «Ия» немесе «Жоқ» па? Жауабыңызды негіздеңіз.

*Тапсырма (топтық жұмыс).*

Қазіргі кезде экономикалық өсудің үш үлгісі бөліп көрсетіледі. Біріншіден, кейнсиандық үлгі, екіншіден, Харрод-Домар үлгісі және үшіншіден, неоклассикалық үлгі. Осы үлгілерді қарастырыңыз?

*Тапсырма (топтық жұмыс).*

Домар үлгісінің Кейнстік үлгіден айырмашылығын түсіндіріңіз?

*Практикалық тапсырма (есеп).*

1 Есеп.

А елінің өндірістік функциясы $Y = K^{0,5} L^{0,5}$ болды. Шығу нормасы жылына 6%-ды құрады. Халық саны жылына 2%-ға өсіп отыр. Технологиялық прогресс жоқ.

Есептеу керек: «Алтын ереже» шарттарына сәйкес тұтынудың максималды көлемін есептеңіз?

2 Есеп.

$Y = A * K^{0.3} * L^{0.7}$ өндірістік функциясы берілген. Егер факторлардың жалпы өнімділігінің өсу қарқыны 2% тең, өндірістің өсу қарқыны 5,9% тең , ал капиталдың өсу қарқыны 6% тең болса, онда жұмысбастылардың саны қандай қарқынмен ұлғаяды?

*БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары:*

1. Халық саны және экономикалық өсу
2. Экономикалық өсуді мемлекеттік реттеу
3. «Алтын ереже» шарты
4. Харрод-Домар үлгісі
5. Экономикалық өсудің Кейнстік үлгісі

## Тақырып 13. Қазіргі бүкіл әлемдік шаруашылық және жаһандану экономикасының проблемалары

1. Әлемдік экономика дамуының заманауи үрдістері
2. Қазіргі әлемдік саясат және жаһандық мәселелер
3. Жаһандану процесі және оның Қазақстанға ықпалы

### 1. Әлемдік экономика дамуының заманауи үрдістері

Соңғы жылдары әлемдік экономика өте тез жылдамдықпен өзгерді. Әлем елдері дамуының біркелкі болмауынан әлемдік экономикада түбегейлі өзгерістер орын алды. Соның арқасында әлемдік экономика, бір жағынан, өзінің симметриялық қалпын өзгертіп, көпполярлы болды, келесі жағынан, ол тепе-теңсіздік жағдайына түсті.

Сондықтан, алдыңғы қатарлы елдердің құрамына кіру немесе периферия рөлін ойнау проблемасы Қазақстан үшін өзекті болып табылады.

Жалпы айтқанда, әлем елдерінің, сонымен қатар жеке мемлекеттердің даму тепе-теңсіздігі әлемдік экономиканың бір ерекшелігі болып табылады. Халықаралық экономикалық қатынастар жүйесіндегі тепе-теңсіздік экономикалық мүмкіндіктері мен әлемдік аренадағы орындарының әртүрлі болуынан туындайды.

Дегенмен, жаһандану жағдайында экономикалық даму тепе-теңсіздігі салыстырмалы түрде қарапайым сызбаларда көрсетуге келмейтін күрделі нысандарға ие болды. Халықаралық жүйелердің даму динамикасын тек жан-жақты зерттеулермен ғана сипаттауға болады. Мұндай мүмкіндікті геоэкономикалық әдіс ұсынады. Оның маңызды аспектілерінің бірі поляризация түсінігі болып табылады. Поляризация экономикалық даму тепе-теңсіздігінің экономикалық және кеңістіктік түсінігіндегі жаңа жағдайын көрсетеді. Бұл түсінік экономикалық әдебиеттерде кеңінен қолданылып жүр.

Жаһанданудың маңызды жағымсыз себепсалдарының бірі – дамыған және дамушы елдер арасындағы әлеуметтік-экономикалық алшақтықтың одан сайын артуы. Яғни, жаһандану көптеген дамушы елдердің әлемдік экономикалық жүйеде өздеріне тиесілі орындарын алу мүмкіндігінен айырады.

Қазіргі әлемдік экономикада экономикалық дамудың капиталдан басқа тепе-теңсіздікпен байланысты халықаралық фактор ғылыми-техникалық прогресс болып табылады. Әлемдік өркениет XIX ғ. соңында техногендік даму жолына түсті, ал жаһандану үдерісінің тереңдеуінен оның әсері одан әрі күшейді.

Осылайша, әлемдік шаруашылық дамуының индустриалды дамуы экономикалық даму тепе-теңсіздігін туындатып, оның маңызды себебі болып табылады, әлемдік экономика дамуының орталық-перифериялық сипатын тудырады.

Жаһандану үдерісінің шығындары мен ұтыстары қатысушылар арасында тепе-тең бөлінбеген. Бір полюстің өнімділікті арттыруы, шығынды қысқартуы, пайдаларды өсіруі және тұрмыс жағдайды жақсартуы басқа полюсте белгісіздіктің, тәуекелділіктің, тепе-теңсіздік пен кедейшіліктің арттыру арқылы орын алмақ.

Егер бұл проблемаға елдер деңгейінде қарасақ, онда зор басымдылықты бай елдер алады. Жаһанданудан түскен игіліктерді әділ бөлмеу аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде шиеленістер туындатуы мүмкін.

Шиеленістер кедей елдер бай елдерге қарағанда өте жоғары қарқынмен дамыған кезде ғана шешілмек. Жылдам өсу Оңтүстік-Шығыс Азияның жаңа индустриалды елдеріне тән. Дегенмен, олардың жаһанданудан алатын пайдасы аз.

Көптеген елдер үшін табыстарды теңестіру емес, олардың поляризациясы маңызды. Бұл үдерісте тез дамыған елдер бай мемлекеттер құрамына кіреді, ал кедей елдер, керісінше, одан сайын артта қала береді.

Егер жаһандану артықшылықтарын бөлу тепе-теңсіздігі проблемасын салалық аспектіде қарасақ, онда қысқа мерзімді келешекте өңдеуші өнеркәсіптегі, қызметтер саласындағы өзгерістер сыртқы саудадан пайда алатын және экспортпен байланысты салалар капиталдың үлкен ағынына және білікті жұмыс күшіне ие болатындығын көрсетті, ал басқа салалар болса, нарықтың тым ашықтығынан өздерінің бәсекелестік артықшылықтарын жоғалтып, жаһандық үдерісте жеңіліске ұшырайды.

Осылайша, жаһандану – өздігінен әлемдік экономика және оны құраушы ұлттық шаруашылықтар үшін қауіпті болып табылмайтын халықаралық экономикалық өмірдің объективті үдерісі. Бұдан басқа, мұнда жеке мемлекет шеше алмайтын жаһандық проблемалар шешілуі мүмкін.

Біз мұнда жаһанданууды теріске шығаруға емес, оның қазіргі нысанының қаншалықты әділ екендігін анықтауға ұмтылдық. Жаһанданудың қазіргі кезеңінің негізінде, түптеп келгенде, экономикалық мүдделер жатыр. Батыс қауымдастығы әлі де өзінің ұлттық мүдделерін қорғау позициясы тұрғысынан ғана әрекет етуде.

Әлемдік аренада белгілі бір интеграциялық топқа бірікпеген бірде-бір мемлекетті кездестіру мүмкін емес. Сонымен қатар, қазіргі кезде мемлекет жеке өзі емес, белгілі бір топтың құрамында болып араласуы көптеп белең алуда. Бірақ, интеграция үрдісінің сипаты қандай екені пікір-талас туындатады. Соған байланысты қазіргі әлемдік экономиканы келесідей 3 негізгі үрдіспен сипаттауға болады.

Көптеген елдерінде ең жоғарғы табысқа ие 1% халық және басқа халықтар болып бөліну жаңа көрінісі болып табылды. Ең жоғарғы табысқа ие 1% халық үлесінің артуы АҚШ пен ағылшын тілді елдерде және аз дәрежеде Қытай мен Үндістанда анық байқалады.

Әлемдік экономиканың болашағы, көбінесе ел бойынша орта табыстардың конвергенциясы арасында өзара әрекеттесуіне, түрлі елдердің өзара байланыстылығының артуына және ел ішінде де, жалпы әлем халықтары үшін де табысты бөлудің ең жоғарғы және ең төменгі деңгейлері алшақтығының ұлғаюына байланысты. Бұл үрдістер саяси, әлеуметтік және геостратегиялық салдарды туындатады.

## 2. Қазіргі әлемдік саясат және жаһандық мәселелер

Әлемдік саясат көпқабатты және көпжақты құбылыс. Себебі оның қызметі жаһандық өзгерістердің және жаңа құбылыстардың тууына байланысты. Мысалы, ғаламшардың жаһандық жылынуы әлем халықтарына түрлі табиғи апаттар әкелуде. Сондықтан өндірістің зиянды қалдықтарын азайтуға әрбір мемлекет мүдделі деп есептеледі. Алайда көпшілік мемлекетер өздерінің, капитал мүдделеріне әлі де болса басымдылық беруде. Өндіріс дамуда, зиянды қалдықтар өсе түсуде. Ал, әлемдік саясат адамзатты сақтау үшін әр ел өзінің эгоистік, ұлттық мүдделеріне тиым салу қажеттілігін талап етуде.

Әлемдік саясат мақсаты мемлекеттерді ғаламшарлық ортақ мәселелерді ұжымдық шешуге ұйымдастыру, олардың арасында бейбітшілік пен татулықты сақтау. Басым державалардың және трансұлттық компаниялардың ғаламдық мәселелерді шешуге бағытталған іс-әрекеттерін ортақ арнаға бұру. Әлемдік саясаттың түпкілікті, көкейтесті міндеті-адамзаттың өмір сүруіне жағдай жасау арқылы, оның тіршілігін қамтамасыз ету. Қазіргі кезеңде әлемдік басым державалардың саяси элиталары әлемдік саясат міндеттерін шешпейінше ешбір мемлекетте келешек болмайтындығын түсінуде.

Демек саясат мәнін ұғыну үшін халықаралық саясат бағыттарын, оның қалыптасуы мен дамуының заңдылықтарын білу маңызды. Сондықтан саясаттану пәні студенттердің әлемдік саясат туралы кең көлемде түсінігін қалыптастыру зәрулік деп біледі. Себебі, халықтар мен мемлекеттердің тарихи тағдырлары бір-біріне байланысты және тәуелді. Олардың өзара қатынастары мемлекетаралық деңгейде, халықаралық ұйымдар арқылы, трансұлттық корпорациялар, халықаралық үкіметтік емес ұйымдар т.б. әлемдік саяси процесс субъектілері арқылы өтеді. Әлемдік саясат акторлары қызметтері адамзаттың сақталуы мен өмір сүруін қамтамасыз етуді көздейді.

Әсіресе ядролық және жаппай қыру қаруларының басқа түрлерін қолдануға, сынауға тиым салу, оларды таратпау, сатпау мәселесін әлем мемлекеттері бірлесіп шешу қажеттілігін түсініп, ортақ шаралар жасай бастады. Әлемдік саясат соғыс қаупіне қарсы халықтардың және мемлекеттердің бірлесіп күресуі қажеттілігін сезінуден басталады десек қателеспейміз. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әлемдік жақындасу, бірлесу, ортақтасу, мүдделердің тәуелділігі сияқты үдерістердің күшеюі тереңдей берді. Ортақ экономикалық, сауда, транспорт пен коммуникация ғылым мен ақпарат байланыстары

халықтар мен мемлекеттерді өзара тәуелді ете түсті. Өзара келісіп, ортақ мәселелерді бірлесіп шешу міндеттері зәрулікке айналды. Әлемдік жаһандану үдерісі тек объетивті ғана емес, түрлі субъективті факторлар ықпалымен жылдамдай берді. Әлемдік деңгейдегі ортақ мәселелер жүйесінің қалыптасуы XX ғасырдың 70-80 жылдарында нақты нәтижелерін беріп жаһандық жаңа тәртіптер қалыптасты. Адамзат өркениетті бір сапалық деңгейден, екінші мүлдем жаңа сапалық деңгейге ауысты. Жаһандану үдерісі XXI ғасырдың бастапқы кезеңінде бұрынғыдан да әлеуетті бола түсті. Жер шары халқының саны 2010 жылғы 6,8 миллиард болса 2025 жылы 11 млрд. адамға өсуі болжануда. Өкініштісі халық өсуі тіршілік ортаның ластануымен қатарласа жүруде. Адамзаттың осылайша өсуі міндетті түрде экологиялық катастрофаға әкеледі деп есептейді сарапшылар.

Адамзаттың дамуы демографиялық дағдарыс, экологиялық қыспақ, азық-түлік тапшылығы сияқты дәстүрлі қауіптер мен қайшылықтарға қосарласқан жаңа қауіптерге душар болуда. Олар ядролық қарулардың және басқа да жаппай қыру қаруларының бақылаусыз таралуы, халықаралық терроризм, түрлі індет ауруларының жаңа түрлерінің қауіптері, адамдарды құлдыққа сату, жасырын миграция, аштық (әлем халқының 1 млрд. адамы қазір ашығуда), экстремизм, наркотрафик т.б. қауіптер мен қайшылықтар. Әлемдегі бейбітшілік пен тыныштықтың сақталуына зардаптарын тигізетін осы қауіп-қатерлерден келетін шығындарды азайтуға бағытталған тиімді де күшті саясатты басқа мемлекеттермен үйлестіре отырып жүргізуге әлемнің әрбір мемлекеті мүдделі. Қазақстан өзінің географиялық орыналасуы жағынан әлемдік мүдделердің тоқайласқан аумағында тұр.

Мемлекеттер мен халықтар жаһандық мәселелерді бірлесіп шешу мақсатында әлемдік қауымдастық құрып отыр. «Әлемдік қауымдастығы» ұғымын алғаш рет ресми түрде 1969 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзінде АҚШ Президенті Ричард Никсон қолдаған. Ол, - «Бүкіл тарихи ұмырымызды біз бірінші рет әлемдік қауымдастық болып отырмыз»,- деп көрсетті. Әлемдік қауымдастықтың мақсаты-әлемдік тәртіптерге әсер ете отыра әлемдік бейбітшілік пен адамзатты сақтау болып табылады. Негізгі мақсатты орындау үшін барлық мемлекеттер әлемдік қауымдастықты нығайта беруге мүдделі болуға тиісті. Бұл ретте әлемдік және аймақтық басым державалардың бейбітшілік пен татулық үлгілерінің маңызы үлкен. АҚШ, Қытай, Ресей, Индия, Бразилия, Жапония, Германия, Ұлыбритания, Пәкістан сияқты қуатты мемлекеттердің агрессияға бармауы, әлемдік тәртіптерде бейбітшілік пен қауымдастығының жаһандық мәселелері мен қауіптерді тиімді шешу саясатын жүргізуге жағдай туғызатыны анық. Әлемдік тәртіптерде, әлемдік геосаяси құрылымда бейбітшілік әлемінің басым болуына жағдай жасайтын мемлекеттерді нағыз бейбітшілікті сүйетін мемлекеттер ретінде бағалауға болады.

Қазіргі әлемдік саясаттың түрлі деңгейлері макро, мего, микро деңгейлері өзара байланысып біріне – бірі күшті ықпал жасап отырды.

Ұлттық мемлекеттер шеңберінен тысқары жүргізілетін, әлемдік мәселелерді реттеуге, немесе оларға ықпал етуді мақсат тұтатын саясат келесідей категориялардан тұрады.

1. Сыртқы саясат – мемлекеттің, немесе жеке халықтың сыртқы саладағы қызметі. Бұл саясат мемлекеттің басқа мемлекеттермен байланыс жасау, немесе жасамау деңгейін сипаттайды. Сыртқы саясат мемлекеттің өмір сүруіне қолайлы сыртқы жағдайларды жасауды көздейді. Әлемдік қауымдастықтан ұлттық мемлекеттің орнын табуына ықпал етеді.

2. Халықаралық саясат – мемлекеттердің халықаралық аренада бірлескен қызметі болып табылады. Саясаттың бұл саласы мемлекеттерді оларға ортақ мәселелерді бірлесіп, келісімдер арқылы шешу жолдарын көрсетеді. Халықаралық саясаттың елдер мен халықтар арсындағы өзара тәуелділіктің, шешімін табу үшін халықаралық әріптестікті талап ететін мәселелердің көбеюіне байланысты маңызды арта түседі.

3. Мемлекетаралық саясат – жекелеген мемлекеттердің арасындағы қатынастар жүйесін белгілейді. Бұл саясат мемлекеттердің органдарының, қызметтерінің және өкілдерінің (президент, парламент, үкімет, сыртқы істер министрілігі, кеден т.б.) екі мемлекетке ортақ мәселелерін өзара келісіп шешулерінің жолдарын анықтайды.

4. Ұлттық мемлекет үстіндегі саясат (наднациональная политика) – жекелеген мемлекеттердің өздерінің кейбір егеменді құқықтарын өз еріктерімен халықаралық ұйымдарға беруімен сипатталады. Мысалы, мұнай бағасын халықаралық нарықта реттеу құқығы. Сыртқы, әлемдік саясаттың бұл бағыты Қазақстандық саясаттану ғылымында әлі зерттелген жоқ

5. Мультиұлттық саясат – бірнеше, немесе одан көп мемлекеттерден құралған біріккен саясат субъектілерлінің халықаралық қатынастарға ықпал етуі (ЕЫҚҰ, ЕО, ШЫҰ, БРИК). Бұл саясаттың субъектілері ұлттық мемлекеттер болып табылады.

6. Трансұлттық саясат – мемлекеттік емес саясат акторлары мен субъектілерінің: партиялар, кәсіподақтар, әлемдік діндердің ұйымдары, халықаралық үкіметтік емес ұйымдар, трансұлттық корпорациялардың т.б. халықаралық аренада қызмет етуі.

Аталған категориялардың барлығы әлемдік, немесе халықаралық саясат ұғымының түрлі аспектілерін, қырларын көрсетеді. Ал, әлемдік, халықаралық саясат ұғымына келетін болсақ бұл ұғым халықаралық құқық суъектілерінің (мемлекеттер, мемлекетаралық және мемлекеттік емес ұйымдар, одақтар, діни ұйымдар, трансұлттық ұйымдар мен корпорациялар т.б.) соғыс және бейбітшілік, адамзаттың сақталуы, жалпыға бірдей қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қарусыздану, ұлттық, аймақтық, жаһандық қайшылықтардың алдын алу және реттеу, қоршаған ортаны сақтау, аштық пен ауруларды азайту және басқа

да әлемдік қайшылықтарды шеше отырып адамзат үшін әлемде неғұрлым әділетті тәртіптер орнатуға бағытталған мақсатты қызметін көрсетеді.

Әлемдік саясаттың күнделікті мақсаты - әлемдік тәртіпте бейбітшілікті, тұрақтылықты, демократияны сақтау. Сонымен қатар оның көздегені әлемдік саясатқа қатысушы субъектілердің барлығының мүдделі тоғысатын халықаралық орта жасау. Мүдделердің ортақтастығы, адамзатты сақтауға деген зәрулік көптеген мемлекетердің жалпыадамзаттық мүдделердің басымдылығын мойындауына әкеліп отыр.

### 3. Жаһандану процесі және оның Қазақстанға ықпалы

Жаһандану мәселесі өз мемлекетіміздің тәуелсіздігіне, Қазақстан халқының мәдениетіне, көпғасырлық дәстүрге, халық даналығына әсер етуде. Еліміздің дамуының өзгеше ерекшеліктерінің бірі, оның болашаққа деген ұмтылысы болып табылады. Мемлекет басшысы жаһандану үрдісінде жастар саясатына ерекше көңіл бөлген болатын. Сонымен қатар, XXI ғасыр жаңару кезеңі, жастар қоғамды, экономиканы дамытушы, қозғаушы күш деп айтқан болатын. Тарихпен дәлелденген мәселе ретінде - жастар кез-келген мемлекеттің болашағы. Әлемдік өркениетке ену процесі жастардан іскерлік пен біліктілікті, ақылдылық пен парасаттылық талап етуде. Жастар саясаты — жарқын болашақ кепілі. Елбасының жаһандандыру мәселесінің оң және теріс әсерін салыстыра келе, оны салмақты, жүйелі басқару қажеттілігін айтқан. Расында, әлем елдерінің арасындағы экономикалық алмасу, ақпараттық, адамдардың еркін қозғалысы арқылы жүзеге асырылатын жаһандану жағдайы еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру керек екендігін дәлелдеуде. Елдің экономикалық деңгейі, әлемдегі бәсекелестік орны оның адам капиталына байланысты деген еді Президент. Бәсекеге қабілеттіліктің шешуші факторы ретінде ғылым мен білім жаңа технологияларды атады. Ғылымды дамытуда ұсынылған Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құру, Ғылымды дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қабылдау болып табылады».

Қазақстанға жаһандану әсері туралы сұрақтардың жауаптарына қарап, пессимистік көрінісіне бейім деген қорытындыға келді.

Жаһандану жағдайы ғалымдармен, саясаткерлер, дипломаттардың алаңдаушылығын тудыртуда. Себебі мемлекеттің ұлттық егемендік мәселесіне қауіп төндіртіп отыр. Мұның бәрі Қазақстан мемлекетінің, қазақ халқының ұлттық мүдделеріне қайшы келетін ұстанымдар жиынтығы болып табылады. Жаһандану, жаңару мен өзгерістер кезінде ең күрделі міндет - өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін, тұтастығын, экономикалық дербестігін сақтап қалу. Әлемдік трансұлттық компаниялардың, ұйымдар мен одақтардың саясаты мен мақсаты біздің ұлттық мүддеге қайшы келетіні белгілі. Сондықтан қазақ мемлекетін нығайту келешек президент пен парламент институттарының жауапкершілігін арттыру болып табылады.

Сондықтан да Қазақстанның Жаһандану деңгейіндегі даму жолдарын табу проблемасы жан-жақты зерттеуді талап етеді. Әзірге бізде Жаһандану үрдісіндегі ұстаным проблемасын зерттеу, өкінішке орай көрші жатқан Ресей еліндегідей, Орталық және Шығыс Еуропадағыдай өтпелі кезең елдерінде орныққан тұрақты және жүйелі талдау, талқылау сипатына ие бола қоймаған. Қазақстан – бүгінде әлемде өзіндік саяси-әлеуметтік, демократиялық бет-бейнесі қалыптасып, өзіндік орнын белгілеп келуде. Сондықтан да еліміздің жалпы әлемдік-экономикалық және саяси-әлеуметтік жүйеге кіріккен қазіргі заманда дамыған мемлекет болуына қол жеткізгіміз келсе, онда дүниежүзілік үрдістер мен проблемаларды ой елегінен өткізіп, қарастырудан қашпауымыз керек секілді.

**Талқылау сұрақтары:**

1. Жаһандану жағдайында экономикалық даму мәселелерін қарастырыңыз?
2. Әлемдік экономика дамуының заманауи үрдістерін қарастырыңыз?
3. Қазіргі әлемдік саясат және жаһандық мәселелерді қарастырыңыз?
4. Әлемдік мәселелерді реттеуге немесе оларға ықпал етуді мақсат тұтатын саясат қандай категориялардан тұрады?
5. Әлемдік саясаттың күнделікті мақсаты?
6. Жаһандану процесі және оның Қазақстанға ықпалын қарастырыңыз?
7. Қазақстанның жаһандану деңгейіндегі даму жолдарын табу проблемасын қарастырыңыз?

## Негізгі түсініктер

- әлемдік экономика
- жаһандану
- әлемдік саясат
- поляризация
- сыртқы саясат
- халықаралық саясат
- мемлекетаралық саясат
- ұлттық мемлекет үстіндегі саясат (наднациональная политика)
- мультиұлттық саясат
- трансұлттық саясат.

## Тапсырмалар

1. Елдің сауда балансының сальдосы оң болады егер:

A. Таза экспорт оң көрсеткіш болса
B. Экспорт импортқа тең болса
C. Экспорт импорттан асып түссе
D. Импорт артып, экспорт кемісе
E. Таза экспорт теріс көрсеткіш болса

2. Шағын ашық экономикаға қатысты пікірлері дұрыс:
A. Жабық экономика шығысы мультипликатор мөлшеріне тең
B. Импорттың мөлшеріне тәуелді
C. Инвестициялар мөлшері әлемдік пайыз мөлшерлемесіне тәуелді
D. Таза қызметтер мен таза ағымдағы трансферттер оң мөлшерді құрайды
E. Сауда балансының сальдосы міндетті түрде нөлге тең
F. Импорттың мөлшері импорттауға шекті бейімділікке тәуелді
G. Таза экспорттың мөлшері ұлттық кіріске тәуелді
H. Ұлттық жинақ ақша инвестицияға тең болады

3. Еңбек өнімділігі келесідей есептеледі:
A. Капитал шығыындарының еңбек шығындарына қатынасы
B. Өнімнің нақты көлемінің жұмыс уақытының сағаттық мөлшеріне қатынасы
C. Өнімнің нақты көлемінің халық санына қатынасы
D. Жұмыс уақытының сағаттық мөлшерінің ЖҰӨ-нің нақты мөлшеріне қатнасы
E. Капитал шығындарының өнімнің нақты көлеміне қатынасы

4. Төменде көрсетілгендердіңң қайсысы еңбек өнімділігінің өсуіне әсер етпейді:
A. Технологиялық өзгерістер
B. Жұмысшылар санының өсуі
C. Жұмысшылардың квалиациясы мен білім деңгейі
D. Өндіріс масштабының әсері
E. Өндірісті ұйымдастыру деңгейі

5. Шағын ашық экономикаға қатысты пікірлері дұрыс:
A. Жабық экономика шығысы мультипликатор мөлшеріне тең
B. Импорттың мөлшеріне тәуелді
C. Инвестициялар мөлшері әлемдік пайыз мөлшерлемесіне тәуелді
D. Таза қызметтер мен таза ағымдағы трансферттер оң мөлшерді құрайды
E. Сауда балансының сальдосы міндетті түрде нөлге тең
F. Импорттың мөлшері импорттауға шекті бейімділікке тәуелді
G. Таза экспорттың мөлшері ұлттық кіріске тәуелді
H. Ұлттық жинақ ақша инвестицияға тең болады

6. Елдің сауда балансының сальдосы оң болады егер:
A. Таза экспорт оң көрсеткіш болса
B. Экспорт импортқа тең болса
C. Экспорт импорттан асып түссе
D. Импорт артып, экспорт кемісе
E. Таза экспорт теріс көрсеткіш болса

7. Ашық экономикада макроэкономикалық саясаттың мақсаты:

A. Сауда балансының жай-күйін бейнелеу
B. Экономиканы ықтимал шығарылым деңгейіне шығару
C. Жұмыспен толық қамтуға және төлем балансының нөлдік сальдосына қол жеткізу
D. Тіркелген валюта бағамы жағдайында капиталдың абсолютті икемділігі
E. Ішкі макроэкономикалық реттеулер
F. Ауыспалы валюта бағамын көтеру

8. Ағымдағы операциялар бойынша Қазақстан мемлекетінің балансында тапшылық болса:
A. Тапшылық қаржыландырылады
B. Фискалдық саясат жүргізіледі
C. Экспорт көлемі ұлғайтылады
D. Импорт көлемі ұлғайтылады
E. Экспорт көлемі қысқартылады
F. Ауыспалы валюта бағамы көтеріледі

9. Егер неміс маркасының долларға шаққандағы бағасы (1 марка) 50-ден 45 центке түссе, онда Германияда бағасы 150 маркамен сатылатын магнитафонның құны (доллармен) қалай өзгереді?
A. 15 долларға арзандайды
B. 7,50 долларға өседі
C. Құны 67,5 доллар болады
D. 10 долларға түседі
E. 8 долларға түседі
F. 15 долларға өседі

10. Протекционистік сауда саясатының ерекшелігі:
A. Таза экспорт өседі
B. Тепе-тең нақты валюта бағамы өседі
C. Пайыз мөлшерлемесін өзгертпейді
D. Жалақыны өсіреді
E. Ұлттық экономиканы қолдау саясаты

*Тапсырма (топтық жұмыс).*

«Жаһандану жағдайында экономикалық даму проблемалары» тақырыбына конспект жазыңыз, конструктивтік пікірталасқа дайындалыңыз.

*БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары:*

1. Қазақстанның жаһандану деңгейіндегі даму жолдарын табу проблемасы
2. Жаһандану жағдайында экономикалық даму мәселелері
3. Еңбек өнімділігі

4. Халықаралық саясат
5. Әлемдік экономика дамуының заманауи үрдістері

## Тақырып 14. Әлемдік нарық және халықаралық сауда

1. Халықаралық экономикалық қатынастардың мәні және формалары
2. Сыртқы сауда мәні және оның құралдары
3. Төлем балансының мәні мен құрылымы

### 1. Халықаралық экономикалық қатынастардың мәні және формалары

Халықаралық экономикалық қатынастардың негізгі формалары мыналар:

1) Халықаралық сауда;
2) Халықаралық несие;
3) Өндірістік факторлардың (еңбек, капитал) халықаралық ауысуы;
4) Халықаралық ғылыми-техникалық байланыстар;
5) Экономикалық интеграция.

Макроэкономикалық құбылыстар мен процестер көптеген үй шаруашылығы мен фирмалардың қабылдаған шешімінің нәтижесінде пайда болады, сөйтіп микродеңгейде қалыптасады. Дегенмен сыртқы экономикалық байланыстарды, яғни оның ашықтық деңгейін ескермесек, кез келген ұлттық экономиканы талдау толық болмас еді. Ұлттық экономиканың өзара әрекет ету заңдылықтарын зерттей отырып, халықаралық сауданың себептерін, төлем қозғалысы, сол сияқты сауда қарым-қатынасын, оның қоғам игілігіне әсерін регламенттеуші және айқындаушы экономикалық саясатқа көңіл бөлу қажет. Мемлекеттердің табыстары мен төлемдерінің балансын талдауды талап ететін сыртқы тепе-теңдікке қол жеткізу макроэкономикалық мәселе болып табылады, себебі мұндай баланстың болмауы ішкі экономикалық саясатты жүзеге асыруда біраз проблемалар тудыруы мүмкін.

Ең ежелгі және дәстүрлі халықаралық экономикалық қарым-қатынас формасы сыртқы сауда болып табылады.

**Халықаралық сауда** қатысушы елдер арасындағы жиынтық тауар айналымы. Жекелеген елдер үшін ол импорт және экспорттан тұрады.

Халықаралық сауданың себептерін зерттеу – халықаралық сауданың әр алуан теорияларының басты мәселесі. Халықаралық сауданың классикалық теориясының негізін салушы ағылшын экономистері А.Смит, Д.Рикардо. Олар халықаралық сауданың көмегімен мамандануды дамытып, өздерінде бар ресурстардың өнімділігін көтеріп, осылайша шығарылатын тауарлар мен қызметтердің көлемін ұлғайта алатынын, демек сол арқылы әр ел халқының тұрмыс жағдайын жақсартатын құрал екенін дәлелдеді.

«Леонтьев парадоксы» Хекшер-Олин теориясын дамытуға мүмкіндік берді:

1) бір жағынан, барлық өндіріс факторларын еңбекке, капиталға, жерге әкеп тіреуге болмайды, екінші жағынан, өндіріс факторларының біртектес емес екенін, яғни оның сапасын есепке алу керек;

2) табиғи ресурстың бір бөлігі өндіріс процесінде тек капиталдың үлкен ассоциациясы арқылы қатыса алады;

3) мемлекетпен жүргізілетін сыртқы сауда саясатының халықаралық мамандануға әсерін ескеру керек.

| **Абсолютті артықшылық теориясы (Адам Смит)** | **Салыстырмалы артықшылық теориясы (Давид Рикардо)** |
|---|---|
| *Негізгі қағидалары:*<br>Егер екі жақ та өздерінде аз шығынмен өндіретін (яғни абсолютті артықшылыққа ие болатын) тауарды шығаруға толық мамандансa, олар максималды ұтысқа ие бола алады және өзара сауда жасай алады.<br>*Кемшіліктері:*<br>Транспорт шығындарын көтере алмау, ақша емес, тауармен алмасу, еңбектің ішкі шоғырлануы. Еңбектің ішкі шоғырлануы – баламалы шығындардың тұрақтылығын көздейді. Шын мәнінде ол өндіріс көлемі өсуімен бірге өсіп отырады. | *Негізгі қағидалары:*<br>Барлық елдер үшін халықаралық айырбас керек және мүмкін. Кез келген елде қолдағы шығындар арақатынасы жағдайында өндіруі өзіне тиімді тауар түрі табылады және дәл осы тауарды экспортқа шығаруы тиіс. Салыстырмалы артықшылық шығынның салыстырмалы мөлшерімен өлшенеді. |

XX ғасырдың басында швед экономистері Э.Хекшер, Б.Олин өндіріс факторлары арақатынасының теориясын жасап шығарды.

**Өндіріс факторлары арақатынасының теориясы (Эли Хекшер, Бертиль Олин)**

*Негізгі қағидалары:*

Өндіріс шығындарындағы елдер арасындағы айырмашылық тауар өндірудегі әр түрлі факторлардың үйлесімімен және онымен салыстырмалы қамтамасыз етілуімен анықталады.

Елдер экспортқа өндіріс факторларының үлкен шығындарын талап ететін, өздерінде салыстырмалы артық тауарды шығарады және неғұрлым аз шығындарымен өндірістің тапшылықты факторын өндіріс факторы кері пропорциялы тауарларға айырбастайды.

Экономистер осы күнге дейін дүниежүзілік саудадағы жаңа тенденцияларға түсінік алу үшін өндіріс факторларының арақатынасы теориясының негізгі тұжырымдарын қалайша жаңартуға немесе ауыстыруға болатындығы жөнінде пікір таластырып келеді.

Бұл мынадай неотехнологиялық теориялардың тууына әкелді:
- төмендеуші шығындар теориясы (немесе «масштаб эффектісі»);
- технологиялық айырылу теориясы;
- өнімнің өмірлік цикл теориясы;
- бәсекелестік артықшылықтар теориясы.

## 2. Сыртқы сауда мәні және оның құралдары

Сыртқы сауда экспорт, импорт сыртқы сауда айналымы туралы мәнді ұғымдардың көмегімен бағаланады. Экспорт мен импорттың ақша өлшеміндегі барлық сомасы сыртқы сауда айналымын құрайды, ал елдің экспорты мен импортының арасындағы айырма сыртқы сауда балансын көрсетеді. Сыртқы сауданың бұл көрсеткіштерінен басқа да көрсеткіштер есептеледі: экспорттық квота, сыртқы сауда квотасы.

**Сыртқы сауда дегеніміз** – салық жєне импорт пен экспортқа тікелей шек қою арқылы сыртқы сауданы мемлекеттік реттеумен байланысты сыртқы экономикалық саясаттың салыстырмалы дербес бағыты.

Көрсетілген факторлардың әрекеті қазіргі сыртқы сауда саясатындағы екі тенденцияның тұрақты өзара әрекетін тудырады: либерализация және протекционизм.

**Протекционизм** – ішкі нарықты шетел бєсекесінен қорғауға бағытталған мемлекет саясаты, кейде сыртқы нарықты жаулап алуға да бағытталады.

**Либерализация** (еркін сауданы қорғау) – сыртқы сауда байланысының дамуына кедергі келтіретін кеден және басқа да кедергілерді бәсеңдетумен байланысты.

**Сыртқы саясат құралдары**

| Тарифтік кедендік алымдар (Т) | | Тарифтік емес | |
|---|---|---|---|
| Салынатын тауар түрі | - экспорттық<br>- импорттық<br>- транзиттік | экономикалық | - салықтар мен алымдар<br>- субсидия<br>-демпингке қарсы шаралар |
| Белгілеу тәсілі | - спецификалық Рсыртқы=Рим+Тс<br>- адвалорлық Рсыртқы=Рим*(1+Тад) | әкімшілік (квоталар) | - индивидуальды<br>- тарифтік<br>- глобальды |
| Келісім шарты | - преференциалды<br>- жеңілдікті<br>- генералды | | |

Сыртқы сауданы жүргізуде мемлекетпен қолданылатын құралдарды тарифтік және тарифтік емес деп бөлуге болады.

**Кедендік тариф** – импорттау кезінде, кейде экспорттау кезінде тауарларға салынатын кедендік салық ставкаларының жүйеленген тізімі.

Импортқа кедендік салық енгізгенде импорттық тауардың отандық бағасы әлемдік бағадан жоғары белгіленеді (Б 9,3 суретін қара), бұл тұтынушының жағдайын төмендетеді де ұқсас тауарды отандық өндірушілердің ұтысын қамтамасыз етеді. Мемлекет те пайда табады. Бұл табыс көлемі кеден тарифына көбейтілген импорт көлеміне тең.

**Экспорттық тариф** – экспортталатын өнімге ішкі баға әлемдік бағадан төмен болғанда енгізіледі (Б 9,4 суретін қара) және өндірушілерді шығынға, ал тұтынушыларды ұтысқа шығарады. Бұл жерде мемлекет зиян шегеді.

Импортқа енгізілген тариф бәсекелі тауарды өндіретін отандық өндірушілерді ғана қорғап қоймайды, сондай-ақ басқа да сол тауармен технологиялық байланысты ұлттық өндірісті де қорғайды. Сондықтан тауарды кедендік қорғаудың нақты деңгейі номиналды деңгейден едәуір ерекшеленеді.

### 3. Төлем балансының мәні мен құрылымы

**Төлем балансы** – белгілі бір уақыт аралығында сол елдің резиденттері (үй шаруашылықтары, фирмалар мен үкімет) мен сыртқы әлем арасындағы экономикалық келісімдердің жүйеленген есебі. Осы елдің шет мемлекеттерден алатын барлық табыстары мен ол өзі іске асыратын барлық төлемдердің арасындағы балансты көрсетеді.

Капитал қозғалысының есебі төлем балансының ағымдағы есебін теңестіріп отыруы тиіс. Бірақ автоматты теңестіру тек валюталық курстың еркін ауытқуы жағдайында ғана іске асады.

Айқындалған валюталық курс жағдайында орталық банктер ресми валюталық резервтен шет ел валютасын сатып алып не сата отырып, валюталық курсқа әсер етеді. Төлем балансының тапшылығы валюталық резервтердің қысқару есебінен қаржыландырылуы мүмкін, ал төлем балансының белсенді сальдосы оның өсуімен қатар жүреді.

Ашық экономикада макроэкономикалық реттеудің маңызды проблемасы – ішкі және сыртқы тепе-теңдікке қол жеткізу болып табылады.

Сыртқы тепе-теңдік валюталық курстың белгілі бір режимінде төлем балансының нольдік сальдосын ұстап тұруды білдіреді.

Экономикалық теория сыртқы тепе-теңдікке жетудің екі моделін жасады: біреуі – айқындалған айырбас курсты экономика үшін, екіншісі – ауытқымалы айырбас курсты экономика үшін.

Валютаның айқындалған курсы режимінде мемлекет төлем балансын ұстап тұру үшін монетарлық саясатты (ақша-несие) қолдануы керек.

Валютаның ауытқымалы курсы жағдайында фискальды саясат ақша саясатына қарағанда төлем балансы үшін маңызды мәнге ие болады.

Төлем балансы еліміздің тауармен, қызметпен және капиталмен халықаралық алмасуға қатысуын сипаттайтын негізгі макроэкономикалық ауыспалыларды экономикалық талдаудың негізін қалады.

**Төлем балансы -** осы елдің резиденттері мен қалған әлемнің арасында белгіленген уақыт кезеңінде, әдетте, жыл ішінде жасалған барлық экономикалық мәміле қорытындыларының жүйеге келтірілген жазбасы. Төлем балансының шоттары осы елдің резиденттері мен қалған әлем арасындағы нақты ағындарды (тауардың, қызметтердің, сыйлардың және т.б.) және қаржы ағындарын (түрлі формада қарыз алу және беру) көрсетеді. Төлем балансы жеке емес, осы ел мен басқа мемлекеттер арасында жасалған жиынтық мәмілелерді көрсетеді.

Төлем балансы қосарлы шот принципі бойынша жасалады, яғни барлық экономикалық мәмілелердің екі жақты жазбасы болып табылады. Бұл жағдайда кез келген мәміленің екі жағы болады: егер сіз өзіңіздің шетелдік әріптесіңізден бірдеңе сатып алсаңыз,сіз оған төлеуге тиіссіз, ал ол өз кезегінде сізден алған ақшаны қалайда пайдалануға — не оны жұмсауға, не банктегі шотқа салуға тиіс.

Кредитке нәтижесінде құндылықтар жылыстайтын және елге валюта түсетін мәмілелер жатады (олар «плюс» белгісімен жазылады). Мәселен, шетелге ұшақ сату, шетел туристеріне қызмет көрсету, шетелден зейнетақы алу, шетелдіктердің отандық компаниялардың акцияларын сатып алуы кредитке жазылады, өйткені аталмыш мәмілелер шетел валютасының түсімін «көрсетеді». Дебетке нәтижесінде ел сатып алынатын құндылықтарға айырбас ретінде валюта шығындайтын мәмілелер жатады (олар «минус» белгісімен жазылады). Төлем балансының дебет шотында, мысалы, автокөлік импорты, лицензия сатып алу, шетел компанияларының кірісін осы елден аудару, ұзақ мерзімді қарыз беру сияқты мәмілелер көрсетіледі. Осындай мәмілелер резиденттің шотындағы шетел валютасы қорын азайтады.

Төлем балансына негізгі екі шот:

1) ағымдағы операциялар шоты;

2) капиталмен және қаржы құралдарымен жасалатын операциялар шоты кіреді.

**Ағымдағы операциялар шотында (балансында)** бейрезиденттерге тауар мен қызмет сатудан түсетін барлық түсім және резиденттердің шетелдіктерге сататын тауарлар мен көрсететін қызметтерге жұмсайтын шығысы, сондай-ақ инвестициялардан түсетін таза кіріс пен таза трансферттер көрсетіледі.

Тауар экспорты мен тауар импорты арасындағы айырма сауда балансын құрайды. Сауда балансы баспасөзде жиі жарияланады, өйткені кеден қызметтерінен алынатын ақпараттың негізінде оны есептеу қиын емес.

Экспорттың импорттан асуы, яғни сауда балансының актив сальдосы экономиканың қалыпты жай-күйінің көрсеткіші болып саналады. Актив сальдосында берілген елдің тауарларына әлемдік сұраныс артады және ішкі нарықтағы сатыпалушылар талғамдарын импорттық тауардың орнына жергілікті өндіріс тауарларына береді. Алайда сауда балансының жай-күйін осылай бағалау әр кезде әділ бола бермейді. Елдің қолайлы инвестициялық ахуалы (темір-жол, зауыт, шахта және т.б. салу) сауда балансы тапшылығының себебіне айналуы мүмкін, осының салдарынан жаңа импорттық жабдық сатып алу қажеттілігі туындайды. Бұл жағдайда сауда балансының тапшылығы елдің қолайсыз экономикалық жағдайының дәлелі болып табылмайды.

Ағымдағы операциялар шотында, сондай-ақ зиялылық меншікті (патент, технология, авторлық құқық) пайдалану төлемдері, халықаралық туризммен, көлікпен, сақтандырумен байланысты шығыс жататын қызметтердің экспорты мен импорты да тіркеледі. Ағымдағы операциялар балансында инвестициялардан түсетін таза кіріс көрсетіледі. Ол кредиттік қызметтің «таза экспортымен», яғни шетелде салынатын ұлттық ақша капиталының қызметімен байланысты. Осы бапқа тегінде инвестицияларға кіріс, борышқорлық міндеттемелер бойынша пайыздар, сондай-ақ шетелде жұмыс істейтін резиденттердің еңбекақысы кіреді. Егер шетелдегі ұлттық капитал осы елге инвестицияланған шетел капиталымен салыстырғанда пайыз бен дивидендтің көп мөлшерін әкелсе, онда инвестициялардан түсетін таза кіріс оң, ал кері жағдайда - теріс болады. Ағымдағы таза трансферттерге жауап ретінде тауар немесе қызмет (зейнетақы, сый, шетелге ақша аударымы немесе шетел мемлекеттеріне тегін көмек) алмай жеке меншік және мемлекеттік қаражатты басқа елдерге аудару кіреді.

Егер елдің тауар мен қызмет экспортынан түсетін кірісі мен шетелден келетін трансферттері оның тауар мен қызмет импортына жұмсайтын шығысынан асып кетсе, онда осы елдің ағымдағы операциялар балансы бойынша сальдосы оң болады. Егер ел шетелдік тауарлар мен қызметтерге, сондай-ақ шетелге трансферттерге, шетелге тауар мен қызмет сатудан кіріс түрінде алатынмен салыстырғанда көп жұмсаса, онда осы елдің ағымдағы операциялар балансы тапшы болады. Ағымдағы операциялардың маңызын ЖІӨ құрылымын қайта қарастыра отырып түсінуге болады. Ұлттық шоттардың негізгі тепе-теңдігі жиынтық шығарылымның мөлшері, ішкі шығыс пен ағымдағы операциялар балансының өзара байланысын көрсетеді. Егер біз ағымдағы операциялар балансын экспорт (ЕХ) пен импорт (ІМ) арасындағы айырма ретінде анықтасақ, онда ұлттық шоттардың тепе-теңдігін мына түрде көрсетуге болады:

$$\mathbf{NX= Y- (C + I + G),}$$

Ағымдағы операциялар балансы = шығарылым — ішкі шығыс. Егер шығарылымның мөлшері ішкі шығыстан асып кетсе, онда ел айырманы

экспорттайды: ағымдағы шоттың сальдосы оң болады. Егер шығарылымның мөлшері ішкі шығыстың орнын толтырмайтындай шамаға дейін төмендесе, онда ел айырманы импорттайды: ағымдағы шоттың импорты теріс болады. Ел ағымдағы операциялар балансының тапшылығымен кездессе, ондаол осы тапшылықты төлеуге тиіс.

Төлем балансының ағымдағы операцияларының тапшылығы:

1) активтің бөлігін шетелдіктерге сату жолымен, яғни шетел капиталын осы елдің экономикасына тікелей немесе қоржындық инвестициялар түрінде салу арқылы;

2) шетел банктерінен, үкіметтерінен немесе халықаралық ұйымдардан алынған шетел қарызының көмегімен;

3) Ұлттық банкте сақталатын ресми валюта резервін қысқарту есебінен қаржыландырылуы мүмкін.

Ел активімен жасалатын барлық халықаралық мәмілелер (оны сатып алу және сату) капиталмен және қаржы құралдарымен жасалатын операциялардың шотында көрсетіледі. Капиталмен және қаржы құралдарымен жасалатын операциялардың шотына, сондай-ақ таза қаржы күрделі трансферттер (негізгі капиталға меншікті тегін беру ) де кіреді. Оған мысалы, жол, емхана, әуежай салуға берілген инвестициялық гранттар жатады. Капиталмен және қаржы құралдарымен жасалатын операциялар шоттарының ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттерді беру мен алу қамтылатын баптары бойынша сальдосында активтермен жасалатын барлық мәмілелерден шетел валютасының таза түсімі көрсетіледі.

Ұзақ мерзімді кредит «тікелей» және «қоржынды» инвестиция түрінде беріледі. «Тікелей» инвестицияға айтарлықтай дәрежедегі инвестордың өз меншігі болып саналатын кәсіпорынға салынған инвестициялар жатады, ал мұның өзі оған осы кәсіпорындардың қызметін бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ұзақ мерзімді инвестициялардың қалған барлық түрлері «қоржындық» инвестицияларға жатады. Активтермен жасалатын барлық халықаралық мәмілелер (Ұлттық банкке тиесілі ресми валюта резервін қоспағанда) капитал қозғалысы шотына шартты түрде бөлінеді. Капитал қозға лысы шотының оң сальдосы елге капиталдың таза құйылымы ретінде анықталады. Керісінше, таза жылыстауы (немесе капиталдың әкетілімі) шетелде актив сатып алуға жұмсалатын шығыс оны шетелде сатудан түсетін кірістен асып, осының салдарынан капитал қозғалысы шотының тапшылығы байқалғанда пайда болады. Ағымдағы операциялар балансын капитал қозғалысы шотының баптарымен толықтыру төлем балансының жалпы сальдосын алуға мүмкіндік береді:

Төлем балансының жалпы салъдосы =
= ағымдағы операциялар балансының салъдосы +
+ капитал қозғалысы балансының салъдосы.

Төлем балансының жалпы сальдосына, сондай-ақ «Таза өткізу және кателіктер» деген бап енгізіледі. Теориялық тұрғыдан әрбір мәміле төлем балансында - дебет және кредит бойынша екі рет қамтылуға тиіс болса да іс жүзінде аталмыш талап көбінесе орындалмайды. Бірқатар жағдайларда жасалатын мәмілелерде түрлі қызметтер ескерілуге тиіс, ал олардың ақпараты уақыты бойынша да, сондай-ақ саны жағынан да сәйкес келе бермейді. Кейбір экономикалық құндылықтар ағыны, әсіресе іс заңсыз мәмілеге қатысты болған жағдайда, статистикалық есептен мүлдем тысқары қалуы мүмкін. Осындай ескерілмеген ағындардың жалпы сомасын кредит пен дебет бойынша жалпы қорытындыны есептегеннен кейін ғана анықтауға болады.

**Төлем балансының құрылымы**

**I. Ағымдық операциялар есебі**

Тауар экспорты

Тауар импорты

Сыртқы сауда балансының сальдосы (сауда балансы)

Қызмет көрсету экспорты

Қызмет көрсету импорты

Инвестициядан алынған таза табыс

Таза трансферттер

**Ағымдық операциялар бойынша баланс сальдосы**

**II. Капитал қозғалысының есебі**

Капиталдың құйылуы

Капиталдың ағыны

**Капитал қозғалысының баланс сальдосы**

Ағымдық операциялар балансының және капитал қозғалысы балансының сальдосы

**III. Ресми резервтер өзгерісі**

Қосарлы шот принципі бойынша жасалатын төлем балансы анықтама бойынша нөлге тең болады, яғни елдің борышы түгелдей төленуге тиіс дегенді білдіреді. Сондықтан ағымдағы операция шоты бойынша тапшылық капиталмен және қаржы құралдарымен жасалатын операциялардың шоты бойынша оң сальдоға дәлмедәл сәйкес келуге тиіс. Егер төлем балансының жалпы сальдосы тапшылықты білдірсе, онда берешекті өтеуді Ұлттық банк шетел валютасының ресми резервін қысқарту арқылы (егер Ұлттық банк айырбастау бағамын нақтылаудан бас тартқан жағдайда) жүзеге асырады. Төлем балансының жалпы сальдосы оң болған жағдайда ресми валюта резерві жинақталады.

**Талқылау сұрақтары:**

1. Халықаралық сауда ұғымына анықтама беріңіз?
2. Халықаралық сауданың классикалық теориясының негізін салушы кім және ол теория нені дәлелдейді?
3. Абсолютті артықшылық теориясын (Адам Смит) түсіндіріңіз, оның қағидалары мен кемшіліктерін карастырыңыз?
4. Салыстырмалы артықшылық теориясын (Давид Рикардо) түсіндіріңіз, оның қағидалары мен кемшіліктерін карастырыңыз?
5. Өндіріс факторлары арақатынасының теориясын (Эли Хекшер, Бертиль Олин) сипаттап беріңіз?
6. Сыртқы сауда дегенеміз не?
7. Сыртқы сауданы жүргізуде мемлекетпен қолданылатын құралдарды анықтаңыз?
8. Өндіргіш күштерді интеграциялау дегеніміз не?
9. Аймақтық экономикалық интеграцияның негізгі белгілері қандай?
10. Төлем балансының құрылымын қарастырыңыз?
11. Төлем балансының ағымдағы операцияларының тапшылығы неде?

## Негізгі түсініктер

- халықаралық сауда
- халықаралық капитал нарығы
- абсолютті артықшылық теориясы
- салыстырмалы артықшылық теоиясы
- протекционизм
- кедендік тариф
- өндіріс факторлары арақатынасының теориясы
- экспорттық квота
- сыртқы сауда квотасы
- экспорттық тариф
- халықаралық несие
- экономикалық интеграция
- либерализация
- экспорттық тариф
- сыртқы сауда
- төлем балансы
- төлем балансының ағымдағы операциялары.

## Тапсырмалар

*Тест тапсырмалары:*

1. Елдің сауда балансының сальдосы оң болады егер:

А. Таза экспорт оң көрсеткіш болса

B. Экспорт импортқа тең болса
C. Экспорт импорттан асып түссе
D. Импорт артып, экспорт кемісе
E. Таза экспорт теріс көрсеткіш болса

2. Тариф – ол:
A. Сырттан келетін тауарға қосылатын құн
B. Импортқа қосылатын кеден бажы
C. Жеке тұлғаға салынатын салықтар
D. Заңды тұлғаға салынатын салықтар
E. Таза шет ел активтеріне салынатын салық
F. Шетел азаматтарына салынатын салықтар
G. Салықтық жеңілдік түрі

3. Төлем балансының құрамдық бөлігі ағымдағы операция шотына жататындар:
A. Қор жинау
B. Бір жақты трансферттік төлем
C. Инвестициядан таза табыс
D. Шетел активіндегі өзгеріс
E. Валютаны тұрақтандыру
F. Портфельдік инвестиция

4. Төлем балансы дефицитіне әсер етеді:
A. Процент ставкасы
B. Несиенің проценттік ставкасы
C. Ағымдағы операциялар шотының жағдайы мен капитал қозғалысы шотының жағдайы
D. Құнды қағаздар
E. Салық мөлшері
F. Ағымдағы операциялар шотының жағдайы
G. Капитал қозғалысы шотының жағдайы

5. Төлем балансы:
A. Еңбек нарығын сипаттайды
B. Елдердің қорларын сипаттайды
C. Психологиялық дамуын сипаттайды
D. Капитал қозғалысының балансы негізінде есептеледі
E. Ағымағы операциялар негізінде есептеледі
F. Бір жыл ішіндегі бір мемлекет пен екінші мемлекет арасындағы барлық келісімдердің қорытынды жазбаларын сипаттайды

6. Төлем балансының ағымдағы операциялар шотында көрсетіледі:
   A. Несиелердің өзгеруі
   B. Алтын қозғалысы
   C. Шетелден таза экспорттық төлемдер
   D. Сауда импорты
   E. Қаржы қозғалысы
   F. Шетел валютасы

7. Валюта бағамын белгілеу әдісі:
   A. Валюта бағамы
   B. Ұзақ мерзімдік валюта бағамы
   C. Еркін немесе тағайындалатын валюта бағамы
   D. Қысқа мерзімдік валюта бағамы
   E. Тағайындалатын валюта бағамы
   F. Маусымдық валюта бағамы
   G. Уақытша валюта бағамы

8. Валютаның еркін айналым бағамы әдісінің кемшіліктері:
   A. Сауда жағдайы
   B. Ұлттық валютаны құнсыздандыру
   C. Қорлардың соңғы өзгерісі
   D. Экспорт көлемін қысқарту
   E. Тұрақсыздық
   F. Белгісіздік және сауданың нашарлауы

9. Төлем балансының негізгі құрылымының құраушысы:
   A. Ағымдағы операциялар есебі
   B. Капитал қозғалысынң есебі
   C. Әлеуметтік есебі
   D. Еңбек ақынын есебі
   E. Қорлар есебі
   F. Саяси реформа

10. Мемлекеттің экономикаға әсер етуі жүргізіледі:
   A. Салық салу құралдары арқылы
   B. Жұмыссыздық деңгейінің кезеңдік тербелісі
   C. Өндіріс факторлары арқылы
   D. Нарықтық экономиканы дамыту арқылы
   E. Фирманың іс-әрекетімен

*Тапсырма (топтық жұмыс).*

«Ашық экономикада макроэкономикалық реттеудің маңызды проблемалары» тақырыбына презентация дайындаңыз, конструктивтік пікірталасқа дайындалыңыз.

*Практикалық тапсырма (есеп).*

1 Есеп.

Егер неміс маркасының долларға шаққандағы бағасы (1 марка) 50-ден 45 центке түссе, онда Германияда бағасы 150 маркамен сатылатын магнитафонның құны (доллармен) қалай өзгереді?

2 Есеп.

Келесі мәліметтер берілген:

$M_s = 40$ *млрд. долларға* $\uparrow$

M = 20 млрд. Доллар $=> R \downarrow 1\ \% => I = 30 \uparrow$

$M_s = 40$ *млрд. доллар* $=> R \downarrow 2\ \% => I = 60 \uparrow$

$m_g = 2{,}5$

Есептеу керек: $\Delta Y -$ ?

*БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары:*

1. Халықаралық еңбек бөлінісі және салыстырмалы артықшылық теориясы
2. Төлем балансының тапшылығы мен дағдарысы
3. Халықаралық экономикалық интеграция
4. Сауда экономикалық одақтардың түрлері
5. Батыс Еуропа экономикалық интеграциясының даму ерекшеліктері

## Тақырып 15. Халықаралық валюталық қатынастар

1. Валюталық жүйе және оның түрлері
2. Ұлттық және Дүниежүзілік валюталық жүйенің элементтері
3. Дүниежүзілік валюталық жүйелер эволюциясы

### 1. Валюталық жүйе және оның түрлері

«Валюта» – Итальян тілінен аударғанда «баға», «құн» деген мағынаны білдіреді. Валюта – белгілі бір елдің ақша өлшемі, яғни теңге, евро, доллар. Валютаның пайда болуы ақшаның пайда болуымен байланысты. Ақша алғашқыда натуралды заттай түрде, кейінрек метал түрінде, соңына таман қағаз ақша пайда болды. Ең алғаш рет метал ақша. III-ғасырда римде басылған. VII-VIII ғасырларда Малайзиядағы Лидия мемлекетінде және ежелгі Грецияда басылған. IX-X ғасырларда Европа елдерінде басылып шыға бастады.

Қағаз ақша ең алғаш рет XI ғасырда Қытайда пайда болды. XVIII ғасырлардың аяғында Солтүстік Америкада, ал XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басында Англияда шығарылды.

Әр ел өз ақшасын металл немесе қағаз түрінде шығарса да оған өздерінің елтаңбасын, король бейнелерін басып отырған. Осы белгілеріне қарай қай елдің ақшасы, яғни валютасы екендігін айыруға болады.

*Валюталық нарықтар* – сұраныс пен ұсыныс негізінде ондағы айналатын валюталарға сауда-саттық жүргізетін ресми орталық.

Қазіргі валюталық нарықтарда мынадай ағымдарды бөліп қарауға болады:

- шаруашылық байланыстардың интернационалдануы негізінде валюталық нарықтардың интернационалдануының күшейуі;
- байланыстың жаңа жүйелерін пайдалану;
- әлемнің барлық бөліктеріне тәулік ішінде үздіксіз операция жасау;
- банктердің корреспонденттік шоттары бойынша жазбаша түрде негізделетін валюталық операцияларды жүргізу техникасын біртұтастандыру;
- коммерциялық валюталық мәмілелермен салыстырған алып сатарлық және арбитраждық валюталық мәмілелер көлемін ұлғайту;

Валюталық операциялардың көлеміне, сипатына және пайдаланатын валюта тобына қарай қазіргі валюталық нарықтар халықаралық, ұлттық және аймақтық болып бөлінеді.

*Халықаралық валюталық нарықтар* – ірі дүниежүзілік қаржы орталықтарында шоғырланған. Олар Лондандағы, Нью-Йорктағы, Токиодағы, Гонконгтағы валюталық нарықтарды айтуға болады. Бұл нарықтарды халықаралық төлем айналымында кеңінен қолданылатын валютамен операциялар жүзеге асырылады.

*Аймақтық валюталық нарықтар* – белгілі бір конвертирленетін валюталармен операциялар жүзеге асырылады. Оған Сингапур доллары, Сауд риалы, Кувейт динары жатады.

*Ұлттық валюталық нарықтар* - ережеге сәйкес халықаралық операцияларды жүргізуге маманданбаған, өз клиенттеріне валюта бойынша қызмет көрсететін сол елдің аумағындағы орналасқан банктердің жүзеге асыратын операцияларының жиыны.

**Нарыққа қатысушы мүшелер.**

Нарыққа қатысушы барлық мүшелерді екі негізгі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа пассивті қатысушылар, яғни оларда валюталық операцияларды жүргізу қажеттілігі

Осы қатысушылар арасында әлемнің барлық жерлеріне таралған бөлімше тораптары және үлкен диллерлер штабы бар 20-ға жуық банктер ерекше бөлінеді. Кездерде туындайды да, баға белгіленімін білу үшін олар басқа банктерге өтініш жасайды (маркет-юзер)

*Активтік қатысушылар* өздеріне баға белгіленімін білуге өтініш жасайтын банктер үшін бағаны белгілейді (маркет-мэйкерлер).

Осы қатысушылар арасында әлемнің барлық жерлеріне таралған бөлімше тораптары және үлкен диллерлер штабы бар 20-ға жуық банктер ерекше бөлінеді.

**Валюталық жүйенің маңызды элементтері.**

Валюталық жүйенің маңызды элементті – валюталық бағам болып табылады. Оның пайда болуы: тауарлар мен көрсетілген қызметтердің халықаралық саудасы барысында, капитал және несиенің қозғалысында валюталармен өзара айырбастың қажеттілігімен; дүниежүзілік және ұлттық нарықтардағы бағаларды, сондай – ақ ұлттық немесе шетелдік валюталарда бейнеленген әр түрлі елдердің құндық көрсеткіштерін салыстыруға; банктер мен фирмалардың шетел валютасындағы шоттарын уақтылы қайта бағалап отыруға байланысты негізделіп отырады.

**Валюталық бағам –** бұл бір елдің ақша бірлігіне басқа бір елдердің ақша бірліктерінбейнеленген бағасы. әрбір елдің ұлттық валюталарын салыстыру олардың өндіріс және айырбас процессінде пайда болатын объективті құндық қатынастарына негізделеді.

**Бағамның қалыптасуына әсер ететін факторлар.**

*Саяси* – саяси тұрақтылық, валюталық заңдылықтардың ырықтандырылуы, валюталық саясат және т.б.

*Экономикалық* – халықаралық тәжірбиеде анықталатын экономикалық төртбұрыштың шыңы сияқты; экономикалық өсу, валюта тұрақтылығы, инфляцияның төменгі қарқыны (жылына 10%-ға дейін), жұмыссыздықтың төменгі деңгейі (жылына 8%), дүниежүзілік нарықтағы тепе-теңдік;

*Психологиялық* – жаппай сұраныс, негізгі капиталды тәуекелден қорғануға ұмтылыс және т.б.

**Валюталық нарықтың объектілері мен субъектілері.**

Валюталық нарықтар – бұл тауар ретінде валюталық құндылық саналатын нарық.

Валюталық құндылықтарға мыналар жатады:

- шетел валютасы (ақша белгілері, банкноталар, қазыналық билеттер, монеталар т.б.) – құнды қағаздар (чектер, векселдер) қор құндылықтары (акция, облигация) және т.б. шетел валюталары көрінетін міндеттемелер.

- құнды металдар (алтын, күміс, платина, палладий, иридий, родий,ретений, осмий) және табиғи құнды тастар (алмаз, рубин, изумруд, сапфир, александрит, жемчуг)

Валюталық нарықтар субъектісіне - банктер, биржалар, экспартерлар мен импартерлар, қаржылық және инвестициялық мекемелер, үкімет ұйымдары жатады.

Валюталық нарықтар объектісіне - келген қаржы талаптары жатады. Валюталық нарық субъектісімен сатылады және сатып алынады.

Валюталық нарықтар субъектілері келесі операциялар түрін орындайды;

- сатып алушылық қабілетті беру.

- хеджерлеу (ашық валюталық позицияны сақтау)

- спекуляция (валюталық курсы немесе пайыз мөлшерлемесімен пайда табу.

- пайыз мөлшерлеменің арбитражы (депозит қабылдаудан алынған пайда және оларды жоғары мөлшермен белгілі кезеңге қайта жұмсау)

Сатып алушының мүмкіншілігін беру келесі операциялар түрінде жүргізіледі;

1. Кассалық (спот) - валюталарды жедел түрде жеткізу әдетте келісім жасалғаннан кейін екі жұмыс күні көлемінде.

2. Жедел (форворд) - валютаны жеткізу белгілі бір уақыт мезгілінен кейін жүргізеді.

3. Своп-сату және сатып алу операциялары әртүрлі орындалу мерзімінде бір уақытта жүргізіледі.

Валюталық нарықтың объектілерімен жұмыс істегендевалюталық нарық субъектілері тек қана экономикалық мақсаттылық көзқараста ғана емес, сонымен қатар ұйымдық, экономикалық және құқықтық көзқарастарға сүйенеді.

Бұндай қатынастарды - қажы валюталық қатынас жүйесі деп атайды.

**Халықаралық валюталық қатынастар** - ұлттық шаруашылықтары қызметтерінің нәтижесінен өзара қызмет ететін және әлемдік шаруашылықтағы валюталардың қызмет етуі барысында қалыптасатын қоғамдық қатынастар жиынтығы.

Халықаралық валюталық қатынастар халықаралық экономикалық қатынастарды жалғастырады. Валюталық қатынастардың жағдайы ұлттық және

әлемдік экономиканың дамуына, саяси тұрақтылыққа, елдер арасындағы күштердің шекті қатынасына тәуелді болып келеді. Сыртқы экономикалық байланыстарда, оның ішінде валюталық байланыстарда саясат пен экономика, дипломатия мен коммерция, өнеркәсіптік өндіріс пен сауда бір-бірімен өзара бітісе байланысуы валюталық қатынастардың ұлттық және әлемдік шаруашылықтағы орнының ерекшелігін көрсетеді.

Капиталдың шеңбер айналысы үдерісінде ұлттық нарықтан әлемдік нарыкка қосылуы нәтижесінде ұлттық ақшалардың ішіндегі ақшалай капиталының бір белігі шетел валютасына айналады немесе керісінше. Ол көріністі халықаралық есеп айырысуларда, валюталық, несиелік және қаржылық операциялардың барысында байқауға болады.

Халықаралық валюталық қатынастар тұрақсыздығы мен валюталық дағдарыс ұдайы әндіріс үдерісіне кері әсерін тигізеді.

Шаруашылық байланыстардың интернационализациялануы негізінде халықаралық валюталық қатынастар біртіндеп бір формаларға ие болады.

Валюталық жүйе - ұлттық заңдылықтармен немесе мемлекет аралық келісімшарттармен бекітілетін валюталық, қатынастарды ұйымдастыру және реттеу нысаны.

Валюталық жүйенің үш типі бар: ұлттық, дүниежүзілік, аймақтық валюталық жүйелер.

*Ұлттық валюталық жүйе* – елдегі ұдайы өндіріс процесінің қажетті валюталық ресурстарды қалыптастыруға және пайдалануға, халықаралық айналымды жүзеге асыруға көмектесетін валюталық – экономикалық қатынастар жйынтығы. Ұлттық валюталық жүйе елдің ақша жүйесінің бір бөлігі бола отырып, өзінше дербес және ұлттық шекарадан шығарыла алады. Ұлттық валюталық жүйенің ерекшелігі ел экономикасындағы сыртқы экономикалық байланыстардың даму дәрежесімен анықталады.

*Дүниежүзілік валюталық жүйе* – дүниежүзілік шаруашылықтың дамуы негізінде қалыптасқан және мемлекетаралық келісім шарттарымен бекітілген халықаралық валюталық қатынастарды ұйымдастыру формасы. Ұлттық валюта жүйе мен дүниежүзілік валюталық жүйе өзара тығыз байланысты. Бірақ бұл ұғымдар бір тұтас емес, себебі олардың міндеттері, қызмет етулері және реттеу шарттары, жекелеген елдер экономикасына және дүниежүзілік шаруашылыққа ықпал етуі әртүрлі болып келеді. Дүниежүзілік валюталық жүйені ұлттық валюталық жүйемен байланыстыратын, яғни валюталық қатынастарға қызмет көрсететін және реттейтін, мемлекетаралық валюталық зерттеулерде және валюталық саясатты шоғырландыруда негіз болатын ұлттық банктер болып табылады.

Дүниежүзілік валюталық жүйені мемлекеттік – құқықтық ұйымдастыру формасы жетекші елдердің мүдделігімен және дүниежүзілік аренадағы күштердің орыналастырылуымен, өндірістің және дүниежүзілік сауданың дамуымен анықталады.

*Аймақтық валютадық жүйе* – валюталық бағамның ауытқуын азайту және интеграциялық процесті ынталандыру мақсатында бірлестікке мүше елдердің валюталық қатынастарын мемлекеттік – құқықтық ұйымдастыру формасының және экономикалық интеграция шегінде валютаның қызмет етуімен байланысты қалыптасатын қоғамдық қатынастар жиынтығы.

Егер ұлттық валюталық жүйе ұлттық валютаға негізделетін болса, ал дүниежүзілік валюталық жүйе бір немесе бірнеше резервтік валюталарға, халықаралық есептесу бірліктеріне негізделеді.

*Резервтік валюта* – халықаралық төлем және резерв құралы функциясын орындайтын, басқа елдер үшін валюталық паритет пен валюталық бағамды анықтауға базалық қызмет ететін, валюталар бағамының реттеу мақсатында валюталық интервенция жүргізуде пайдаланатын алдыңғы қатарлы елдердің айырбасталған ұлттық валютаның ерекше категориясы.

Резервтік валюта мәртебесін алудағы алғышарттар:

- дүниежүзілік өндірісте, тауарлар мен капитал экспорттарында елдердің билік ету позициясы;
- жоғары тиімді байланыс жүйесі бар несиелік – банктік мекемелердің дамыған торабы;
- басқа елдерде оған деген сұранысты қамтамасыз ететін, халықаралық айналымдағы валютаның еркін айналымдығы және валюталық шектеудің болмауы.

*Халықаралық есептік ақша бірлігі* - валюталық паритет пен валюталық бағамды белгілеу, халықаралық талаптар мен міндеттемелерді өлшеу үшін шартты бірлік ретінде пайдаланылатын валюталық бірлік. Қазіргі уақытта дүниежүзілік несиелік ақша типтері ретінде СДР (арнайы қарыз алу құқығы) және ЭКЮ (Европа валюта бірлігі) қызмет етеді.

*Валюталық паритет* - валюталық бағамның негізі болып табылатын және заңды түрде бекітілетін екі валюта арасындағы шекті қатынас. ХВҚ (Халықаралық валюталық қор) жарғысы бойынша валюталық паритет СДР негізінде белгіленеді.

**Валюталық жүйенің даму кезендері**

Валюталық жүйенің дамуының төрт кезені бар:

- *бірінші дүниежүзілік валюталық жүйе* - өнеркәсіптік ревалюциядан кейін алтын монометализм базасында алтын монета стандарты формасында қалыптасты. 1867 жылы Париж келісімі алтынды дүниежүзілік ақшалардың жалғыз формасы ретінде мойындады.
- *екінші дүниежүзілік валюталық жүйе* – 1922 жылы Генуэз конференциясындағы мемлекетаралық келісіммен құрылды. 30 елдің ақша жүйесі алтын девиз сатндарты базасында қызмет етті. Ол кезеңдерде резервтік валюта мәртебесі ресми түрде бір валютаға бекітілмеді, бірақ доллар мен фунт – стерлинг жетекшілік танытты.

- *үшінші дүниежүзілік валюталық жүйе* – 1934 жылы Бреттон – Вудс қаласындағы (АҚШ) валюта – қаржы конференциясында рәсімделді. Оғын 44 ел мүше болды. ХВҚ жарғысы бекітіліп, онда дүниежүзілік валюталық жүйе қағидалары бекітілді:

Алтынға және екі резервтік валютаға (АҚШ доллары және Ағылшын фунт – стерлингі) негізделеген мемлекетаралық алтын девиздік стандарттың жүйесі бекітілді. Бұл жерде алтын девиз стандарты халықаралық қатынастарды сақтауталып, ал ақша жүйесі айырбасталмайтын несиелік ақшаларға негізделді.

- *төртінші дүниежүзілік валюталық жүйе* – қағидалары Кингстонда (Ямайка) 1976-78 жылдары халықаралық валюталық қорға мүше елдердің келісімімен рәсімделді. Онда ХВҚ жарғысына түзетулер енгізілді. Ямайка валюталық жүйесінің негізгі қағидалары мыналар:

а) СДР стандарты енгізілді, бірақ іс жүзінде долларлық стандарт сақталды, себебі доллар СДР жүйесіндегі есеп айырысуларды көбірек пайдаланады (валюталық "қоржындағы" доллардың үлесі 40%, ресми валюталық резервтерде - 60% жуық). Бірақ ХВҚ-ға мүше елдерге валюталық париттеттерін кез-келген валютада белгілеуге құқық берілген, соның негізінде көп валюталық стандартқа өту заңдастырылды;

б) Алтынды демонетизациялауға заңды түрде тиым салынды; ресми баға, алтындық паритет алынып тасталып, доллардың алтынға айырбасталуы тоқтатылды;

в) Валюталық бағамдар режимын таңдауға құқық берілді (1973 жылдың 6-шы наурызынан бастап өзгермелі бағамдар жүйесі енгізілді);

г) ХВҚ арқылы мемлекетаралық реттеу күшейді.

## 2. Ұлттық және Дүниежүзілік валюталық жүйенің элементтері

Ұлттық және дүниежүзілік валюталық жүйелер арасындағы байланыс пен айырмашылықтары олардың негізгі элементтерінен көрінеді.

Аумақтық валюталық жүйе өнеркәсібі дамыған елдердегі әлемдік валюталық жүйе төңірегінде құрылады. Мысалы, Еуропалық валюталық жүйе (ЕВЖ) - бұл Еуропалық қоғамдастыққа мүше елдердің валюта аумағында ұйымдастырылу - экономикалық нысанындағы қатынастарды білдіреді.

Мұндағы, валюталық паритет - валюталық бағамның негізі болып табылатын заңды тәртіпте белгіленетін екі валюта арасындагы шекті қатынасы.

ХВҚ жарғысы бойынша валюталық паритет СДР негізінде (арнайы қарыз алу құқығы) белгіленеді.

Егер де, ұлттық валюталық жүйе, ұлттық валютаға, яғни елдің ақша бірлігіне негізделсе, ал дүниежүзілік валюталық жүйе - бір немесе бірнеше резервтік валюталарға немесе халықаралық есептеу бірліктеріне негізделеді.

Ұлттық және Дүниежүзілік валюталық жүйенің элементтері келесіден тұрады:

| **Ұлттық валюталық жүйе** | **Дүниежүзілік валюталық жүйе** |
|---|---|
| Ұлттық валюта | Резервтік валюталар |
| Ұлттық валютаның алмастырылу шарты | Валюталардың өзара алмастырылу шарты |
| Ұлттық валюта паритеті | Валюталық паритеттерінің ортақ режимі |
| Ұлттық валюта бағамының режимі | Валюталық бағамдар режимінің регламентациясы |
| Валюталық шектеудің, валюталық бақылаудың болуы немесе болмауы | Валюталық шектеуді мемлекетаралық реттеу |
| Елдің халықаралық валюталық өтімділігін ұлттық реттеу | Халықаралық валюталық өтімділікті мемлекетаралық реттеу |
| Халықаралық несиелік айналыс құралдарын пайдалануды регламенттеу | Халықаралық несиелік айналыс құралдарды пайдаланудың ережелерінің біртұтастығы |
| Елдің халықаралық есеп айырысуларын регламенттеу | Халықаралық есеп айырысудың негізгі нысандарының біртұтастығы |
| Ұлттық валюталық нарық пен алтын нарығының режимі | Дүниежүзілік валюталық нарықтар мен алтын нарықтарының режимі |
| Елдің валюталық қатынастарын басқаратын және реттейтін ұлттық ұйымдары | Мемлекетаралық валюталық реттеуді жүзеге асыратын халықаралық ұйымдар |

Резервтік валюта - бұл басқа елдер үшін валюталық паритет пен валюталық багшды анықтауда негіз ретінде қызмет ететін және валюталар бағамын реттеу мақсатында валюталық интервенция жүргізуде пайдаланылатын халықаралық төлем және резерв құралы қызметін атқаратын, әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің еркін ауыстырылатын ұлттық валюталары.

Валюта - бұл біріншіден, сол елдің ақша бірлігі; екіншіден, шетел мемлекеттерінің ақша белгілері; үшіншіден, халықаралық есептесу бірліктері және төлем құралы (СДР, еуро.).

*Валюталық бағам* - бір елдің ақша бірлігінің екінші бір елдің ақша бірлігіне қатысты бейнеленетін бағасы.

Валюталық бағамның қажеттігі:

1. Тауарлар мен қызметтермен сауда-саттықта, капиталдар мен несиелер қозғалысы барысында өзара валюталарды айырбастайды. Импортер

ұлттық валютасын шетелден тауар алғаны үшін шетел валютасына ауыстырады.

2. Дүниежүзілік және ұлттық нарықтағы бағаларды, сол сияқты әр елдің құндық көрсеткіштерін салыстыруға;
3. Фирмалардың және банктердің шетел валютасындағы шоттарын үздіксіз қайта бағалап отыруға;

Валюталық бағамға әсер ететін факторлар ықпал етеді:

- Инфляция қарқыны. Инфляция қаншалықты жоғары болса ол елдің валютасының бағамы төмен болады. Ақшаның инфляциялық құнсыздануы, ол ел валютасының төлем қабілеттігін және басқа елдің валютасына қатысты бағамын төмендетеді.
- Төлем балансының жағдайы. Егер де төлем балансынының жағдайы активті болса, онда шетелдік борышқорлар жақтан ұлттық валютаға сұраныс өсіп, ұлттық валютаның курсын жоғарылатуға мүмкіндік береді, ал пассивтік болса, борышқорлар оларды өздерінің сыртқы міндеттемелерін етеу үшін шетел валютасына сатып, ұлттық валюта бағамын темендетеді.

Әр елдегі пайыз мөлшерлемесіндегі айырма. Бұл фактордың валюталық бағамға әсері екі жағдаймен болады:

- Елдегі пайыз мөлшерлемесіндегі өзгерістер, капиталдың халықаралық қозғалысына, ең алдымен қысқа мерзімді қозғалысына әсер етеді. Шын мәнісінде пайыз мөлшерлемесінің өсуі, шетел капиталының ішке ағылуын ынталандырып, ал оның төмендеуі ұлттық капиталдың шетелге шығуына жол береді; пайыз мөлшерлемесі валюталық нарықтағы операцияларға және ссуданың капиталдар нарығына әсер етеді, яғни, шетелден арзан несие алып, оны ішкі нарыққа орналастырады.
- Валюталық нарықтар қызметі мен алып-сатарлық валюталық операциялар. Егер қандайда бір валюта бағамы түсетін болса, оны банктер тез арада тұрақты валютаға сатуға тырысады.
- Белгілі бір валютаның Еуронарықта және халықаралық есеп айырысуда пайдалану дәрежесі. Мысалға: Еуробанктер 60-70% операцияларын АҚШ ($) долларында жасағандықтан, оған деген сұраныс пен ұсыныс ауқымы анықталады.
- Халықаралық төлемдердің жеделдетілуі немесе кешіктірілуі де валюталар бағамына әсер етеді.
- Валютаға деген ұлттық және халықаралық нарықтағы сенімділік дәрежесі.
- Валюталық саясат. Нарықтың және мемлекеттік реттеудің шекті қатынасы оның динамикасына әсер етеді.

## 3. Дүниежүзілік валюталық жүйелер эволюциясы

Валюталық жүйелердің даму зандылықтары ұдайы өндіріс белгілеріне байланысты анықтала отырып, ұлттық және әлемдік шаруашылықтың негізгі даму кезеңдерін көрсетеді. Бұл белгілер дүниежүзілік валюталық жүйе қағидаларының әлемдік шаруашылық құрылымдарындағы өзгерістермен сәйкес келмеген жағдайларда туындайды. Соған байланысты әлемдік валюталық жүйенің құлдырауы басталады.

Дүниежүзілік валюталық жүйелердің дағдарысы тұсында оның құрылымдық қағидаларының әрекеті бұзылып, аяқ асты валюталық қайшылықтар орын алады.

Дүниежүзілік валюталық жүйедегі дағдарыс ескі жүйенің бұзылып және оның орнына валюталық тұрақтылықты камтамасыз ететін жаңа жүйемен ауысуына әкеледі.

Жаңа дүниежүзілік валюталық жүйені құру үш басты кезеңде жүргізіледі:

I кезең - жаңа жүйенің қағидаларының қалыптасуы, алғы шарттардың түзілуін, анықталуын қамтиды, мұнда бұрынғы жүйемен өзара байланыс сақталады.

II кезең - жаңа жүйенің қағидаларының құрылымдары толығымен аяқталып, біртіндеп іске қосылады.

III кезең - толық қызмет ететін жаңа дүниежүзілік жүйе құрылады.

Дүниежүзілік валюталык жүйенің мынадай эволюциялары белгілі:

1. Парилсдің валюталық жүйесі (1867 жылы)
2. Генуэз валююталық жүйесі (1922 жылы)
3. Бреттон-вудс валюталық жүйесі (1944 жылы)
4. Ямайск валюталық жүйесі (1976—1978 жылдары)
5. Еуропалық валюталық жүйе (1979 жылы)

Нарық экономикасын реттеу жүйесінде валюталық саясат маңызды орын алады.

*Валюталық саясат* - бұл елдің ағымдық және стратегиялық мақсаттарына сәйкес, халықаралық валюталық және басқа экономикалық қатынастар аумағында жүзеге асырылатын шаралар жиынтығы.

Валюталық саясат экономикалық саясаттың ең басты мақсаттары: тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге, жұмыссыздық пен инфляцияның өсуін тоқтатуға, төлем балансындағы тепе-тендікті ұстап отыруға бағытталады.

Валюталық саясаттың басты бағыттары мен нысандары елдердің валюталық-экономикалық жағдайына, әлемдік шаруашылықтың эволюцияларына, әлемдік аренадағы күштердің орналасуына байланысты анықталады.

Заңды түрде валюталық саясат валюталық заңдылықтар, яғни, елдегі және одан тысқары жерлердегі валюталық бағалылармен байланысты операциялардың жасалу тәртібін реттейтін құқықтың нормалар жиынтығымен,

сондай-ақ екі жақты көп жақты-валюталық проблемалар бойынша мемлекеттер арасында жасалатын келісім-шарттарға сүйенеді.

Валюталық саясатты іске асырудың басты бір құралы - валюталық реттеу болып табылады.

Тікелей валюталық реттеу - занды актілер және атқарушы өкіметтің әрекет ету жолымен іске асса, ал, жанама валюталық реттеу - нарықтың экономикалық агенттерінің мінез-құлқына экономикалық, оның валюталық және несиелік әдістерді пайдалану арқылы әсер етеді.

Мемлекетаралық валюталық реттеу ұйымы - Халықаралық Валюталық қор (ХВҚ) болып табылады.

Валюталық саясат өзінің мақсаттарына және нысандарына байланысты екіге бөлінеді:

1. Құрылымдық валюталық саясат;
2. Ағымдық валюталық саясат.

Құрылымдық валюталық саясат - дүниежүзілік валюталық жүйедегі құрылымдық өзгерістерді жузеге асыруға бағытталатын ұзақ мерзімді шаралар жиынтыгы.

Ол валюталық саясат реформа нысанында іске асырылады. Құрылымдық валюталық саясат ағымдық валюталық саясатқа әсер етеді. Ағымдық валюталық саясат - валюталық бағамды, валюталық операцияларды, валюталық нарық пен алтын нарығының қызметтерін күнделікті оперативті түрдереттеуге бағытталған қысқа мерзімді шаралар.

Валюталық саясаттың келесідей нысандары колданылады:

1. Дисконттық валюталық саясат;
2. Девиздік валюталық саясат.

Сонымен қатар, девиздік саясаттың мынадай жүзеге асырылу нысандары болады:

- валюталық интервенция;
- валюталық резервтерді диверсификациялау;
- валюталық шектеу;
- валюталардың алмастырылу дәрежесін реттеу;
- валюталық бағам режимі;
- девальвация;
- ревальвация;

*Дисконттық (есепке алу) саясаты* — бір жағынан, валюталық бағам мен төлем балансын реттеуге, екіншіден, ішкі несиелер динамикасын, ақша массасын, бағаны, жиынтық сұранысты реттеуге бағытталатын орталық банктің есепке алу мөлшерін өзгертуі.

Қазіргі жағдайда дисконттық саясаттың тиімділігі төмендеген. Себебі, егерде төлем балансын жақсарту мақсатында есепке алу мөлшерін арттыратын болса, оның экономика үшін теріс әсері болады. Ал оның төмендеуі, төлем балансына кері әсер етіп, яғни капиталдың сыртқа ағылуына жол береді.

*Девиздік саясат* - мемлекеттік ұйымдардың немесе орталық банктің шетел валюталық сату және сатып алу жолымен ұлттық валюта бағамына әсер ету әдісі.

Ұлттық валюталық бағамын көтеру мақсатында орталық банк шетел валютасын сатады, ал бағамын түсіру үшін, шетел валютасын ұлттық валютаға айырбастау арқылы сатып алады.

Девиздік саясат көбіне валюталық интервенция нысанында жүзеге асырылады. Валюталық интервенция XIX ғасырдан бастап қолданыла бастаған. Алтын монометализмі алынып тасталғаннан кейін валюталық интервенция кеңінен қанат жайды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, жаңа құбылыс ретінде мемлекетаралық валюталық реттеу ұйымдары - ХВҚ, сондай-ақ аймақтық - Еуропалық валюталық институт құрылды (1994 жылы)

*Валюталық резервтерді диверсифкациялау* - бұл халықаралық есеп айырысуларды қамтамасыз ету, валюталық интервенция жүргізу және валюталық шығындардан сақтау мақсатында әртурлі валюталарды қосу жолымен валюталық резервтердің құрылымын реттеуге бағытталған мемлекеттің және банктердің саясаты.

Бұл саясат қарапайым түрде тұрақсыз валюталарды сату және халықаралық есеп айырысулар үшін қажетті тұрақты валюталарды сатып алу жолымен жүзеге асырылады.

Валюталық паритет және валюталық бағам режимі Ұлттық және мемлекетаралық реттеу объектісі болып табылады.

*Девальвация мен ревальвация* - валюталық саясаттың дәстүрлі әдістеріне жатады.

*Девальвация* - ұлттық валютаның бағамын, шетел валюталарына қатынасын төмендету.

*Ревальвация* - ұлттық валюта бағамын, шетел валюталарына қатынасы бойынша жоғарылату.

Валюталық саясаттың келесі бір формасы ретінде валюталық шектеу үздіксіз пайдаланылады.

*Валюталық шектеу* - резиденттер мен бейрезиденттердің, валюталар және басқа валюталық құндылықтармен жасалатын операцияларын заңды түрде немесе әкімшілік түрде тыйым салуы немесе шектеуі.

**Талқылау сұрақтары:**

1. Валюталық жүйе және оның түрлерін атаңыз?
2. Резервтік валюта дегеніміз не?
3. Валюта және валюта бағамы дегеніміз не?
4. Валюталық бағамның қажеттігі неде?
5. Дүниежүзілік валюталық жүйелер эволюциясын қарастырыңыз?
6. Валюталық реттеу дегеніміз не?

7. Валюталық саясаттың қандай нысандары колданылады?
8. Ұлттық және Дүниежүзілік валюталық жүйенің элементтері қандай?

## Негізгі түсініктер

- халықаралық валюталық қатынастар
- ваюталық жүйе
- ұлттық валюталық жүйе
- дүниежузілік валюталық жүйе
- девальвация
- ревальвация
- валюталық паритет
- валюталық шектеу
- валюта
- валюта бағамы
- ұлттық валюта
- валюталық саясат
- құрылымдық валюталық саясат
- ағымдық валюталық саясат
- дисконттық валюталық саясат
- девиздік валюталық саясат
- валюталық интервенция
- валюталық резервтерді диверсификациялау
- валюталардың алмастырылу дәрежесін реттеу.

## Тапсырмалар

*Тест тапсырмалары:*

1. Егер неміс маркасының долларға шаққандағы бағасы (1 марка) 50-ден 45 центке түссе, онда Германияда бағасы 150 маркамен сатылатын магнитафонның құны (доллармен) қалай өзгереді?
A. 15 долларға арзандайды
B. 7,50 долларға өседі
C. Құны 67,5 доллар болады
D. 10 долларға түседі
E. 8 долларға түседі
F. 15 долларға өседі

2. Елдің сауда балансының сальдосы оң болады егер:
A. Таза экспорт оң көрсеткіш болса
B. Экспорт импортқа тең болса
C. Экспорт импорттан асып түссе
D. Импорт артып, экспорт кемісе
E. Таза экспорт теріс көрсеткіш болса

3. Еркін айналым бағамының кемшілігі:
A. Экспорт тұрақты
B. Импорт шектеулі
C. Белгісіздік
D. Ұсыныс тұрақты
E. Бағалар төмендейді
F. Сауданың нашарлауы
G. Сұраныс тұрақты

4. Валюта бағамын белгілеу әдісі:
A. Валюта бағамы
B. Ұзақ мерзімдік валюта бағамы
C. Еркін немесе тағайындалатын валюта бағамы
D. Қысқа мерзімдік валюта бағамы
E. Тағайындалатын валюта бағамы
F. Маусымдық валюта бағамы
G. Уақытша валюта бағамы

5. Валютаның еркін айналым бағамы әдісінің кемшіліктері:
A. Сауда жағдайы
B. Ұлттық валютаны құнсыздандыру
C. Қорлардың соңғы өзгерісі
D. Экспорт көлемін қысқарту
E. Тұрақсыздық
F. Белгісіздік және сауданың нашарлауы

6. Елдің сауда балансының сальдосы оң болады егер:
A. Таза экспорт оң көрсеткіш болса
B. Экспорт импортқа тең болса
C. Экспорт импорттан асып түссе
D. Импорт артып, экспорт кемісе
E. Таза экспорт теріс көрсеткіш болса

7. Еркін айналым бағамының кемшілігі:
A. Экспорт тұрақты
B. Импорт шектеулі
C. Белгісіздік
D. Ұсыныс тұрақты
E. Бағалар төмендейді
F. Сауданың нашарлауы
G. Сұраныс тұрақты

8. Валюта бағамын белгілеу әдісі:
   A. Валюта бағамы
   B. Ұзақ мерзімдік валюта бағамы
   C. Еркін немесе тағайындалатын валюта бағамы
   D. Қысқа мерзімдік валюта бағамы
   E. Тағайындалатын валюта бағамы
   F. Маусымдық валюта бағамы
   G. Уақытша валюта бағамы

9. Валютаның еркін айналым бағамы әдісінің кемшіліктері:
   A. Сауда жағдайы
   B. Ұлттық валютаны құнсыздандыру
   C. Қорлардың соңғы өзгерісі
   D. Экспорт көлемін қысқарту
   E. Тұрақсыздық
   F. Белгісіздік және сауданың нашарлауы

10. Протекционистік сауда саясатының ерекшелігі:
   A. Пайыз мөлшерлемесін өзгертеді
   B. Инвестиция деңгейін төмендетеді
   C. Жалақыны өсіреді
   D. Таза экспорт өседі
   E. Тепе-тең нақты валюта бағамы өседі
   F. Пайыз мөлшерлемесін өзгертпейді
   G. Ұлттық экономиканы қолдау саясаты

*Тапсырма (ашық сұрақ).*

Валюталық жүйенің үш типі бар: ұлттық, дүниежүзілік, аймақтық валюталық жүйелер. Осы валюталық жүйенің үш типтеріне қысқаша сипаттама беріңіз?

*Тапсырма (ашық сұрақ).*

Сіздің ойыңызша, валюталық бағамның қажеттігі неде?

*Практикалық тапсырма (есеп).*

АҚШ доллардың бағамы валюталық биржада айдың бірінші жартысында 20%-ға өсті, ал айдың екінші жартысында 20%-ға түсті. Валюталық биржада бір айда АҚШ доллардың бағамы қалай өзгерді? Жауабыңызды негіздеңіз.

*БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары:*

1. Экономикалық қатынастардың интернационализациясы
2. Нарықтық экономика көшу проблемалары

3. Халықаралық валюталық қатынастар
4. Ұлттық және Дүниежүзілік валюталық жүйе
5. Валюталық паритет және валюталық бағам режимі

**Әдебиеттер:**

1. М.Л. Шилов, Макроэкономика (промежуточный уровень) Часть 1. Курс лекций, Нижний Новгород, 2016.
2. А.А. Фридман, Курс лекций по макроэкономике.
3. Р.М. Кундакчян, И.Ф.Гоцуляк, О.А.Игнатьева, И.И.Абдуллин., Макроэкономика, Учеб. пособие / Казань: Изд-во Казанского ун-та, 2015. – 276 с.
4. Макроэкономика // А.Н. Доғалов, Н.С. Досмағанбетов, Оқулық, Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012 – 416 б.
5. Макроэкономика // Б.М. Мұхамедиев, Р.Т. Дуламбаева, Д.Ж. Рахматуллаева, Оқу құралы, Қазақ университеті, Алматы, 2011 – 220 б.
6. Макроэкономика // Ускенов Н.Қ. (электрондық ресурс)
7. Макроэкономика // Мархаева Б.А. (электрондық ресурс)
8. Қазақстан және ДСҰ: ынтымақтастық жасау проблемалары // Оқу құралы. Төреғожина М.Б. – Алматы: Экономика, 2010. – 153 б.
9. Современное экономическое развитие Казахстана: отраслевые, региональные, внешнеэкономические приоритеты // Монография. Под общ. ред. Б.К. Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011, - 236 с.
10. Макроэкономические проблемы современной экономики Казахстана // Монография. Сейткасимов Г.С., Астана: Изд. КазУЭФМТ, – 2010. – 350 с.
11. Экономикс // Аударма: Л.Ә. Бимендиева, Р.Д. Досжан, Г.К. Иляшева т.б., , 4-халықаралық басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.
12. С.А. Қалтаева, Ғ.З. Успанова, Г.Ж. Байбосынова., Экономикалық теория., Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, 2015.
13. А.Н. Ибраева., Устойчивое развитие и независимость страны., ОО «ИЭЭ», Астана, 2016.
14. litres.ru
15. Econiver.com

Э.С. АЛИМКУЛОВА, Ұ.Р.МАХАНБЕТОВА,

# МАКРОЭКОНОМИКАДАҒЫ ПРОБЛЕМАЛАР

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Кітап Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Тұран» баспаханасында көбейтілген

ОҚУ ҚҰРАЛЫ
Компьютерлік терім мен реттеу
Баспаға 28.11.2018 ж. қол қойылды. Формат 60х84 1/16
Офсетті баспа. Көлемі 9,68 баспа табақ
Тираж 200 экс. № Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті